

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 82-93

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

**Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының эволюциясы және
оны оқытудың әдіс-тәсілдері**

7М01701 – Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша

Давталиева Аружан Танербергенқызы

Қаскелең, 2022

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі
Ph.D, ассистент профессор
Ногайбаева.А

« 19 » 03 2022 ж.



ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша

Орындаған: Давталиева Аружан Танербергенқызы
Ғылыми жетекшісі: С.Д.Жұмақаева п.ғ.к., СДУ проф. Жұмақаева Б.Д.

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
«Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы

Бекітемін
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі
Ph.D. ассистент профессор
Ногайбаева.А
« 07 » 2022 ж.

Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Давталиева Аружан Танербергенқызы
Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті
Тақырыбы: Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының
эволюциясы және оны оқытудың әдіс-тәсілдері

Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген №293-05/46-1 « 26 » 01 2021 ж.
Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі « 01 » 06 2022 ж.

Тапсырмалар мен диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы: Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Бұл диссертациялық зерттеуде қазақ балалар әдебиетінің шығу және даму тарихын толықтай зерделеп, жасөспірімдер образы эволюциясын қарастырып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтайтын боламыз. Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінде барлық сынып бойынша өтетін қазақ әдебиеті сабағындағы балаларға арналған шығармалар мен балалар туралы шығармалардың, қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту тақырыбын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздейміз. Қазақ әдебиеті ғылымында эволюция терминін және оны оқыту тәсілдерін көп кездестіре бермейміз. Десек те, жаңаша өзгерістер енгізіп, оқытудың жаңа әдісін қарастыру арқылы біз бұл тақырып аясында тереңірек зерттеуге тырысамыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сейфуллин С. «Қазақ әдебиеті»;
2. Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі»;
3. Тәжібаев Т. «Жалпы психология»;
4. Жұмақаева Б. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі»;

Тапсырмалар бекітілген мерзім « 21 » 10 2021 ж.

Ғылыми жетекші:

п.ғ.к., СДУ проф. Жұмақаева Б.Д.

Магистрант:

Давталиева Аружан Танербергенқызы

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының эволюциясы және оны оқытудың әдіс-тәсілдері

Жұмыстың құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан (тараушалардан), қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық жұмыстың көлемі: 92 бет, 9 кесте, 1 сурет, 2 диаграмма, 5 тірек-сызба бар, зерттеу барысында 59 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: әдебиет, эволюция, комикс, әдіс, образ, инновация.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде: балалар әдебиетінің қалыптасу тарихы зерделеніп, осы тақырып аясында ғалымдардың зерттеулері негізінде талдау жасалынды. Көптеген ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, бүгінгі әдебиеттің жай-күйі зерттелді. Атап айтсақ, Сейфуллин С. «Қазақ әдебиеті», Ахметов Ш. «Қазақ балалар тарихының очеркі», Тәжібаев Т. «Жалпы психология», Жұмақаева Б. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» және тағы сол сияқты көптеген педагогикалық, әдеби еңбектер қарастырылды. Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясы зерделеніп, кезеңдік өзгерістер мен айырмашылықтарға талдау жүргізілді. Заманауи қазақ жазушыларының образ жасаудағы жаңа тәсілдері талқыланып, кейіпкерлер тұлғасындағы өзгерістер сарапталды. Жасөспірімдер образының эволюциясы салыстырмалы түрде талдау жасаланып, кешегі кейіпкер мен бүгінгі кейіпкердің ерекшеліктері зерттелді. Анықталған жасөспірімдер эволюциясы, балалар бейнесіндегі өзгерістердің бүгінгі оқырманға әсері талқыланды.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде: Жалпы білім беретін мектептерде балалар әдебиетін оқытудың дидактикалық ұстанымдары, сонымен қатар, қазақ балалар әдебиетінің мектеп бағдарламаларында қамтылуы қарастырылды. Одан бөлек, балалар әдебиетін оқыту арқылы жасөспірімдер образының даму эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдері зерделеніп, зерттеу тақырыбына байланысты әдістемелер ұсынылды. Қазақ әдебиетіндегі қандай да бір кейіпкер, қаһарман бейнесін танытуда оқырманның қызуғышылығы маңызды рөл атқарады. Осы орайда, жасөспірімдер образының эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдері ұсынылып, оны қолдану мүмкіндіктері қарастырылды.

Диссертациялық жұмыстың қорытынды бөлімінде: Зерттелген тақырып бойынша жалпылама қорытынды жұмыстары жасалды. Зерттеу жұмысының ашқан жаңалығы мен маңыздылығы талқыланды. Зерттеу нысаны болып отырған шығармалардағы жеткіншектер бейнесіне қатысты жекелеген көркемдік-эстетикалық факторлар сарапталып, жүйеленді. Атап айтқанда:

- Жеткіншектер бейнесіндегі адамгершілік нышандардың қалай көрініс тапқандығы айқындалды. Адамға тән жақсы қасиеттердің нығаюының қозғаушы күші адамгершіліктің қарама-қарсы ұғымдары мен санаттары арасындағы қайшылықтардың аталған шығармаларда қалай көрсетілгеніне талдау жасалды;

- Көркем шығарма кейіпкерінің қалыптасуына қоршаған ортадағы түрлі эстетикалық құбылыстардың да әсер ететіні белгілі. Эстетиканы

жасөспірімдердің дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырудағы рөлі айрықша. Бұл еңбекте балалар бейнесінің сомдалуына түрлі сипаттағы эстетикалық әсердің тигізетін күш-қуаты жөнінде ғылыми ойлар мазмұндалып, соған орай жеткіншектің рухани өсуі және эстетика мәселесіне тұжырымдар ұсынылды;

-Диссертацияда балалар прозасындағы психологизмге мән беріліп, жеткіншек кейіпкердің психологиялық эволюциясына қатысты өзіндік тұжырым жасалды. Образ жасаудың маңызды талаптарының бірі адам психологиясын көркем бейнелеп жеткізу екендігі ескеріліп, бұл мәселенің балалар бейнесін жасауда қандай шешім табуы тиіс екендігі анықталады.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: Эволюция образа подростка в казахской детской литературе и методы его обучения

Структура работы: исследовательская работа состоит из введения, двух глав, заключения и списка использованной литературы.

Объем диссертационной работы: Имеется 92 страниц, 9 таблиц, 1 рисунок, 2 диаграммы, 5 схем, в процессе исследования рассмотрено 59 литературных материалов.

Ключевые слова: литература, эволюция, комикс, метод, образ, инновация

В первой части диссертационной работы: изучена история становления детской литературы, проведен анализ на основе исследований ученых в рамках данной темы. Исходя из мнения многих ученых, было изучено состояние современной литературы. В частности, Сейфуллин С. «Казахская литература», Ахметов Ш. «Очерк истории казахских детей», Тажибаев Т. «Общая психология», Жумакаева Б. «Методика преподавания казахской литературы» и другие. Изучена эволюция подросткового образа в казахской детской литературе, проведен анализ периодических изменений и различий. Обсуждены новые приемы создания образов современных казахских писателей, проанализированы изменения личности героев. Сравнительный анализ эволюции образа подростков, черты характера вчерашнего и характера сегодняшнего. Обсуждена эволюция выявленных подростков, влияние изменения образа детей на современного читателя.

Во второй части диссертационной работы: Рассмотрены дидактические принципы обучения детской литературе в общеобразовательных школах, а также включение казахской детской литературы в школьные программы. Кроме того, были изучены методы обучения эволюции развития образа подростков через изучение детской литературы, предложены методы, связанные с темой исследования. Интерес читателя играет важную роль в изображении любого персонажа казахской литературы. В связи с этим была предложена методика обучения эволюции образа подростков и рассмотрены возможности ее применения.

В заключительной части диссертационной работы: Выполнена общая итоговая работа по изученной теме. Обсуждено новизна и важность исследования. Проанализированы и систематизированы отдельные художественно-эстетические факторы, связанные с изображением подростков в изучаемых произведениях. Особенно:

- Как отражаются нравственные символы в образе подростков. Движущей силой укрепления человеческих добродетелей является анализ того, как в этих произведениях отражаются противоречия между противоположными понятиями и категориями нравственности;

- Известно, что на формирование характера художественного произведения влияют и различные эстетические явления в окружающей среде. Эстетике

принадлежит особая роль в формировании мировоззрения молодежи. Данная работа содержит научные представления о силе эстетического воздействия разной природы на образ детей, в связи с чем предлагает выводы по вопросам духовного роста и эстетики подросткового возраста;

- Диссертация посвящена психологии детской прозы и делает собственные выводы о психологической эволюции характера подростка. Учитывая, что одним из важнейших требований к созданию образа является художественное отображение психологии человека, определяется, как решить эту задачу при создании детских образов.

ABSTRACT

Topic of the dissertation: The evolution of the image of a teenager in Kazakh children's literature and methods and techniques of his education

Structure of dissertation: the research work consists of an introduction, two chapters (chapters), a conclusion and a list of references.

Volume of the dissertation: 92 pages, 9 table, 3 drawing, 2 diagrams, 5 flowcharts, in the process of research 59 the literature is reviewed

Keywords: literature, evolution, comics, method, image, innovation

In the first chapter of the dissertation: the history of the formation of children's literature was studied, an analysis was carried out on the basis of research by scientists within the framework of this topic. Based on the opinion of many scientists, the state of modern literature was studied. In particular, Seifullin S. "Kazakh literature", Akhmetov Sh. "Essay on the history of Kazakh children", Tazhibayev t. "General psychology", Zhumakaeva B. "Methods of teaching Kazakh literature", etc. The evolution of the teenage image in the Kazakh children's literature was studied, analysis of periodic changes and differences was carried out. New methods of creating images of modern Kazakh writers are discussed, changes in the personality of heroes are analyzed. Comparative analysis of the evolution of the image of adolescents, yesterday's character traits and today's character. The evolution of identified adolescents, the impact of changing the image of children on the modern reader are discussed.

In the second chapter of the dissertation: The didactic principles of teaching children's literature in secondary schools, as well as the inclusion of Kazakh children's literature in school programs are considered. In addition, methods for teaching the evolution of the development of the image of adolescents through the study of children's literature were studied, methods related to the research topic were proposed. The interest of the reader plays an important role in the depiction of any character in Kazakh literature. In this regard, a methodology for teaching the evolution of the image of adolescents was proposed and the possibilities of its application were considered.

In the final chapter of the dissertation: The general final work on the studied topic has been completed. The novelty and importance of the study are discussed. Individual artistic and aesthetic factors associated with the depiction of adolescents in the studied works are analyzed and systematized. Especially:

- How moral symbols are reflected in the image of teenagers. The driving force behind the strengthening of human virtues is the analysis of how these works reflect the contradictions between opposing concepts and categories of morality;

- It is known that various aesthetic phenomena in the environment also influence the formation of the character of a work of art. Aesthetics plays a special role in shaping the worldview of young people. This work contains scientific ideas about the strength of the aesthetic impact of different nature on the image of children, in connection with which it proposes conclusions on the issues of spiritual growth and aesthetics of adolescence;

- The dissertation is devoted to the psychology of children's prose and draws its own conclusions about the psychological evolution of the character of a teenager. Given that one of the most important requirements for creating an image is the artistic reflection of human psychology, it is determined how to solve this problem when creating children's images.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	11
1 ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕР ОБРАЗЫ ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІ	
1.1 Балалар әдебиетінің қалыптасу тарихы.....	15
1.2 Қазақ әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясы.....	22
1.3 Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының оқушы оқырмандарға әсері.....	49
2 БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР ОБРАЗЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫН ТАНЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	
2.1 Жалпы білім беретін мектептерде балалар әдебиетін оқытудың дидактикалық ұстанымдары.....	57
2.2 Қазақ балалар әдебиетінің мектеп бағдарламаларында қамтылуы.....	61
2.3 Балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдері және қолдану мүмкіндіктері.....	69
ҚОРЫТЫНДЫ.....	85
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	87

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының эволюциясы және оны оқытудың әдіс-тәсілдері аспектісінде педагогикалық, салыстырмалы-сараптамалық талдау жүргізілді. Зерттеудің басты мәселесі қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының эволюциясын қарастырып, оны оқытудың әдіс-тәсілдерін айқындауға бағытталған. Балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясын зерттеу қазақ әдебиетін оқыту үдерісін тереңірек түсінуге және оны тиімді оқыту жолдарын болжауға елеулі септігін тигізеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Балалардың тәрбиесі мен олардың білімі, сауаттылығы елдің болашағы үшін ең маңызды екені мәлім. Әр халықтың өзіне тән ұттық дүниетанымы, әдеби мұралары, мәдени және рухани өзіндік ерекшелігі болатындығы баршамызға мәлім. Осының қатарында, қазақ халқы әдеби қазынасы мол жұрттардың бірі екендігін айта кеткен жөн. Уақыт өте келе, ауыз және жазба әдебиетімізде, шығарманың әсері, кейіпкерлердің образы, іс-әрекеттерінде де өзгерістер бар екендігін көре аламыз. Бұл ойдың дәлелі ретінде – қазақтың жазба балалар әдебиетін айтсақ болады.

Балалар бейнесінің жасалу, ерекшеліктеріне зер салу қаламгердің шығармашылық лабораториясына бойлауға, қаламгер шеберлігін сараптауға жетелейді. Сонымен бірге бұндай қадам жас оқырманның рухани әлеміне, психологиясы мен эстетикалық талғамына балалар әдебиетінің тигізетін әсерін, қазақ әдебиетінің көркемдік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл мәселе әдебиеттану ғылымы үшін өте құнды деп есептейміз. Елдің, халықтың болашағы балаларға арналғандықтан да, балалар әдебиеті өзінің көркемдік-эстетикалық міндетін айқын атқаруға тиіс. Бұл – дау туғызбайтын ақиқат.

Балалар әдебиетінің бұл міндеті туралы айта келіп: *«Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың өрнектілігі, лириктік сезімталдық, характерлер мен оқиганың динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы аса қажет. Бала ойы абстракциядан гөрі нақтылықты сүйеді»* деген болатын академик С.Қирабаев [2, б. 142].

Ш.Ахметов «Қазақ балалар тарихының очеркі» атты кітабында балалар әдебиетінің алты ерекшелігін атап көрсетеді. *«Балалардың психологиясына зерттеу жүргізгенде, олардың ойлау, түсіну қабілеті әңгімеленіп отырған оқиганың, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін, әсіресе көрнектілігін, өз өмірінің айналасынан алынып отыруын қажет етеді»* делінген [3, б. 57]. Қазіргі уақытта, мектеп бағдарламасында оқытылып жүрген әдеби шығармалар балалардың қызығушылығын оята алады ма? Осы мәселе бойынша зерттеу жұмысын жүргізу аса маңызды. Әдебиет тарихы да қоғам тарихы сияқты кезеңдерден тұратыны, әрбір кезеңнің белгілі бір көркем шығарма жасайтын тұлғалары болатыны белгілі. Бірақ олардың қайсысы талдау жасауға лайықты деген мәселе тиісті көркемдік заңдылықтардан туындауы тиіс. Кез келген зерттеушіні зерттеу объектісі ретінде шығарманың негізгі өлшемдері, көркемдік

табыстары ізденістері қызықтырады. Қазақ прозасы қол жеткізген көркемдік-идеялық табыстарға балалар қаламгерлері де белгілі дәрежеде өзіндік үлестерін қосып отырды. Олар өз дәуіріндегі замана шындығын, жас жеткіншектер бейнелерін көркемдеп жеткізуге тырысты. Осы тұста, белгілі қаламгер М.Әуезовтың *«Бүгінгі ағаның ертеңгі үміті – шәкірт, ұрпақ осыны терең сезіне білуі керек»* [4, б. 365] деген тұжырымы балалар жазушыларының да идеялық бағдаршамы болғаны анық. Сондықтан уақыт тоғысындағы кейіпкерлер образдарының балалар үшін қаншалықты маңызды болғанын естен шығармаған жөн. Демек, бұл орайда да зерттелетін тақырыпқа қатысты тарихи-әдеби шындық толық ашылмай келді. Міне, зерттеудің көкейкестілігі осы айтылған бірсыпыра қордалы мәселелерден туындамақ. Сондықтан бүгінгі таңда әдебиеттегі жеткіншектер бейнесі арнайы зерттеліп, объективті бағасын алуды қажет ететін өзекті мәселе екендігі сөзсіз. Осы орайда, зерттеу жұмысымыздың тақырыбын: *«Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының эволюциясы және оны оқытудың әдіс-тәсілдері»* деп алып, тақырыптың ашылуы барысында оны тереңінен талдамақпыз.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образы эволюциясының теориялық негіздерін айқындау және оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін анықтау. Аталған мақсатқа және ғылыми бблжамға сәйкес мынадай диссертациялық жұмыстың міндеттерін шешу көзделеді:

- Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының эволюциясы және оны оқытудың әдіс-тәсілдерінің теориялық негіздерін айқындау;
- жасөспірімдер әдебиетіндегі негізгі тенденцияларды анықтау және талдау;
- «эволюция», «образ», «индивидуализация» ұғымдарының мәнін нақтылау;
- қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының даму эволюциясын көрсету;
- жасөспірімдер образы эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдерін саралап, оқу үдерісіне енгізу жолдарын қарастыру.

Зерттеу жұмысының нысаны. Мектептегі және жоғарғы оқу орнындағы мектеп бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие үдерісі, қазақ балалар әдебиеті.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясы зерделеніп, кезеңдік өзгерістер мен айырмашылықтарға талдау жүргізілді. Заманауи қазақ жазушыларының образ жасаудағы жаңа тәсілдері талқыланып, кейіпкерлер тұлғасындағы өзгерістер сарапталды. Жасөспірімдер образының эволюциясы салыстырмалы түрде талдау жасаланып, кешегі кейіпкер мен бүгінгі кейіпкердің ерекшеліктері зерттелді. Анықталған жасөспірімдер эволюциясы, балалар бейнесіндегі өзгерістердің бүгінгі оқырманға әсері талқыланды.

Балалар әдебиетінің қалыптасу тарихы зерделеніп, осы тақырып аясында ғалымдардың зерттеулері негізінде талдау жасалынды. Көптеген ғалымдардың

пікіріне сүйене отырып, бүгінгі әдебиеттің жай-күйі зерттелді. Атап айтсақ, Сейфуллин С. «Қазақ әдебиеті», Ахметов Ш. «Қазақ балалар тарихының очеркі», Тәжібаев Т. «Жалпы психология», Жұмақаева Б. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» және тағы сол сияқты көптеген педагогикалық, әдеби еңбектер қарастырылды.

Жалпы білім беретін мектептерде балалар әдебиетін оқытудың дидактикалық ұстанымдары, сонымен қатар, қазақ балалар әдебиетінің мектеп бағдарламаларында қамтылуы қарастырылды. Одан бөлек, балалар әдебиетін оқыту арқылы жасөспірімдер образының даму эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдері зерделеніп, зерттеу тақырыбына байланысты әдістемелер ұсынылды. Қазақ әдебиетіндегі қандай да бір кейіпкер, қаһарман бейнесін танытуда оқырманның қызуғышылығы маңызды рөл атқарады. Осы орайда, жасөспірімдер образының эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдері ұсынылып, оны қолдану мүмкіндіктері айқындалды.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. жұмысқа қойылған міндеттерді шешу үшін төмендегідей әдістер қолданылды:

- теориялық әдістер: жүйелеу әдісі, сараптау әдісі, анықтау және талдау әдісі;

- педагогикалық әдістер: салыстырмалы-салғастырмалы талдау, жеке образдық талдау, тақырыптық-идеялық және шығармашылық талдау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қамтылған материалдары мен көтерілген мәселелердің көкейкестілігіне және ұсынылған ойларының сонылығына байланысты. Соңғы ширек ғасырдан астам уақыттағы балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесі тұңғыш рет кең көлемде жалпы әдеби процеспен, зәру мәселелермен сабақтастырыла қарастырылып отыр.

Зерттеу нысаны болып отырған шығармалардағы жеткіншектер бейнесіне қатысты жекелеген көркемдік-эстетикалық факторлар сарапталып, жүйеленді. Атап айтқанда:

- Жеткіншектер бейнесіндегі адамгершілік нышандардың қалай көрініс тапқандығы айқындалды. Адамға тән жақсы қасиеттердің нығаюының қозғаушы күші адамгершіліктің қарама-қарсы ұғымдары мен санаттары арасындағы қайшылықтардың аталған шығармаларда қалай көрсетілгеніне талдау жасалды;

- Көркем шығарма кейіпкерінің қалыптасуына қоршаған ортадағы түрлі эстетикалық құбылыстардың да әсер ететіні белгілі. Эстетиканың жасөспірімдердің дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырудағы рөлі айрықша. Бұл еңбекте балалар бейнесінің сомдалуына түрлі сипаттағы эстетикалық әсердің тигізетін күш-қуаты жөнінде ғылыми ойлар мазмұндалып, соған орай жеткіншектің рухани өсуі және эстетика мәселесіне тұжырымдар ұсынылды;

- Диссертацияда балалар прозасындағы психологизмге мән беріліп, жеткіншек кейіпкердің психологиялық эволюциясына қатысты өзіндік тұжырым жасалды. Образ жасаудың маңызды талаптарының бірі адам психологиясын көркем бейнелеп жеткізу екендігі ескеріліп, бұл мәселенің балалар бейнесін жасауда қандай шешім табуы тиіс екендігі анықталады.

Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясы зерделеніп, кезеңдік өзгерістер мен айырмашылықтарға талдау жүргізілді. Жасөспірімдер образының эволюциясын салыстырмалы түрде талдау жасаланып, кешегі кейіпкер мен бүгінгі кейіпкердің ерекшеліктері зерттелді. Қазақ әдебиетіндегі қандай да бір кейіпкер, қаһарман бейнесін танытуда оқырманның қызуғышылығы маңызды рөл атқарады. Осы орайда, жасөспірімдер образының эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдері ұсынылып, оны қолдану мүмкіндіктері қарастырылды.

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланымдар.

- «XX ғасыр қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер бейнесі», 2021 International Young Scholars' Conference С. Демирел атындағы университеті. Қаскелен, 2021;
- «Қазақ балалар әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы идеялық даму ерекшеліктері», Suleyman Demirel University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods, 2022.

Жұмыстың құрылымы. магистрлік диссертация кіріспеден, екі тарау, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕР ОБРАЗЫ ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

1.1 Балалар әдебиетінің қалыптасу тарихы

Президентіміздің 2022 жылғы халыққа үндеуінде балалардың болашағы жайлы баса айтып кеткен болатын: *«Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек»* -деп, осы ретте балаларға айрықша назар аудару керектігін жеткізді. *«Балалар - мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз»*, -деді Қасым-Жомарт Тоқаев [1]. Осыған орай, қазіргі таңда балалар әдебиетіне қатысты көптеген конференция, симпозиум, яғни, іс-шаралар белсенді өтіп жатыр.

Жасөспірім образының эволюциясын анықтауда, тек балаларға арналған туындылар емес, жасөспірім образы айқын көрінетін шығармаларды да талдау керек. Балалар әдебиетін, әдебиеттанудың арнайы бір саласы ретінде қарастырсақ та артық етпейді. Балалар әдебиетіндегі шығармалар сюжеттің шытырман оқиғаға толы, қызықты, тілі жеңіл келуімен ерекшеленді. Балалардың назарын бірден баурап алу үшін, оқиғалар көркем келеді. Балалар әдебиетінің негізгі мақсаты: балалардың патриоттық сезімін оятып, сыйластыққа, жақсы қасиеттерге баулу. Х.К.Андерсеннің ертегілері, М.Твен, Ж.Верннің, Д.Дефонның, Дж.Свифтін В.Скоттың романдары және тағы басқа қаламгерлердің шығармалары балалардың сүйікті кітаптарына айналған.

Қазақ әдебиетінің өскелең бір саласы – ол балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті басында жалпы әдебиетпен қатар дамып, толысып отырды. XIX ғасырда өзінің ерекшелігімен дербес пән ретінде қарастырыла бастады. Кеңес дәуірінде балалар әдебиеті тәлім-тәрбие мен білім ошағына айналды. Қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан рухани іргелі сала. Қазақта «Балалар әдебиеті» деген ұғым XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына дейін бола қойған жоқ. Оған қарап, қазақта балаларға арналған рухани қазына мүлдем жасалмаған екен деп ойлауға болмайды. Қазақтың бай ауыз әдебиеті, халық әдебиеті, ақын, жыраулар поэзиясының бәрі тұнып тұрған балалар әдебиеті. Ал, балалар әдебиетінің жіктелуі, салаланып дамуы, сараланып сөз бола бастауы XX ғасырдың отызыншы жылдарынан басталады.

Егер, фольклор балалар әдебиетінің алтын бесігі болса, «Әліппе» мен «Букварь» балалар жазба әдебиетінің негізі болды дер едік. Балалар әдебиетінде оптимизм басым, уайым-қайғы көп кездеспейді. Балалар әдебиетіндегі негізгі қасиеттердің бірі – келер ұрпақты батыл, білім нәрімен сусындаған, өнеге тәрбие беретін батыр, адал адамдардың образын жасау.

«Өнер алды қызыл тіл» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, балалар әдебиетіндегі негізгі мәселенің бірі – тіл. Балаларға арнап шығарма жазғанда, тілге шешен, сауатты болу аса қажет. Балаларға арналған шығармалардың тілі, ең алдымен, ана тілін жетік білуге, жүйелі, әрі қисынды сөйлеуге, әсіресе, өзінің ана тілін сүйуге тәрбиелеуі керек.

1920 жылдардан кейін қазақ балалар әдебиеті жөнінде де сыншылар мен зерттеушілер, ғалымдар мен ақын-жазушылар және мұғалімдердің ықыласы ерекше болды. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері жайында әр кезде алуан түрлі пікірлер айтылды. Бұл ретте С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, М.Әуезовтің, С.Ерұбаевтың, С.Мұқановтың еңбектерін атап өтуге тиіспіз. С.Сейфуллин өзінің «Жұмбақ айтысу», «Жаңылтпаш», «Балалар ойыны», «Жастық ойын, күлкі өлең тақпақтары» деген еңбектерінде бастан аяқ балалар ауыз әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар жасаған. І.Жансүгіров 1927 жылы жарық көрген «Өтірік» атты жинаққа жазған алғы сөзінде: *«Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады»* — деп түйіндеген [5]. М.Әуезовтің «Өр жылдар ойлары», «Ертегілер» деген ғылыми еңбектерінде балалар әдебиетінің арғы төркіні халықтық шығармалар екенін дәлелдеді. Педагогикалық, психологиялық тұрғыдан алып қарағанда да, жасөспірімдердің арасында көп ерекшеліктер бар. Мысалы, бес жастағы бала мен он жастағы баланың ойы, дүнитанымы, көзқарасы бірдей емес. Сондықтан, балалар әдебиетін өз ішінде бірнеше салаға жіктеуге болады.

Қазақ балалар әдебиеті дегенде ойымызға бірден келетін, әрине, Ыбырай Алтынсарин. ХІХ ғасырда қаланып бастаған балалар әдебиеті ХХ ғасырда С.Дөнентаев, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, Т.Жомартбаев туындылары арқылы дамыпды. Жиырмасыншы жылдардың аяғында І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Ө.Тұрманжанов секілді қаламгерлердің тікелей балалар әдебиетімен шұғылдануы – балалар әдебиетіне көңіл аудара бастағанын аңғартады.

Қазақта балалар ауыз әдебиетін бірінші жинап, құрастырып «Қазақ хрестоматиясы», «Мактубат» атты еңбектеріне кіргізіп, басып шығарған Ыбырай Алтынсарин еді. Бұл кітаптың алғашқы бөліміне өлеңдер мен балаларға арналған қысқа әңгімелер және ертегілер енгізілген. Ыбырай Алтынсарин тек балалар ауыз әдебиетін жинаушы ғана емес, одан бөлек қазақ балалар жазба әдебиетінің атасы. Оның балалар әдебиетіндегі негізгі талап – тілі жеңіл, мазмұнды, көркем, тәрбиелік мәні бар шағын әңгімелер жазылуы. Бірте-бірте қазақтың алдыңғы қатардағы оқыған азаматтары, педагогтары қазақ балалар ауыз әдебиетін жинаумен шұғылдана бастады. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген оқытушы Спандияр Көбеев 1910 жылы бастырып шығарған «Үлгілі тәржіме» және 1912 жылы бастырып шығарған «Үлгілі бала» кітаптарына балалар ауыз әдебиетінен өлеңдер, ертегілер және Қожанасыр әңгімелерін

енгізген. Тайыр Жомартбаевтың 1912 жылы шыққан «Балаларға жеміс» деген кітабында да балаларға арналған көп туындылар бар.

Орыс халқының балалар әдебиетіне үнілген себебіміз, қазақ балалар әдебиетімен тағыз байланысты. Олай дейтініміз, мектеп бағдарламасындағы оқулықтарда балаларға арналған шығармалардың дені орыс әдебиетінен алынған. Мысалы, А.С.Пушкиннің «Иван Сергеевич и серый волк» ертегісін білмейтін бала жоқ шығар.

В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов балалар әдебиетінің дамуына жол ашып берді: *«Балалар кітаптарының мақсаты балаларды белгілі бір іспен ғана шұғылдандыру емес, оларды бұзық әдеттерден, бұзық бағыттан алдын ала сақтандыру ғана емес, сонымен қатар оларға табиғаттың берген адамгершілік рух элементтерін: сүйіспеншілік сезімін, шексіздікті сезінуін дамыту болады. Балаларға әр алуан мінез-құлықтары, әдет-ғұрыптары, ұғымдары, нанымдары бар адамзат ұрпақтары мен қоғамдарын көрсету керек. Ал ол үшін балаларға арнап бүкіл дүниеге, бүкіл табиғатқа жан беріп, меңіреу тасты да, қырдың қылтамағын да, сарқыраған бұлақты да, майда қоңыр желді де, жер үстінде ұшып жүрген көбелекті де сүйіспеншілік тілмен, өмір тілімен сөйлету керек»* – деді В.Г.Белинский [6]. Кеңес шындығының негізінде пайда болған балалар әдебиетінің алға қойған міндеттері – жасөспірімдерді кеңестік патриотизмге, коммунистік моральға, интернационалдық бірлікке, еңбекке, коммунистік көзқарасқа және адамгершілікке деген ізгі қасиетке баулу. Және кеңес балалар әдебиеті теориясын дамыту жайында айтылған М.Горький еңбектерінде социалистік құрылыстар тақырыбына және бұл жолдағы ірі табыстарымыз жайында жазылған көркем әдебиеттер мен еліміздің көрнекті озат адамдарының өмірі жайлы жазылған шығармаларға көп көңіл бөлінген. Балалар әдебиеті алдына жаңа міндеттер қойылды. Бұл жөнінде М.Горький былай деген еді: *«Біздің елде балаларды тәрбиелеу дегеніміз – балаларды революциоландыру, яғни баланың ой-пікірін ата-бабалардың өткен замандарда ұялаған үйреншікті ойынан, оның адасуынан азат ету деген сөз»* [7].

Ш.Ахметов «Қазақ балалар тарихының очеркі» еңбегінде балалар әдебиетінің алты ерекшелігін атап өтеді. Қысқаша тоқталып өтетін болсақ, алдымен, балалардың психологиясына зерттеу жұмысын жүргізгенде, олардың түсіну, қабылдау қабілеті айтылып отырған әңгіменің, көркем образдың нақтылығын, көрнектілігін, өзін қоршаған ортасынан суреттелуін қажет етеді. Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың сезіміне әсер ететін мағыналы сөздер жазылуы керек. Психологиялық тұрғыдан балалар алдымен әңгіменің динамикасына, яғни, сюжеттегі шиеленіс, оқиғаның өрбуіне болуына қызығады. Балалар үшін оқиғаның тағы бір маңызды тұсы – пейзаж, көркем, эстетикалық суреттеуді ұнатады. Эстетикалық тәрбие көбіне ақыл тәрбиесімен тығыз байланысты. Сұлулыққа бейімдеу, баланың көркемдік талғамын арттыра түседі. Ұлы қаламгерлер жасаған туындылардан өздеріне керегін түртіп алып, рухани дамуына себеп болады. Одан бөлек, *«Сөз - әдебиеттің негізгі материалы. Біздің барлық әсерімізді,*

ойымызды көркем түрге келтіретін – сол. Әдебиет – сөз арқылы сұлу суреттелетін өнер» деген М.Горький [8, б. 20-21]. Балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың тағы бірі – тіл мәселесі. Балалар әдебиетінің тілі барынша түсінікті, көркем, әсерлі болуға тиісті.

Ұлы Отан соғысы тақырыбында жазылған Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы, С.Бақбергенновтің «Талғат» повесі мен М.Хакімжанованың «Мәншүк» поэмасы толықтай балаларға оқуға ыңғайлы шығармалар деп айтсақ қате емес. Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған Талғаттың, Қайырғалидың, Мәншүктің, Әлияның ерлік, батырлық образдары, жасөспірімдерге ерекше әсерлі, олардың сүйікті кейіпкерлері.

Балалар әдебиетінде жағымды кейіпкерлер образын жасау, оқушыны жақсыны үлгі етуге, еңбекқорлыққа, төзімділікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Қазан революциясынан кейін, әдебиетте жаңа образдардың тууы, жасөспірімдерді тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды. *«Балалар әдебиетіне араласатын автор әр алуан жастағы оқушылардың барлық өзгешеліктерін ескеруге тиіс. Бұлай етпеген күнде оның кітабы балаға да, үлкенге де керексіз, иесі жоқ кітап болып шығады»* деп ескертеді Максим Горький [9, б. 363]. Ол ең алдымен, тәрбие құралы ретінде балалар әдебиетін негізгі құрал екендігін айтып өткен. Балалар әдебиеті ғылыммен, тәрбиемен тығыз байланысты болуын талап етті. Әртүрлі тақырыпта жаза білу үшін қаламгер ең алдымен білімді, талантты, тіл көркемдігін игерген шебер болуға тиіс.

Жасөспірімді оң жолға салып, сол үшін тәрбие және оқу құралы болатын – балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті – жастарың сана-сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Балалар әдебиетінің мақсаты – оқушыларға әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге тәрбиелейді. Оның болашағына жарқын жол ашады, бағыт-бағдар береді. Балалар әдебиеті – әрбір халықтың мықтап қаланған іргесі тасы, елдің рухани ахуалын балалар әдебиетінің дамуымен өлшеу қажет.

Балалар әдебиетінің жіктелуі XX ғасырдың 30-шы жылдарынан басталды. І.Жансүгіров 1931 жылы жазған «Мен қалай жаздым?» мақаласында *«Бізде балалар әдебиеті жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бір ойым осы әдебиеттің бізде жасалуына көмектесу еді»* деген [10, б. 13]. С.Ерубаев «Балалар әдебиетін жасайық» деген мақаласында мектепте оқитын жүз мыңдаған оқушылардың балалар әдебиетіне шөліккеп отырғандығын айтады. Б.Бұлқышевтің Қазақстан Жазушыларының II съезі қарсаңында жазылған «Балаларға жақсы кітаптар керек» мақаласында балалар әдебиетіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқандығы айтылады. С.Ерубаевтың аталған мақаласынан балалар әдебиетін ересектер әдебиетінен дараландырып тұратын сипаттарға сол тұстағы қазақ қаламгерлерінің назарын аудармақ болған мақсатын байқағандаймыз. Демек, балалар әдебиеті қай кезде болмасын аса маңызды, балалардың, жасөспірімдердің рухани дамуына үлкен септігін тигізетін оқу құралы. Қандай тақырыпта болмасын, балалар әдебиетінің басты кейіпкері баланың өзі болуға тиіс.

«Лениншіл жас» газетінің 1934 жылғы 29 мамырда шыққан санында бұрынғы Әулиеата қаласының бір мектебі оқушыларының «Бізге көркем жазылған жақсы, қызық балалар кітабы мен ойын, өлең, әңгімелер керек» деген ашық хаты басылады. С.Ерубаевтың *«Осы уақытқа дейін біздің қазақ жазушылары балалармен сөйлесуді, өмірімен танысуды, балалардың пікірін білген емес. Бірақ қазақ пионерлері жазушылар бастамаса өздері бастады. Ендігі міндет – пионер қойған тілекті орындауда»* [11]. Байқағанымыздай, балаларға арналған көркем әдебиет қашанда керек болған, әлі де керек. Үлгі боларлық көркем әдебиет кейіпкерлерінің образы балаларды отансүйгіштікке, еңбекке баулиды, көркем-эстетикалық талғамын жоғарылатуға көмек береді.

“Ойлап, түпкі маңызына жете түсініп алмай, кешігіп қаламыз деп шалағай жазсақ, әрине, қарқын мен сапаны бір-біріне қарсы қойған боламыз. Құрылыстан қалмау үшін, құр қалмады деген атақ алам деп жылдам қосылу жақсылыққа жеткізбейді, қарқынмен қабат мәселені жете түсініп, ойланып, маңызды қылып жазу керек”-деп С.Ерубаев айтқандай [11, б. 361], балаларға арнап шығарма жазбас бұрын, жазушы іштей дайын болуы қажет, жазылған ойды бірден қағып алатын балаларға, шығарманы әр сөзді ой елегінен өткізіп, талдап жазуды керек етеді. Себебі, балалар әр нәрсеге әуестенгіш, әсерленгіш келеді.

Б.Бұлқышевті қынжылтатын ‘жайт – сыншылар сынайтын балалар әдебиетінің жоқ екендігі. *«...біздің ақын-жазушыларымыз балалар әдебиетіне көңіл бөліп, балалардың тілегіне сай жақсы, қызықты шығармалар алмай келеді»*- дейді Баубек Бұлқышев [12]. Балалар әдебиетіне қатысты жақсы туынды талап ету қажет әрі заңды екендігін айтып өткен. Сонымен, Баубек Бұлқышевтің ізденісі өткеннен бастау алған және өзге ел мәдениеті мен әдебиеті дәстүрінен үлгі алған сапада ғана емес, жаңашылдыққа бой алдырған сапада да жемісті болды.

Балалар әдебиеті жайында жазылған сын-мақалалар, әсіресе, Отан соғысы жылдарынан кейін кең қанат жайды. М.Ғабдуллин өзінің оқу құралында халық ауыз әдебиетінің кейбір жанрларында балалар фольклорына жататын мұралар барын атап өткен. Қазақ балалар әдебиетінің әр түрлі жанрлары жайында С.Қирабаевтың, Ә.Тәжібаевтың, А.Нұрқатовтың, С.Сейітовтің, Ә.Дербісәлиннің, С.Ордалиевтің, Б.Сахариетің, Н.Ғабдуллиннің мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды. Аталмыш салада ойлы пікір айтқан ғалымдар мен қаламгерлер қатарын кейінірек Б.Ысқақов, Қ.Мырзаәлі, Ә.Табылдиев, З.Серікқалиев, Е.Елубаев, С.Қалиев, Қ.Ергөбек, Б.Сарбалаев, Б.Ыбырайым, Ә.Бөпежанова және тағы басқалар құрады. 60-70 жылдар аралығында Ш.Ахметовтің қазақ кеңес балалар әдебиетін зерттеген еңбектері жарық көрді. Осы тұста, балалар әдебиетінің зерттелуі бірте-бірте дамып, жаңа белестерге көтеріліп келе жатқанын аңғарамыз.

С.Қирабаевтың «Қазақ кеңес балалар әдебиетінің кейбір мәселелері», Ә.Тәжібаевтың «Жас ұрпаққа жақсы әдебиет жасайық», А.Нұрқатовтың «Балаларға арналған шығармалар туралы», С.Сейітовтің «Ілияс Жансүгіровтің балаларға арналған шығармалары», Ә.Дербісәлиннің «Қазақ балалар әдебиеті

жайында бірер сөз», С.Ордалиевтің «Балалар драматургиясының кейбір мәселелері», Б.Сахариеттің «Балалар әдебиетінің тәрбиелік мәні», Н.Ғабдуллиннің «Орынсыз сөз ойландыра болар» деп аталатын мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды. Ақын Қ.Мырзаәлінің «Сөз сиқыры» сын кітабы, К.Матыжанның қазақ балалар фольклоры, Б.Ыбырайымның қазақ балалар әдебиеті жайында жазған еңбегі, Қ.Ергөбек құрастырған және жазған «Мейірім шуағы», «Сөзстан», «Қазақ кеңес балалар әдебиеті», «Арыстар мен ағыстар» (1-том) кітаптарын айтуға болады. Бұл салада айтулы еңбектер аз болуы қазақ балалар әдебиетінің әлі де болса зерттелмеген тұстары жетерлік екендігін байқатады.

Балалар әдебиеті жайында балалар жазушысы Қастек Баянбай былай дейді: *«Балалар әдебиеті барша әдебиеттің бастауы болуы керек. Балалар әдебиетіне қатынаспаған жазушылар жақсы дүниелер тудыруы мүмкін. Бірақ балалар әдебиетін парақтамаған жазушының бір кемшілігі сезіліп тұрады. Горькийдің балалар жазушысы өзге жазушылардан да сапалы жазуы керек дейтін сөзі бар. Шынында әдебиеттің қайнар бастауы, әрі балаларды әдебиетке әкелетін шығармалардың сапасыз болуға хақысы жоқ»* [13]. Себебі, балаларға сапалы, тілі жеңіл, мағыналы шығармалар аса қажет. *“Балалар әдебиеті меніңше, барлық әдеби., мәдени ой-санамыздың қалыптасуына тұңғыш ықпал ететін бастау дер едім. Әдебиеттің бастауы фольклор десек, осы фольклордың негізі бесік жырынан басталады. Тақпақ, санамақ, өтірік өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш мұның бәрі үлкен әдебиетке жол салатын балалар әдебиетіне жатады.”* - дейді Е.Өтетілеуұлы [13]. Шынында, балалар әдебиеті үлкен әдебиетке апаратын негізгі баспалдақ, іргетасы десек болады.

Ұлы Октябрь революциясынан соң, балалар ауыз әдебиетін зерттеуге, жинауға мұқият назар аударылып, оны оқыту жұмысы айрықша қолға алынды. 1926 жылы еңбек мектептерінде әліппеден соң өтілетін «Балаларға тарту» деген оқу құралы жасалды. 1927 жылы Ілияс Жансүгіров Мәскеу қаласында «Ел әдебиетінен жинақ» деп балаларға арналған «Өтірік» атты кітап басып шығарды. 1932 жылы Сәкен Сейфуллин құрастырған «Қазақ әдебиеті» деген оқу құралына бесік жырынан бастап, балалар ауыз әдебиетіне жататын көптеген шығармалар енгізілген. 1956 жылы «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» жарық көрді.

М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі, Ө.Тұрманжановтың «Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар» поэмасы, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесі қазақ балалар әдебиетіндегі табысты туындыларға айналды. Қазақ ақын-жазушылары аталған шығармаларымен әлемдік балалар әдебиетінің образдық галереясын жаңалап, жанрлық байлығын толықтыра түсті деп айта аламыз. С.Мұқанов, Ө.Тұрманжанов, С.Бегалин, С.Омаров шығармаларынан ХХ ғасыр басындағы, сол жылдардағы балалар өмірін табамыз. Бертінде Б.Соқпақбаев, С.Бақбергенов, Н.Серәлиев, О.Сәрсенбаев, М.Мағауин, М.Қаназов Отан соғысы жылдарындағы балалардың ауыр тағдырын бейнеледі. Әдебиетке жаңа буын келді. Олар әдебиеттегі кейіпкерлер образын жаңалады. Әр жаңа буын әдебиетке өз тағдырын алып келді. Өкінішке орай, қазақ балалар

әдебиетіне назар түрлі себептермен бәсеңдеп, біраз мәселе шешу жолынан жаңылып қалды. Балалар әдебиетінің ендігі жағдайы жеке таланттар еркінде қалды. Солай дей тұрсақ та, қазақ балалар әдебиетінің өзіндік қызықты тұстары, түрлі мәселелері бар. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті – орыс тілі арқылы әлем халықтары тіліне аударылып, жұрт назарын жете аударып жатпаса да, өз тілінде недәуір ілгеріліп дамыған әдебиет.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін қазақ балалар әдебиетіне сыншылар мен зерттеушілер, ғалымдар мен ақын-жазушылар және мұғалімдер жете зерттеу жұмыстарын жүргізді. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері туралы әр кезеңде әртүрлі ой-пікірлер жазылды. Бұл ретте С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтың, М.Әуезовтың, С.Ерубаевтың, С.Мұқановтың еңбектерін атап өтуге міндеттіміз.

С.Сейфуллин «Жұмбақ айтысу», «Жаңылтпаш», «Балалар ойыны», «Жастық ойын, күлкі өлең тақпақтары» деген еңбектерінде толықтай балалар әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар, зерттеулер жүргізген. *«Жұмбақ айтысу-хат жазу білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз әлінше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп беретін, тәрбиелейтін, тілін шеберлейтін, сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді болған»* дейді [14, б. 129]. Сәкен Сейфуллин балалар ауыз әдебиетін әрі жинаушы, әрі зерттеуші болды.

М.Әуезов «Әр жылдар ойлары», «Ертегілер» деген ғылыми еңбектерінде балалар әдебиетінің бастауы халықтық шығармалар екендігін дәлелдеді. Бұл жөнінде М.Әуезовты балалар әдебиетінің тарихы туралы тұжырым жасаған ғалым деуге болар еді. С.Көбеевтің жасөспірімдерге арналған «Үлгілі бала» атты кітабы жөнінде 1939 жылы С.Мұқанов әсіресе «Жетім» деген өлеңнің қатты әсер еткенін атап өткен.

Балалар әдебиеті жайындағы сын пікірлер, әсіресе, Ұлы Отан соғысынан кейін өріс алды. Академик М.Ғабдуллин өзінің жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралында балалар фольклорына жататын шығармалар көп екенін айтып өтті. Қазақ балалар прозасының тарихы, жекелеген жанрларының көркемдік ерекшеліктері, әңгіме, повестердегі тілі, проблематикасы әдебиеттануымызда аз да болса зерттелді. Бұған қоса жекелеген қаламгерлердің творчествосы туралы сын-зерттеу мақалалар жарияланып келеді. Мұндай ізденістер арқылы балалар әдебиетінің жекелеген қырлары талданған нақты шығармалар негізінде айқындалып, жаңа көркемдік, ғылыми байыптаулар жасауға жағдай жасалып отыр. Әсіресе, балалар әдебиетінің жан-жақты зерттелуі, шетел ғалымдарының бұрын жабық жатқан пікірлерінің бізге жетуі, әдебиетті идеологиялық құралға айналдырмай, объективті, табиғи көркемдік талаптарымен үйлестіре талқылау, сондай-ақ жеке адамның тірлігін жалпақ елдің тағдырымен сабақтастыра қарауға қолайлы атмосфераның жасалуы бүгінгі балалар әдебиетінің, әрі жалпы балалардың көркемдік танымы мен табиғатын, соған қатысты мәселелерін тұтас халықтың, ұлттың рухани дамуы мен ортақ әдеби контексте қарастыруға мүмкіндік берді, әрі тарихи-ғылыми қажеттілікті аңғартты. Өйткені көркемдік әлеміндегі

мәселелер бері салғанда, бір елдің аумағында, ары кетсе, дүниежүзілік көлемдегі көкейкесті әрқилы концепцияларға ұласып жататыны сөзсіз. Міне, сондықтан да мемлекетіміздің алдында келешек концепцияларымызды анықтау, концептуалды бағдарламамызды жасау міндеті қойылып отыр. Өйткені қоғамда да өзінің өмір сүру жағдайын жақсартуға, өзінің өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жүрер жолы мен барар жерін айқындауға мүдделі. Ендеше, қашанда, қай қоғамда да қоғамдық ғылымдар саласындағы басты міндет – рухани өмірге мүмкіндігінше игі де жедел ықпал жасау. Болашағымызды бағдарлауда мәні айрықша, әрі келешек келбетіміздің оңды сипатта қалыптасуына зор әсер ете алатын осынау талаптар үдерісінен шығу үшін әдебиеттің көркемдік ерекшеліктерін зерттеуді тек әдеби жанрлар сипатын саралаумен шектеуге болмайды. Әдеби процесті бүгінгі күннің толғақты, әлеуметтік-этникалық мәселелерімен тығыз байланысты, нақты мысалдар келтіре отырып, бажайлап зерттемейінше, осы процеске, жалпы мәдени-рухани өрлеуге игі әсер ету мүмкін емес.

1.2 Қазақ әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясы


Әдебиеттегі көркем образ жасау мәселесі ешқашан шешімін тауып көрген жоқ, уақыт өткен сайын тың жаңалықтарды көлденең тартып отырады. Академик Р.Бердібаевтың: *«Қазіргі қазақ прозасында замандас тұлғасын жасау аса күрделі, терең зерттеулерді қажет етеді. Бұл үшін жекелеген шығармаларды нақтылы талдау да, проза дамуының жалпы тенденциясын ашу да шарт»* деген пікірі осы тұжырыммен дәл келеді [15].

Образ ұғымына байланысты айтылған пайымдаулар қашанда күрделі болуымен көңіл аударған. Филология ғылымдарының докторы Т.Рахымжановтың *«Кең мағынасында образ – көркем бейне деген түсінікті берсе, тар мағынасында образдылық сөзбен жасалған сурет деген ұғымға саяды. Яғни, әдебиет бастан-аяқ образбен, суретті сөзбен айшықталатын, сол арқылы, толымды картинка жасайтын көркем құбылыс»* деп айтқан бұл тұжырымы балалар әдебиетіне де толықтай сай келетіні сөзсіз [16].

Ең алдымен «эволюция» терминінің мағынасына үңілейік. «Эволюция» деген сөз латынша «evolutio» — «тарихи даму, өзгеру, өрлеу» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде эволюция терминін көптеген ғылым салаларында кеңінен қолданады. Эволюция ұғымы — уақыттың өтуіне байланысты дамудың бастапқы қалпынан бірте-бірте күрделене түсуі деген ойды білдіреді. Демек, біздің зерттеу жұмысымызда қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер бейнесіне шолу жасап қана қоймай, кейіпкерлер образының эволюциясын талдауға тырысамыз.

Әдебиет те заманға қарай өзгеріп отырады, Әр дәуірде, сол уақыттың жағдайы, тұрмыс-тіршілігі, маңызды оқиғалары көркем әдебиеттен көрініс табады. Қандай тақырыпта жазылған шығарма болмасын, көркем туында жазылған уақыттың оқиғаға ықпалы мол. Көркем әдебиеттің негізгі нысаны –

адам. Тақырыбы сан алуан шығармалар, яғни, Ұлы Отан соғысы тақырыбында, ауыл тіршілігі, тың игерушілер туралы шығармалар дүниеге келіп жатса да, негізгі нысан адам болып қала бермек, кейіпкер образы, оның іс-әрекеті, мінез-құлқы кез келген шығарманың негізгі бөлігі.



1-тірек-сызба. Кешегі бала мен бүгінгі бала образы

Біздің зерттеу жұмысымыздың аясында қазақ балалар әдебиетіндегі кешегі мен бүгінгі бала бейнесін талдауға тырысамыз. Қазақ әдебиетінің бастау алған балалар шығармасы мен қазіргі заманғы балалар әдебиетінің арасындағы ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, қандай өзгеріске ұшырағанын салыстырамыз (1-диаграммаға сәйкес).

Қазақ балалар әдебиетін бес негізгі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. Қазақ кеңес балалар әдебиетінің дамуының алғашқы кезеңі;
2. Ұлы Отан соғысы кезіндегі балалар әдебиеті;
3. Соғыстан кейінгі жылдардағы балалар әдебиеті;
4. Кеңес дәуіріндегі балалар әдебиеті;
5. Қазіргі кезеңдегі балалар әдебиеті.

Кез келген өнер туындысының қалыптасу тарихына үңілсек барлық заман көрінісін байқауға болады. Тек қана әдебиет емес, басқа да өнер саласын алып қарасақ та заман келбеттерін көресің. Демек, тарих толқынындағы кезеңдік оқиғалардың көрінісі әрбір салада өзінше қалыптасады. Сол заманның келбетін шығарма кейіпкерлері арқылы бейнелейтін сала – әдебиет. Кез келген шығарманы оқу арқылы кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үңіліп, оның үнін естиміз. Келесі кезекте, тақырыпты ашу үшін зерттеу нысандарына да үңілген жөн. Жасөспірімдер образының эволюциясын анықтау үшін біздің зерттеуде жоғарыдағы кезеңдерді шығармалар арқылы бөліп көрдік. Нысаны ретінде бірнеше шығармалар кейіпкерлеріне талдау жасап көрейік.

Қазақ халқы ежелден жетім-жесірін қорғап, жебеп жүрген халық. Бұған «Жетім көрсең, жебей жүр» деген нақыл дәлел десек қате айтпаймыз. Жетімдер туралы шығармалар жазған – Мұхтар Әуезов, Оралхан Бөкей, Сайын Мұратбеков, Бердібек Соқпақбаев сынды қаламгерлеріміз әр замандағы қорғансыз қалған жандардың образын туындыларына арқау етті. Қазақ қоғамындағы жетімдер тағдыры туралы көптеген әңгімелер, хикаяттар бар.

- М.Әуезовтың «Жетім» әңгімесі. Кейіпкері – Қасым [17];

- С.Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесі. Кейіпкері – Аян [18].

Кейіпкерлердің тағдыры әр түрлі жағынан оқиғалармен суреттіп, образдары әр қилы болғанымен, барлығына ортақ қайғы – олардың жетімдігі,

қорғансыздығы. Осы қаламгерлердің шығармаларын талдай отырып, кейіпкерлердің образдары мен мінездерін, іс-әрекеттерін, олардың сөздері мен эмоциялары арқылы тануға зерттеу жүргіземіз.

Мұхтар Әуезовтің «Жетім», «Қорғансыздың күні» әңгімелері – қоғамдағы мәселелерді сипаттайтын шығармалар. Бұл әңгімелерде қорлыққа төзе алмаған Қасым мен Ғазизаның тағдыры, жетімдердің өлім құшуы суреттеледі.

«Жетім» әңгімесінің басты кейіпкері – Қасым. Әңгіме он жастағы Қасымның ауыр тағдырын баяндайды. Әжесі қайтыс болғаннан соң Қасымның қайғысын психологиялық тұрғыдан, жетімның мына сөзімен айқын суреттеген: *«Әже, мені қай пендеге тастадың?! Мені де неліктен бірге алмадың? Сонда мен расымен де бейшара, жетім болғаным ба?»* [17]. Қасымның тағдыры ағасы Иса мен жеңгесі Хадишаның қолында болды. Сол замандағы адамдардың қатыгездігі, зорлық-зомбылыққа бой алдыруы, өмірдың бір заңдылығына айналғандай еді. Қасымның қорғансыз халі, жалғыздық сезімі, болашағына деген сенімнің болмауы әңгімеде баяндалған. Әңгімедегі кейіпкер Қасымның образы – дәрменсіз, қорғансыз, бейкүнә баланың тағдыры. Ағасы Иса мен оның әйелі Хадишаның қанауына шыдай алмаған бала соңында қаза табады. Жетімдердің ауыр тағдырын, психологиялық жағдайын дәл суреттеу – қаламгердің жетім балалар өмірін бейнелеудегі таланттың нәтижесі болса керек.

Түс көру мотиві – психологиялық суреттеудің айрықша бір түрі. Бұл тәсіл кейіпкердің жан-дүниесін бейнелеуде жиі қолданылатын көркемдік компонент. Мұны автор көп қолданбаса да, уақытында сәтті пайдалана біледі. Түс көрген кезде ата-анасының: *«Біз тіріліп келдік енді өлмейміз... Сен қорғансыз емессің, сен жыламайсың, сенің көз жасың бізді қайта алып келді...»* деген сөздері Қасымның түйсігіндегі арман-тілегі еді [17]. Алайда түс алдамшы. Әжесі қайтыс болғаннан кейін, жаны ашыған түр танытып, алдап-арбап асырап алған ағасы Иса, Қасымның әжесінен қалған бар дүниесін өзіне тартып алады. Оқиғада суреттеу бізге жасырын беріліп, кейіпкерлердің жан-дүниесіндегі психологиялық құбылыстарын анық ашады екен. «Жетім» шығармасы балаларға қалай әсер етті? Әңгіменің кейіпкері Қасымның басқа жетімдерден қандай айырмашылығы бар? Әуезовтың жетімі мен бүгінгі күннің жетімдерінің арасында байланыс бар ма? Міне, осындай сұрақтар туындайтыны анық. Келесі шығарманың жетім кейіпкеріне назар аударып көрейік.

Балалар әдебиетінде ерекше орны бар тағы бір жазушы – Сайын Мұратбеков. Оның әңгімесі былай аяқталады: *«Шынымен, бүгін Аян қайда? Мұндай бала тірі болуы керек. Егер ол тірі болса, қалай Жусанды төбеге оралмайды? Біз жусанның иісін ұмыта алмаймыз»* [18, б. 27]. Сайын Мұратбековтің әр туындысы оқырманның жүрегінде ерекше орын алары анық. Оның «Жабайы алма» және «Жусан иісі» атты оқиғалары соғыстан кейінгі қоғам тіршілігін, қорғансыз қалған балалардың қиын тағдырын бейнелейді. Әсіресе, «Жусан иісі» шығармасындағы Аяның тағдыры. Оның алғырлығы, достарына ертегі айтып, жанына үйіріп алатыны үшін ауыл балалары оны

жалғыз тастамайды, дос болғысы келеді. Кейде жұмсақ, кейде ашуланып кететіні бар.

Екі шығарманың кейіпкері екі түрлі. Қасым мен Аянның тағдыры ұқсас болғанымен, мінездері әр түрлі. Қасым – мінезі тұйық, тағдырдың ауыртпалығын қатарынан тартқан бала. Ата-анасынан бөлек жалғыз жанашыры әжесінен айырылуы еді. Панасынан айрылған 10 жасар баланың ағасы мен жеңгесіне жәутіндеп өсуі, қорқақ болып көрінгеннен мейірім күтуі оның сондай әлсіз кейіпкер екенін көрсетіп тұрғандай. Аян – басына қанша қиындық түссе де, өмірге деген бала көзқарасын бұзбаған, ерекше бала. Ол жөнінде кейінірек тағы да тоқталатын боламыз. Сонымен, бұл екі кейіпкердің де ұқсастықтары – тағдыры. Жетімдер. Алайда, Қасым мен Аян екі кезеңнің, екі дәуірдің кейіпкерлері. Сол себептен де екеуі екі түрлі образда берілген. Қасымның оқиға соңында тағдырының қайғылы аяқталуы оның сол кезеңде өмір сүруімен сәйкес болуы мүмкін. Жоғарыда айтып өткеніміздей, кез келген шығарманың кейіпкері автор өмір сүрген кезеңнің көрінісін үндейді. Осы кейіпкерлердің образы арқылы қаламгерлер оқырманға ой салады. Кейіпкердің ішкі жан-дүниесіне аудару өте маңызды. Бұл екі шығарманы оқи отырып, біздің түйгеніміз, қай заманда да жетім тағдыры ортақ – ата-анасынан айрылған бала, бірақ әр заманның жетімі әр түрлі болуы мүмкін. Қазіргінің жетімдері қандай? Олардың қазіргі келбетінен Қасым мен Аянның бейнелерін көре аламыз ба?

Әрқашан тағдырдың қиындықтарына төзімді, адамгершілік қасиеті мол кейіпкерлер образын Сайын Мұратбековтің шығармаларынан көре аламыз. Жазушының өзінің балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді, сондықтан, балалық шағының қиын кездеріне қалам тартуы автордың негізгі тақырыптарының бірі. «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян – өте сирек кездесетін бала. Оның басынан өткен қиын шағы, ата-анасынан, әжесінен жастай айырылуы, әңгімені одан әрі ауырлата түсті.

Жусан иісі – сағыныш сезімінің символы. Зерттеуші ғалым З.Қабдолов: *«Символ – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге жасыра жарастырып, бүкпелей суреттеу, ойды да ашық айтпай, тұспалдай түсіндіру. Бұдан шығармадағы шығарманың идеясы жалаң, жалаңаш көрінбейді. Ол автордың ой толғаныстары арқылы көңіл ұйытып, көкірекке терең ұялайды»* [19]. Әңгіменің «Жусан иісі» деп аталуының себебі осы болар. Әңгімеде Аян «жусан» сөзін көп қолданады. *«Мен бүгін таң алдында түсімде ағамды көрдім. Рас айтам. Түнде жатарда ағамның пальтосын басыма жастап, көпке дейін иісін иіскеп жатқам. Ағамның иісі сіңіп қапты. Біртүрлі жусанның иісі сияқты жақсы иіс»* [18, б. 15]. Сайын Мұратбековтың Аянның жасындағы балалар уайымсыз ойнап жүрсе, Аян хат танып, оқу-білімге құштар келеді. Қаламгер туындыларында хаттың көркемді мағынада берілуімен кейіпкердің образы, мінезі, жан-дүниесі ашыла түседі. Хаттың көркемдік функциясына талдау жасап Г.Пірәлиева былайша тұжырымдайды: *«Хат - хабар беру қызметімен қоса жеке адамның ішкі ойына ерік берер, құпия интимдік сезімдерді де сыртқа шығарар көркемдік тәсілдердің бірі әрі психологиялық талдаудың бір түрі»* [20, б. 167]. Аян өзінің

сезімін, сағынышын, жалғыздығын, күйзелісін, хат жазып қағаз бетіне түсіретін.

Жоғарыда Қасым мен Аянның арасындағы айырмашылықты көрдік. Қасым ішіндегі бар мұңын адамдардың мейірімділігінен іздеді, соңында ана-анасының қабірін іздеп, өзіне көрсеткен қорлыққа шыдамай қашып кетті. Әлі бұғанасы қатпаған бала жараланған жүрегіне әйтеуір бір ем іздеп қашты. Бірақ таппады. Өзін қоршаған әлемнің үлкен құшағынан жылулық көрмеген бала, айдаладағы ағаштың құшағында ажал құшты. Аянның өмір сүрген уақыты басқаша еді. Ол кезде ел ішіндегі жағдай жақсы болмағанымен, халықтың сауаты, көзқарасы өзгеріп қалған еді. Сол себептен де Аян жетім қалса да, болашағынан күдер үзбеді. Хат таныды, толғаныстарын сол ақ паракқа түсірді.

Портрет – кейіпкердің образы. Осы арқылы, біз кейіпкердің жан-дүниесі мен мінезін түсінеміз. Жазушың айтуынша, әңгімеде Аянның сыртқы образы былай бейнеленген: «шолақ жең ақ жейде, тізеден жоғары қысқа қара шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай таза бір бала тұр екен. Біз қараған кезде ол өзінше кей киіп, екі қолын қалтасына салып шіренді». Бұл образ нағыз жетімнің суреті. Жетім десек, ішер тамағы жоқ, киімі жоқ, жалғыздықтан жапа шеккен адамды елестетеміз. Алайда, барлығы ондай емес. Аянның образы – ақылды, батыл, зерек, ерекше мінезді бала. Жазушының айтуымен: *«Ол өте ақылды бала. Бізді оның көңілді жүзі мен жұмсақ, тез ойландыратын мінезі бірден қызықтырды. Оның ең жақсы қасиеті - ол ешкіммен ұрыспады және сөзге келмейтіні»*. Төбелесіп ойнайтын достары Аянды қанша ашуландырса да, ол оңайлықпен берілмейтін. *«Менің көкем де жоқ, апамда жоқ, сондықтан әжем ұрысады ғой дейді»* [18, б. 3]. Өте қайсар бала, әжесі қайтыс болғанда көз жасына ерік бермейді. Әуезовтің Қасымы әжесінен айрылғанда жылаған болатын. Қасым да батыл ер мінезді болды. Оның батылдығы ағасы Исаға қарсы тұруында айқын көрінеді. Автор Қасымның басынан кешкен азаптарын суреттей келе, әңгіменің соңында ғана оны бір сөзбен қорытындылайды: *«Жыртық киімді, өңі құп-қу болып, қаннан айырылып жүдеген он, он бір жасар бала екен. Ол өлік»* [17]. Әуезовтің жазушылық шеберлігі өте керемет. Ал, Қасымның портреті өз алдына бөлек. Толықтай сыртқы образын көрсетпесе де, оқырман оны өзі көзге елестетіп отыратындай суреттелген. Қасым дәрмені қалмаған, қорғаны жоқ, бірақ ағасы Исаға қарсы тұрған қайсар бала. Ол тіріден емес, өліден пана іздейді.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақ әдебиетіне жаңа толқынмен кеңейе Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, С.Шаймерденов, Б.Сокпақбаев, З.Қабдолов, Н.Ғабдуллин, Ж.Молдағалиев тәрізді көрнекі ақын-жазушыларымыз әдебиетке келді. Балалық, жастық шақтары ұлы отан соғысына тұспа-тұс келген бұл әдебиет өкілдері туралы белгілі зерттеуші С.Әшімбаев: *«Бұғаналары бекіп, қабырғалары қатпастан қыруар қиыншылықты бастан кешіріп, қаршадайынан қағылездікке үйренген бұл ұрпақтың бойындағы сезімталдық пен сергектікті, азаматтық пен аяушылық, қайсарлық пен қайраттылықты сол сұрапыл уақыттың рухы қалыптастырған-ау деген де ойға қаласың. Бұл ұрпақтың айтары да аз болмаса керек еді»* дейді [21].

Қазақ әдебиетінде айрықша орны бар тағы бір образ – Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы бала Тұрар образы. «Қазақ әдебиетінде Тұрар бейнесін жасау жолында алғаш қалам тартқан Мұхтар Әуезов еді. Тұрар Рысқұловтың көзі тірісінде-ақ жазылған *«Қараиш-қараиш оқиғасы» повесі жұртышылықтан жоғары баға алған болатын. Оны оқыған Т.Рысқұловтың ағыл-тегіл егіліп жылағанын жазушы Шерхан Мұртаза өз кітабында шебер суреттейді»* [22]. Шыныменде, оқырман Тұрар Рысқұлов туралы біраз ақпаратқа қанық болғанымен, оның өмір жолын түгелімен бейнелейтін шығарма әлі жазылмаған еді. Сол уақытта Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы әдебиет әлемін жаңа туындымен толықтырды. Ол туралы Т.Мәмесейіт былай деп ой қозғайды: *«Біздің жоғалтқанымыз – қазақ деген соры қайнаған халықты қайтсем бақытқа жеткіземін деп жанпидалықпен күрескен арыстарымыз еді алдымен. Олар – біздің өткеніміз, тегіміз, руымыз еді зой. Зорақы заман бізді содан айырғысы келді. Мәңгүрт жасағысы келді. Міне, сол оталған арыстарымыздың бірі және бірігейі Тұрар Рысқұлов еді. «Қызыл жебе» хамсасы арқылы біз алдымен сол Рысқұловты таптық және таныдық. Ал, Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Өйткені, оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сондықтан да, Рысқұловты тану – халықты тану деген сөз. Халықты тану - өзіңді тану»* [23]. Осы тұста, «Қызыл жебе» - ұлт рухын көтерген туынды болды.

«Қызыл жебе» романның басты кейіпкері – Тұрар Рысқұлов. Қаламгер оның жастық шағынан бастап туып-өскен, қоршаған ортасын, жан-дүниесін байсалды суреттейді. Жастай көрген қиындық, ауыртпашылық, қиын тағдырды бейнелейді. Тұрар жастайынан әкесі Рысқұлды өзіне үлгі етіі. Ол әкесінің байсалдылығын, турашылдығын, жарлымын деп жасымайтын мінезін ұғып өсті. Романда жас Тұрар қатал суық аймақта тамыр жайып, батырлық, қайсарлық танытады. Бұл, Тұрардың болыспен бетпе-бет тұрып, арбасып қалатын сәттен анық көрінеді. Бұның барлығы да, болашақ қоғам қайраткері – Тұрар Рысқұловтың бойынан көрінген батыл, қайсар мінезі еді. Бірде Тұрар жаяу жарысып, мәреге озып бұрын жеткенде қолын көтеріп: «Мен - Қызыл жебемін!» - деп айғай салған-ды. Қызыл жебе тағдыры көңілін қатты тербеген қаламгер терең ойлы сөзді жас баланың аузына бекер салып отырған жоқ. Бір ауыз сөзбен жазушы Тұрар образын, бейнесін айқын ашып көрсетті.

Шерхан Мұртаза Тұрар образын керемен суреттеген қаламгер. Бес том кітап арнап, жазушының өзі: «Тұрардың өз деңгейінде зерттей алған жоқпын. Т.Рысқұлов әлемі – шексіз, шетсіз әлем. Оның мұхитына сүңгу енді сендердің еншілерінде», - деген еді. Бұл да ұлылардың ғана айтатын сөзі секілді. Жалпы жазушының бар міндеті көркем шығарма жазып, оқиғаны баяндау ғана емес, жоғарыда атап өткендей сол заманның үнін, сол замандағы кейіпкерінің бейнесін тірілту барысында аса шеберлікпен қалам тербеу керек. Бұл тұрғыдан алғанда жазушы арқалайтын дәл осындай міндетті Шерхан Мұртаза өз биігінде дәлелдей алды деп айтсақ болады. Тұрар бейнесіндегі тектілікті, ұлтына деген махаббаты биік тұлғаны астарлы түрде көркем сипаттаған. Әр заманның өз

кейіпкері бар. Шерхан Мұртаза бейнелеген Тұрар образы сол өзі сүрген замандағы кейіпкерінің бар болмысын толықтай жеткізе білді.

«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным, қашып келемін. Артыма қарай беретінім, қорқып келемін...» [24, б. 1] Дәл осылай басталатын шығарма есіңізде ме? Иә, бұл - Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы. Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбында жазылған алғашқы туынды, Жауынгердің рухын көтеріп, намысын қайраған әр қазақтың сүйіп оқитын шығармасы. 1945 жылы «Қазақ батыры» деп шағын кітап болып шығып, 1950 жылы «Қазақ солдаты» деген атпен, толықтырылып қайта басылған роман. Оқиғадағы барлық кейіпкерлердің прототипі бар. Қайроштың сөзімен, бірінші жақтан баяндалады. Сиыр айдап жүрген бала шығарма соңында ержүрек, қайсар, батыр тұлға болып қалыптасады. Романның мазмұны ерекше шеберлікпен бейнеленген. Кеңес заманында туған адамның өсу, қалыптасу жолы негізгі әңгіме болып баяндалған. Жауынгердің қайсарлық мінезі, адамгершілік бейнесін көреміз. Романдағы кейіпкерлердің образы, мінез-құлқы, іс-әрекеті, пейзаж бәрі дерлік жүйемен берілген.

«Шаңқан шілденің аяқ кезі болар деймін... Пісіп қалған ақселеулер баяу теңселіп, үкідей бұлғаңдап, кейде жұмсақ қана тізеден сипайды да, кейде инесін қадап алады. Сипазанда, талғамдай сипаса, инесін қадарда екі сирақтағы жара мен жарықты тауып алып қадайды» [24, б. 1].

«Мүмкін менің алдымда сағым теңізіндей құлпырып, алыстан қол бұлғап жаңа өмір жатқан шығар. Мүмкін шарасы шайқалмаған ескі ауылдың ескі өміріне қанағат етпеген бала ойы осындай бір себепті бұрыннан іздеп жүрген шығар... о да мүмкін, бұ да мүмкін... Әйтеуір, қалаға қарай сызып келемін» [24, б. 7]. Бұл үзіндіден жарқын болашағына нық сенетін баланың ойы екенін байқаймыз.

«Базар шетіндегі шаштараздың қасынан өте бергенімде, есігіне жапсырған айнасына көзім түсіп кетіп еді, бет-ауызым шын-ақ астан-кестен екен. Тұғалы жуынбаған адамдай қарала, торала бетімді жұдырықпен уқалап айғыз-айғыз етіппін. Көз деген бір қос томпақтың үстіңгі жағы маса талағаннан көлт-көлт етіп тұр. Тыриған арық мойыннан әр жеріндегі шұңқырына қақ тұрып қалғандай. Көзімді ежірейтіңкіреп ашайын десем, бет пернем одан жаман бұзыла түседі. – Қайда жүріп масқара болғансың? – дегендей, айнадан бір сұмпайы бала маған қарайды...» [24, б. 11]. Бұл мәтіннен баланың айқын портретін көре аламыз. Образды бейнелеуден-ақ Ғабит Мүсіреповтің жазушылық шеберлігіне көз саламыз.

Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін майданға аттанған Қайрош бойындағы, шығарма басындағы қорқынышты жеңе білді. Новороссийск, Элтиген, Керчь жерлерін жаудан азат етуге күшін салған ол түрлі жарақат та алды. Сол кезде бейнеленген соғыс алаңы, жауынгер рухы, Отанға деген махаббат, туған елге деген сағыныш бір-бірін жалғап жатты. Қазақ романдарының ішіндегі батырлық пен қайсарлықты насихаттап, ауыл баласының жігерін көрсететін «Қазақ солдаты» романы шет тілдерге аударылып, тек қазақ халқының ғана емес, шет мемлекеттердің

кітапханаларында сақтаулы тұр екен. Енді, біз мысалға алып отырған шығармалардың кейіпкерлерінде үлкен бір ұқсастық бар. Аян, Тұрар, Қайрош – бұл үшеуі де күрескер. Бұл үш кейіпкердің образдарының, олардың оқиғасының ерлікпен өрбуі тағы да бір тұжырымға келіп саяды. Олар өмір сүрген кезең. Үш кейіпкердің өмір сүрген заманы соғыс жылдарындағы тағдыр. Демек, сол кездегі әдебиеттегі образдардың бейнесі бір бірімен сабақтасып жатыр екен. Алайда, әр кейіпкердің өзіне тән ерекшелігі, заманына тән келбеті бар. Бірте-бірте біз басына қанша ауыртпалық түссе де күрескен, жарқын болашаққа ұмтыла түскен кейіпкерлерді көреміз. Әдебиеттегі жасөспірімдер образының эволюциясын осы жерден де байқауға болады. Сонымен, әдебиеттегі кейіпкер эволюциясы шығарманың қай кезеңге жататынымен тікелей байланысты десек қателеспейміз.

Жас қаламгерлер, аға толқын Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндердің қаламгерлік шеберліктерінен үлгі ала отырып, әдебиетімізге тың шығармалар легін алып келді. Сөйтіп, аталып отырған дәуір, қоғам тіршілігі туралы жүйелі мәлімет беретін, дәйекті дәлелдері бар туындылар дүниеге келген анық. Солардың қатарында Бердібек Соқпақбаевтың өшпес шығармалары бар еді.

Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат» повесінде қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі көркем бейнеленіп берілген. Онда соғыстан «шықпа жаным шықпасы» қалған, ауыр тіршілік, Бұқар жырау тілімен айтқанда,

«Қазақ-қалмақ дауына

Жалғызды салдым жасауыма.

Зорға-зорға жүрмін мен

Жібере жаздап ауыма. – дегендей халдегі монументальды образбен суреттелген. Қоғамдық жағдай шындық бейнеленген шығармаларының басы, Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхаты».

Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі – өмірбаяндық туынды. Жазушы өзінің балалық шағында басынан өткендерін, сол уақыттағы заман шындығына қарай кішкентай Бектас бейнесі арқылы береді. Балалық мінез – Бектас, Жанбосын, Жүнісбай, Майра образдарынан шындық қалпында, айқын көрінеді. Шығармадағы бас кейіпкердің прототипі жазушының өзі болғандықтан, Бердібектің образы арқылы өз тағдырын, балалық шағын әңгімелейді. Бердібек, Жанбосын, Жүнісбай, Майра образдарында балалық мінез-құлық заман тынысына сәйкес шынайы калпында көрінгенін атап өту қажет.

«Жанбосынды менің жек көруім үстіндегі киімінің бүтіндігі үшін. Аяғындағы менде жоқ бұжыр табан әдемі бәтеңкесі үшін. Жанбосынның күнде алып келетіні – аптақ нан. Үзіліс кезінде анадай көрнеңкі оқшау жерде тұрып, әдейі біздің көзімізді қызықтырып, баппен шайнап жей бастайды. Біз оған көңіл аудармаған боламыз. Қарамауға тырысамыз» деп, жазушы екі кішкене баланың киімдеріндегі айырмашылығын әдемі бәтеңке, ақ нан арқылы, осы екі баланың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі өзгешелігін де қарама-қарсы қойып, салыстыра баяндайды [25, б. 40]. Жанбосын Бердібекті ақылдылығы,

білімге деген құштарлығы үшін ұнатпаса, Бердібек Жанбосынды үстіндегі таза, бүтін киімі, бұжыр табан әдемі бәтеңкесі, қолындағы ақ наны үшін ұнатпайды. Өзінде жоқ жақсы заттардың ақылы да, білімі де, ең негізгісі адамгершілік қасиеті де өзінен төмен деңгейдегі балада болуы әділетсіз болып көрінеді. Балалар арасында болып жататын әртүрлі сипаттағы осындай тартысты, бала психологиясының өзіндік өзгешеліктерін автор жекелеген штрих, кішкене детальдар арқылы тартымды суреттеген. Одан бөлек, жасөспірімдердің жағымсыз қылықтары мен мінезі де қорқытып, оның бойында жағымды қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Әлі кірленбеген баланың таза көңіліне кірбін түсіріп, еркінен тыс күйзелісті жағдайға душар етеді. Осындай эмоционалдық тербелістер әлі өмірге көзқарасы қалыптаса қоймаған жас жеткіншекке теріс әсер беруі мүмкін.

Ең алдымен – жаман құбылыстармен өзімен бірге адам жағымсыз мінез-құлықтарды бойына сіңіріп алуы. Жаман ортада жүрген әлі бұғанасы қатпаған жас баланың соның әсерімен өзінің де бірте-бірте жаман құбылыстарға бой алдырып кететінін өмір шындығы көрсетіп-ақ жүр. Одан бөлек, өмірдегі жамадықтар жасөспірім бойында қарсы тұру реакциясын – наразы сезімін туғызады. Осы қарсы сезім бірте адамды сол жаманшылықтармен күресуге жетектей бастайды. Осылай, оның тұла бойындағы әлі қалыптасып үлгермеген, бейтарап түсініктері мен өмірге көзқарастары өзінің ұстанымдары өз орындарын табады да, өмірдегі әділетсіздік атаулының бәріне жаманшылықтың символдарының қарсы тұратын күрескер ер азаматтың өсуіне, қалыптасуына жағдай, алғышарттар жасайды.

«Балалық шаққа саяхат» повесіндегі Бердібектің көзін тырнап азаматтың ашпай жатып көрген әділетсіздіктері, қиянаттары мен басқа да жаманшылықтары жас балаға, міне, нақ осындай тұрғыдан терең әсер еткен деп айтуға әбден болады. Әрине, жас баланың басқа тентек ұлдарға ілесіп, ірілі-ұсақты бұзақылықтар жасауы (топтасып төбелеске шығуы, қазақи жікшілдіктің әсерімен өзі жете түсінбесе де, ру намысы үшін балалармен төбелесуі, сабақтан қашып, ләңгі ойнауы және тағы басқа) моральдық негізін шайқайтын үлкен жаманшылықтарға бәрібір себеп бола алмайды. Бұл қылықтар – ет пен терінің арасында қалатын, жас балалардың көпшілігіне тән желік мінездердің ұшқындары ғана. Ары қарай тереңдемейтін, балталаса кетпейтін жаман, теріс қылықтарға Бердібек желкелесең де, бармайды. Кейбір жеңіл ойлайтын, өмірге үстірт қарайтын балалар болса, мұндай жағдайда жақсы қасиетінен гөрі жаман мінез-құлығы басым түсетін нашар адам болып қалыптасар еді. Сонымен бірге, бұл құбылысты педагогика ғылымы тұрғысынан дәйектейтін болсақ, «Балалардың адамгершілік қасиетінің дамуы олардың тәжірибесінің баюына байланысты» [26]. Педагог ғалымдар Ж.Қоянбаев пен Р.Қоянбаев бұл тұжырымын әдеби персонаж бейнесін ашуда да тетік ретінде қарастыруға болады.

Повесте Бердібекке қарама-қарсы бейнеленген кейіпкерлердің бірі – Көпекбайұлы Жүнісбай. Бұл өзі – Бердібектен сәл ғана ересек, жас жеткіншек. Соған қарамастан, айналасындағыларға өктемдігін жүргізіп, үйреніп қалған

пысық бала. Жұртты өзіне мәжбүр етіп, реті келсе үстемдік жасап, сондай әрекетінен рахаттану сезімін табатын жан. Жастайынан биік мансапқа құмарлығы, жұртқа тізе батыру әрекетінен ләззат алуы, сол үшін түкке тұрмайтын нәрсеге бола ілінісіп, адамды жер-жебіріне жете қорлап та жіберуі – осынау жас кейіпкердің адам ретіндегі болмыс-бітімінен хабар беретін факторлар. Тіпті Жүнісбайдан кейде ауылдағы үлкен адамдардың өзі де қаймығады екен. Өйткені ол қол астындағы балаларды шыбықпен үйіруді місе тұта қоймай, енді үлкендерге де ауыз сала бастаған. Көшедегі адамдарды тексеруі өз алдына, жиналыста суырылып шығып сөйлеп, ересек жандардың ісіне де араласып кетеді.

Жүнісбай бейнесі шығарманың бас жағында басымырақ суреттеліп келеді де, бас кейіпкердің мекен-тұрағының ауысуына байланысты кейін оқырман одан көз жазып қалады. Соған қарамастан бұл баланың келешекте қандай адам болып шығатыны образдың жасалу эволюциясы арқылы белгілі болып тұрады. Оның жоғарыда айтылған пысықтығы мен әлімжеттік мінездері бас кейіпкер Бердібекке да оңай тимейді. Оның тізе батыруы – Бердібек үшін естен кетпес қиянат көріністері. Сарыбастауға бірге оқуға бара жатқан Бердібекті шанаға отырғызу үшін ол ұялмай-қызармай, ақы сұрайды. Ақы болғанда да Бердібектің байлығы тасып бара жатқан байдың баласы емес екенін біле тұрып, алып шыққан азығы – екі таба нанының біреуіне жармасады. Айдалада әбден шаршаған, өзі ауырып келе жатқан бала үшін мұндай шарттың қаншалықты ауыр тиетіні айтпаса да, түсінікті. Осы деталь арқылы шарасыз Бердібектің жан күйзелісі, озбыр балалардың қиянаты анық сипатталған. Балалар арасындағы мұндай әлеуметтік тартыстар еріксіз ойландырып, толғандырады. Соның салдарынан оқырман белгілі бір өзіндік философиялық қорытындылар жасауға мәжбүр болады. Сондай-ақ, екінші бір жас кейіпкер – Жанбосынның айдалада жаяу қиналып келе жатқан Бердібекті арбасына мінгізбей, далаға тастап кетуі жан түршігерліктей етіп суреттелген. Әрине, өзінің өжеттігімен, намысқойлығымен, қайсарлығымен Бердібек те ұнамауы мүмкін. Бірақ бірнеше жылдан кейін кездескен сыныптас, оған ауылдас баланы жалаңаяқ қалпында иен далаға тастап кетуі бұл кейіпкердің уақыт озған сайын адамгершіліктен, жақсы қасиеттерден алыстай бастағанын байқатады. Демек, бұл жасөспірімнің беталысы жаманшылыққа қарай мейлінше бұрыла бастаған деген сөз. Жанбосын ежелгі бәсекелесі Бердібекті осылайша табалап, мұқатады. Жалпы адам психологиясын зерттеуші ғалым Т.Тәжібаев жекелеген пенделердің бойынан кездесетін табалау құбылысын былай тұжырымдаған: «Табалау ыза мен қуаныштың қосынды түрі. Табалау – бұл біреуді мұқату, әшкерелеу. Ол адамға жаман сезім туғызады. Оны ызаландырып, мұқатумен бірге оған ырза болып, кекесінмен күліп, келемеждейді. Өшпенділік, жек көру - негізінен жағымсыз эмоция. Бірақ ата жауға өшпенділік нашар эмоция деуге болмайды. Жауға өшпенділік, оған әрекет етуге, оны жоюға адамды жұмылдырып, ерік-жігерді нығайтып отырады» [27, б. 215].

Психолог ғалымның бұл пайымдауы Б.Соқпақбаевтың осы шығармасындағы мысалға келтірілген жағдайда нақты көрініс тапқан. Табалау

факторы екі баланың арасындағы шиеленісті тартыс үстінде көрінеді. Жанбосын Бердібекті табалай отырып, келемеждей тұрып, өзінің артықшылығын білдіруге құштар. Осы келтірілген мысал арқылы жазушының адам жанын сарапшыдай жақсы білетін сарабал психолог екені айқын аңғарылады. Адам мінезін табиғатына орай ғалым Т.Тәжібаевтың тағы бір пікірі осы сөзімізге дәлел болғандай. *«Мінез – адамның дүниеде өмір сүрудегі бағытын, бет алысын көрсетіп отыратын қасиеті болып табылады. Мінездері мүлде бірдей болып келетін адам болмайды, бірақ өмір сүрген ортасына, қоғамына қарай адамдардың белгілі бір тобына ортақ типтік мінездер де болады»* [27]. Осы келтірілген екі дәйексөз көркем шығармадағы авторлық шешімдерді тиянақтай түсері анық. Көркем образдың жасалуының себеп-салдары және нәтижесі психология ғылымындағы ғылыми пайымдаулармен ұштасып жатса, онда автордың діттеген мақсатынан шыққандығы деп қорытынды жасауға болады. Сүмбе ауылына оқуға барғанда Бердібектің қарсы алдынан шығатын Баймырза деген бала да өзінің ұрыншақтығымен көзге түсетін жағымсыз қылықтары басым кейіпкер. Ол да сыныпқа жаңадан келген Бердібекке қарадай өш. Және бір қызығы, соңына дейін бұл балалардың бас кейіпкермен татуласқаны, өзара түсініскені айтылмайды. Оған себеп – Бердібектің бірбеткейлігі, намысқойлығы және жаманшылық атаулымен ымырасыздығы болса керек. Ол өзі көңілі қалған адамымен татуласпайды, өмірге тек балаға тән пәктікпен, таза көңілмен ғана қарайды. Әрине, оның ара-арасында болып тұратын ұсақ-түйек тентектіктерін жалпы адамгершілік ұстанымдарына қайшы келетін, моральдық тұрғыдан теріс құбылыстар деп бағалауға болмайды. Бұл – жігері асып-тасыған, ойы мен қиялы шарықтап жүгіріп тұрған, өмірге әлі тек романтикалық көңілмен қарайтын жас жеткіншек. Ол кейбір ұсақ-түйек тентектікті тек қызық ретінде ғана бағалап, өзі де содан ләззат табады. Ар жағында теріс пиғылы жоқ, қатардағы тентектік қана. Жағымсыз, нашар мінезді адамдардан көрген әр түрлі зорлық-зомбылықтары жасөспірімнің өмірді одан да терең танып білуіне жедел ықпал етеді. Ол айналасында анасы Әбсет, ағайы Сатылған, ұстазы Сағатбай, жеңгесі сияқты тек жақсы адамдар ғана емес, Жылқыбай, Жүнісбай, Баймырза және тағы басқа жаман кісілердің бар екенін біліп өседі. Сөйтіп, олардан қандай да бір қиянат күтуге болатынын, олардың әділетсіздік жасауға бейім екенін сезеді. Ал әділетсіздік пен қиянат бар жерде күрескерлік рух қажет. Егер адам сол өзіне төнген жаманшылықтармен күресе алмайтын болса, онда өмір сүру мейлінше күрделене түспек. Жер бетін жаманшылықтың қара көлеңке бояуы да басып кетуі ғажап емес. Өзін қорғай алмаған адам өмірдегі басқа да ең кымбатты жандарын қорғай алады деп сенуге бола ма? Әрине, жоқ. Ондай дәрменсіз кісілер тіпті адамзатқа тән қасиетті, құнды сезімдерді де сақтай алмайды. Туған халқы, елі, жері үшін де қорған болып жарытпайды.

Әдебиеттанушы А.Нағметовтың: *«Егер жазушы - уақыт перзенті, өзі өмір сүрген заманның ең елеулі оқиғаларын шығармасында шынайы суреттеу – оның қаламгерлік міндеті десек, осы борышын ол туысындағы адам арқылы, сол адамның характерін мүмкіндігінше терең де жан-жақты бейнелеу арқылы*

өтейді» деген пікіріне сүйенсек, бұл шығармада кейіпкер характерінің жан-жақты ашылғаны айқын [28]. Шындығында, бұл «Балалық шаққа саяхат» повесінің көркемдік нысаны жазушының өзінің жақсы білетін өмірлік материалынан алынған. Әдебиет зерттеушісі Ш.Ахметовтің: «Балалардың психологиясына зертеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиганың, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді» деген пікірі осындай қаламгерлік қатынасты айғақтайды [29]. Демек, әрбір көркем туынды халық тарихының шындық шежіресі болса, әр жас жеткіншек сол шежіренің тірі ұшқыны. Бектас жетімдік пен жоқшылықтың қасіретін көп көріп, жаншылап өссе де, онысына еш мойымайтын, қайсар, батыл бала. Қу тілдеу, пысықтығы мен қагілездігі де бар. Сабақта алғыр. Жүгіру, секіру, суға малту жағынан да алдына жан салмайды.

«Ленин біздің атамыз.

Саясында жатамыз.

Қарсы келген дұшпанды,

Қақ жүректен атамыз» [25, б. 22]. – деп өлең айтады. Ол өз елінің, өз Отанының кішкентай патриоты екенін іштей сезінеді.

Жаңа құрылысқа тап жаулары мен бандиттердің бүлдірушілік іс-әрекеттеріне иланған Бектастың (Бердібек) ата-анасы Қытайға өтпек болады. Бектас іштей қатты наразы. Ол бір жамандықтың боларын сезіп шекаралық заставаға хабар береді. *«Сұмдық бұл! Әкем мен шешем, ақылдарыңнан алжастыңдар ма? Бұларың не? Өз өкіметтеріңнен – ертеңгі бақытты заманнан безіп, қайда бармақсыңдар – деп айқай салғым келеді. Кеудеме өжет наразылық сезімі бұрқанады. Бірақ оны сыртқа шығаруға шама, жеткізіп айтар тіл қайда? Сезімін де түсінемін, айта алмаймын. Қиналамын да тебіренемін, жылай алмаймын»* [25]. Бердібек Ленин әлып берген бақытты өмірден таймақ емес, ол үй ішін Қытайға өткізбей аман-есен алып қалады, байсалдылық, байыптылық көрсетеді. Әрқашан әділдікті таңдайды. Әділдік үшін күрес жолында бала алған бетінен еш қайтпайды: қара тасқа салсаң да тіліп түседі. Бектастың образы, портреті мен іс-әрекетін, жан дүниесін, өмірге көзқарасын жазушы бірден осылай дамытып, өрістете береді.

Бектастың мінезінде өткірлік, кейде пысықтығы да бар, бірақ оқу-білімге зерек. Өзінен ересек Жанбосынның жеткізе алмай тұрған көбейту мәселесін ол зырылдатып айтып береді. *«Жарайсың, Бектас! – деп, мұғалім мені ризашылықпен мақтайды да, Жанбосынға қарайды. Көрдің бе ананы. Ал сен өгіздей болып ап, мыңқ-мыңқ етіп тұрасың. Ұялмайсың ба? Мен масайрап, мәртебелене түсем»* [25]. Тұрмыс-тіршілік ауыртпалығы Бектасты әбден шынықтырып өсірген. Ол екінші класста оқып жүргенде-ақ колхоз еңбегіне қолқабыс береді: масақ терді, тұлықтастың атына мініп қырманда астық бастырды. Ауыр азаптан арыла алмай жүргенде, жығылған үстіне жұдырық болып, шешесі қаза табады, Бектас қорғансыз, жетім қалды. Ал «жетім» деген жалғыз ғана сөздің күйініші қанша десеңізші? Шешесі өліп, жетім қалып не қайыр болсын. Бір кереметі – кісі есігінде жүріп оқу оқыса да, Бердібек екінші, төртінші классты мадақтама грамотасымен бітіреді. Бойда қайсарлық, ойы

ұшқыр, жігерлік, батылдық болғаннан соң, бала тұрмыс-тіршілікті қандай қиыншылығына болса да төзіп, позитивпен қарайды. Бердібекті болашаққа жетелейтін оның осы бір оптимистік көзқарасы, үміт – арманы. Бердібек өзінен бұрын анасынан алты айлығында қалып қойған бауыры Тұрдыбектің тағдырын көп ойлайды. Жанына қатты бататыны да соның жағдайы. Бердібек Тұрдыбектің ауыр жағдайына, яғни, уақытында жүрмей қалғаны, қолының саусақтары күйіктен соң жабысып қалуына еш көмек бере алмай, амалсыздан ауыр күйзелісте жүреді. Бердібек жасаған Бектас образынан байқағанымыз – өрімдей баланың ерте есеюі. Есейейін деп ер жеткені емес, сұм тағдыр мен зұлым заман есейтті Бектасты. Бектас образынан мықтылықты, қайраттылықты, жанашырлықты, патриоттық намысшылдықты, қайтпас қайсарлықты көреміз. Аталған теңеулердің барлығы да кішкентай бозбаланың бойында жинақталған қасиеттер.

Барлығымыз сүйіп оқитын балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаев оқырманға, қалың жұртшылыққа «Менің атым – Қожа», «Жекпе-жек», «Өгендер қайтып келмейді», «Балалық шаққа саяхат» және үлкенді-кішілі тағы да басқа повестерімен кеңінен танымал. Солай болған күннің өзінде зерттеуші ғалымдардың, әдебиет сыншыларының назарында ең алдымен «Менің атым – Қожа» шығармасы ілігеді. Әрине, бұл повесть өз кезінде-ақ қазақ баласының барынша дараланған, ерекше образын сомдап жазуымен көңіл аударған болатын. Б.Соқпақбаев әңгімелері мен повестерінде балалардың бір қатар есте ұзақ қаларлықтай мінез-құлқын жасаған қаламгер. Балалар әлі күнге дейін тамсанып оқитын «Менің атым – Қожа» повесінде ол өзінің бала психологиясының білгірі екендігін көрсете алды [30].

Қожа – қанша қиқар болғанымен де, жүрегі таза, қиялшыл бала. Төртінші мен бесінші сыныпта жүргенде-ақ ақын болуды, қаламгер болуды арман етуді бастайды. Оның бұл үміті Отанын, жерін, өлке табиғатын жанындай қатты сүйетін патриоттық ұшқыр сезімдерімен толысып жатады: *«О, ата мекенім, қазақ жері! Сенің шет-шегіңе қиялдан өзге не жетіп үлгереді? Сол алып өлкенің бір пұшпағын ыстық көзбен, бар адал сезіммен аймалап, елеусіз бір перзеннің мен келе жатырмын. Мынау асқар тау, жасыл жазық, мөлдір өзен, қалықтаған анау ақша бұлттар, тұнық аспан осының бәрі-бәрін, егер құшағым жетсе, ең қымбат, аяулы анамдай аймалап құшар едім, сүйер едім. Япырмай, неге сонша ыстық болдың, туған жер!»* [30, б. 34] деп толғайды бала Қожа. Жастық шағынан Отаны жайлы осындай ойлары – бала Қожаның патриоттық таза махаббатының ояна бастағанын бйнедейді. Қожа классты 10-шы сынып бітіргеннен кейін армияға аттанамын, Отаны үшін адал қызмет жасап, батыр боламын, сыйлы, құрметті тұлға боламын, үлкен данққа бөленемін деп армандайды. Өзінің «Қазақ балалар прозасының даму тенденциясы» атты ғылыми зерттеуінде: *«Шығармадағы басты қаһарман – он үш жасар Қожа. Оның өмірге көзқарасы, сөздері мен іс-әрекеттері, арманышылдығы жеткіншектер психологиясына сай. Оның жақсы көріп, жек көргенінің жігін сөзінен де, ісінен де, айқын көреміз. Ол – адал жанды арманышыл, оқу озаты, шыншыл, бірақ тұзы жеңіл, сотқар бала. Адамды*

тұрмыс билеп, өмір өсіреді. Оның балалық қызығушылықпен Сұлтанға еруі мен кездейсоқтықтарға тап болып, уәдесін беріп ұстамаулары реалистікпен суреттелген. Одан оқушы халықтың «жақсымен жанассаң, шарапаты тиеді, жаманның кесепаты тиеді» деген мәтелін ұғынып, жақсы болуға талпынтады. Бірақ повестің соңында Қожаның түзеліп, өнегелі оқушы болатынына толық сенеміз» [31] дейді әдебиеттанушы С.Өскенбаев. Бір сөзбен айтқанда, жасөспірімдер бейнесін қызықты етіп жасауымен де бұл повесть қазақ балалар әдебиетінде ерекшеленетін, өзіндік орны бар шығарма. Бас кейіпкер Қожа - әрі тентектігі бар, әрі алғыр, әрі қиялшыл, әрі сезімтал бала. Бас кейіпкердің іс-әрекеттерін суреттеу барысында жас адамға тән, міне, осындай өзіндік қасиеттер дараланып көрсетіледі. Ол тентектікті арнайы біреуге қастық жасау үшін істемейді, бір сәт сұрқайланып қалған өз өмірін қызықты етіп, ығыр қылатын жаттанды тіршілікті өзгертуге құштар жан. Оқиганы өз атынан баяндап отырған Қожа ішінара өзінің жасайтын іс-әрекеттеріне кейде қысқаша түсініктеме де беріп кетеді. Ол түсініктемелерден де баланың жан дүниесін, мінез-құлығын ашатындай жекелеген сипаттардың байқалатыны анық. Мысалы, мына үзінділерге назар аударып көрейік: «Бұл менің түзелемін деп, өзіме-өзім бірінші рет уәде беруім емес. Талай рет уәде бердім, шындап бердім. Бірақ қанша тыныш жүрейін деп тырыссам да, олай болмай шығады» дейді бірде Қожа ағынан жарылып [30, б. 72]. Бұл арада Қожа өзінің іс-әрекетіне өзі есеп бере алмай қалатынын, өзіне берген уәдесін неге орындай алмайтынын жасырмайды. Оның ішкі энергиясы, бойындағы бұла адамға тән күш қуат әйтеуір бір жерден жарып шығуы керек сияқты. Ондай әрекеттің нәтижесі жақсы ма, жаман ба – бала үшін бәрібір. Әйтеуір, қызық болса, болды. Ал қызық нәрсе көбінесе айналадағы адамдарды таң қалдыруға, шошытып-үркітуге немесе белгілі бір қиындық тудыруға байланысты болып шығатыны тағы рас. Қожаның өз өзіне уәде беріп алып, сол уәдесін орындай алмауын осындай психологиялық себептерден іздестірген жөн сияқты. Жалпы, мұндай мінез-құлық балалардың басым көпшілігіне тән құбылыс десек, өмір шындығынан алыс кетпейміз.

Қожаның повестегі негізгі бәсекелес, бақталас кейіпкері – Жантас. Жантастың кесірінен Қожа жазықсыз кінәлі болып, сөгіс те естиді. Повестің басынан аяғына дейін бас кейіпкермен бәсекелестік жағдайда көрініп, араз болып жүретін Жантас бейнесін біртұтас жағымсыз деп те бағалау қиын. Өйткені ол да сабақты жақсы оқитын, тәртіпті бұзбайтын үлгілі оқушы, бірақ мінезі тұрақсыз. Осы тұрақсыздығының арқасында өзімшілдік мінезі де бар. Осындай өзімшіл, мақтаншақ жанға қарсы күресетін Қожа жақсы мінезге бай, адал бала бейнесінде көрінеді.

Жантас пен Қожа бейнесін қарама-қарсы антитеза арқылы суреттеуімен автордың ұтқаны:

Бірінші, Қожа тентек болса да адал, мақтаншақ емес.

Екінші, Жантас үлгілі, жақсы оқитын оқушы. Бірақ өзімшіл, менмендігі басым.

Қожаның қарым-қатынас жасайтын адамдарының саны аса көп емес. Оның өз сыныптастарынан Жантас және Жанар екеуімен ғана байланыста болғандығы суреттелген. Бұлардың біріншісі – Қожаға қарама-қарсы алынған бейне. Ылғи Қожаны аяғынан шалып, кекетіп-мұқатып жүретіндіктен, бас кейіпкердің көзқарасында сүйкімсіз бала. Кейде оның логикасы Қожадан да асып түсіп жатады. Ондайда шығарманың бас кейіпкері Қожа Жантасқа қарсы уәж айта алмай, ауызша сөзден жеңілгенін мойындағысы келмейді. Тіпті ызаланып, қарсыласына қол жұмсап жіберуден тартынбайтын кездері де бар.

Тентек, қиқар болғанымен, жаны таза, арманшыл Қожа қиялшыл. Оның осынау қиялшылдығын, армандау әрекетіне бейімділігін нақты көрсету үшін шығарманың өзінен бірнеше мысал келтірейік:

«Болмайды, көңілімдегі лықсып тұрған көрікті ой қағазға түскенде өңезіп, өңі қашып кетеді. Жай ғана әсерсіз бірдене шығады».

«Жанар, мен сені керемет жақсы көрем!».

«Тфу, осы да сөз бе? Жақсы көрудің кереметі, керемет емесі бола ма екен?»

«Жанар, мен сүйем сені!»

«Қандай тұрпайы - құдды кинодағы секілді».

«Ж... Қозы мен Баян секілді болайық» [30, б. 57].

Тартысқа құрылған ішкі монблогтардан Қожа қиялының кеңдігі, ой-толғанысының тереңдігі байқалады. Мінез-құлығына қарамастан қандай бала болса да, армандауға, қиялдауға бейім. Бірақ барлығының қиялдау деңгейі бірдей емес. Жазушы Қожаның қиялшылдығы арқылы жеткіншектерге тән психологиялық ерекшелікті нанымды суреттеген. Оның Қаратайды жек көруі, әкесін шексіз сүйуі, өлең жазуға әуестенуі, сабаққа дайындалмай келгендегі көңіл-күйі, бақаны мұғалімнің сөмкесіне ойнап салуы, Сұлтанға ілесіп, қыдырымпаздыққа салынуы бәрін білуге, көруге куштар тынышсыз баланың бейнесін көлденең тартады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы да персонаждың ішкі монологы, монолог болғанда да оның қиялдау түріндегі көрінісі. Қожаның қиялшыл, арманшыл екендігін көрсететін нақты мысалдар. Ал қиял дегеніміз не? Адамның ой дүниесіндегі бұл құбылыс туралы ғылыми-тұжырымға жүгініп көрудің артықтығы жоқ: *«Қиял деп бұрынғы қабылданған елес бейнелерін өзгертіп, бір-біріне қосып, өңдеп, қайтадан бейнелеуді айтады. Қиял объективтік дүниені жүйкеде сәулелендірудің айрықша бір түрі. Дүниедегі заттар мен құбылыстардың, сезімдерге келтіретін тікелей әсері арқылы пайда болатын қабылдаулар, олардан пайда болатын елестеулер бір қалыпта тұрмайды, ақыл-ой елегінен өтіп, өзгеріп, бір-біріне қосылудың нәтижесінде бейнелеудің тағы бірі қиял пайда болып отырады. Қабылдау арқылы пайда болған елестеулер, кейде ақыл-ойдың таразысынан өтеді. Адам ол елестеулерді өзгертеді, бірімен біріне қосады, ақыл осының нәтижесінен жаңа елестеулер пайда болдырады»* дейді психолог ғалым Т.Тәжібаев [27]. Демек Қожаның жоғарыдағы сөздерінің түпкі себебінде, қиялының осылайша өрбуінде ғылыми негіз жатыр. Ол төменгі сыныпта жүріп-ақ ақын болуды

армандайды. Оның бұл үміті отанын, туған жерін жақсы көрумен ұштасып жатады. Әрине, бұл арада сол бір кеңестік дәуірдің идеологиялық ықпалының жылт еткен әсері де жоқ деуге болмайды. Өйткені отаншылдық, патриотизм сезімі кеңес әдебиетінде жалаң үгіт, жадағай декларация түрінде көрінсе де, көркемдік кемшілік санала қоймайтын, Қожада еркелік бар да, есерлік жоқ. Тентектігі болғанымен, ақыл-ойы жағынан сезімталдық тұрғысынан қатарластарынан әлдеқайда биік тұрғаны анық.

Шағын шығарма болғанымен, «Менің атым – Қожа» повесіндегі – бас кейіпкер жан-жақты сомдалып, осылайша әртүрлі қырынан суреттеледі. Яғни, ол балалар ұғымы, көркемдік қабылдауы – тұрғысынан алып қарағанда, күрделі сипаттағы кейіпкер. Осы арада Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» атты атақты романына байланысты айтылған әдебиетші, сыншы А.Нағметовтың мына бір пікірі еске түседі: *«Иә, сонымен, Едігей характері өзінің кең құлаштылығымен де, психологиялық терендігімен де тың тұлға, көркемсөз өнеріндегі бұрынғы эпикалық характердің ешқайсысына ұқсамайтын жаңа тип деңгейіне көтерілген»* [28]. Яғни, бұл арада романды талдаушы ғалым Едігейдің жаңа тип деңгейіне көтерілуінің көркемдік негіздеріне тоқталуы арқылы характердің күрделі болу себептерін ашып берген. Нақ осы пікірдің тұжырымды тұсын осы диссертацияда талданып отырған повестегі Қожа бейнесіне байланысты да айтуға болар еді. Балалар образының ішінде бұл бейне типтік деңгейге көтерілуімен құнды.

Әдебиет зерттеушісі Ә.Дербісалин «Менің атым – Қожа» туралы талдау жасай келіп: *«Шығарманың ең бір көңіл аударарлық жағы – аяқталу жері. Жазушы Қожаның түзелуге, келешекте жақсы адам болуға уәде беруін тапқырлықпен суреттеген»* [29] деп орынды тұжырым жасаған болатын.

Қазіргі таңда қазақ кеңес балалар әдебиетінің белгілі аға қаламгері кім десе, ең алдымен Сапарғали Бегалинді атасак болар едік. Сапарғали — қазақ балалар әдебиетінде әңгіме жанрын дамытып, сонын ғажап үлгілерін бейнелеген белгілі жазушы. Сапарғали Бегалиннің балаларға арнап жазған отыздан аса көлемді әңгімелері бар. «Сәтжан», «Көксегенін көргендері», «Бала мерген», «Алданған жолбарыс», «Тоятқан тауынан табылыпты». Бұл повестері мен әңгімелері аңшылық тақырыбына арналған.

Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Сапарғали Бегалиннің балаларға арналған шығармаларын сан жағынан көп деуге болмайды. Бірақ олардың әрқайсысы балалар бейнесіне белгілі бір қырынан келуімен, қысқа да ықшам жазылуымен, кейбір көркемдік аяқ алыстарымен балалар прозасы тарихында өз орны бар. Жазушы балалар мен балалар арасындағы және балалар мен үлкендер арасындағы адамгершілік қарым-қатынастарды қысқа штрихтармен ашып суреттеуге тырысады. *«С.Бегалиннің әңгіме повестерінде мал баққан адамның психологиясы, аңшылардың жан дүниесі сенімділікпен реалистік шыншылдықпен бейнеленеді. Бұл жанрдағы шығармаларда ұлттық өміріміздің енді қайталанбайтын, тарих қойнауында кеткен, суреткер қаламы тірілген есте қалар, жанды картиналары бар»* [33] деген ғалым Р.Нұрғалиевтің пікірі жазушы шығармашылығын жете зерттеуден туғаны сөзсіз. Бір назар аударатын

нәрсе С.Бегалиннің әртүрлі шығармаларындағы кейіпкерлері бір-бірімен адамгершілік қағидалар тұрғысынан алшақ кетпейді. Оқырманды шошытатындай, мейілінше қара бояу жағылған бейне жоқтың қасы. Есесіне жасөспірімдердің бір-біріне деген адамгершілік сезімі, қоғамдық сана сезімінің өсуі сияқты мәселелер алдыңғы планға шығарылған. Жазушы адамгершілікке қатысты әр түрлі жағдаяттарды шағын эпизодтар арқылы немесе ықшам баяндаулар арқылы жеткізіп отырады.

«Сәтжан» повесінің бас кейіпкерден басқа да балалар бейнесін ашатын қызықты эпизодтары баршылық. Онда Сәтжанның жолдастары Жанай, Қапан, Нариман сияқты балалардың мінез құлықтары жекелеген детальдармен ептеп көрініп отырады. *«Мұнда жас азаматтың бойындағы тамаша қасиеттер, өнерге, еңбекке құштарлық, бала жүрегіндегі тәтті арман, мөлдір сезім ете шебер суреттелген. Сондықтан да бұл повесть - қазақ Кеңес балалар әдебиетінің тандаулы шығармаларының қатарынан берік орын алған»* деген филология ғылымдарының докторы Н.Ғабдуллин пікірі өз кезіндегі объективтік баға еді [34]. Мысалы, осы шығарманың «Жорға тауына жорық» атты тарауында оқушылардың шаңғымен алыстағы мал отарларына сапарлайтын сәті суреттелген. Басқа серіктеріне қарағанда талдырмаш, әлсіздеу келген Жанай боранды жорық үстінде жолдастарынан қара үзіп, жұрттың соңында қалып қояды. Бір жерге келгеннен кейін бас-аяқтарын түгендеп көріп, орталарында Жанайдың жоқтығын байқап қалған. Осы кезде тосын шешім қабылдайтын - балалар Сәтжан мен Қапан. Олар кейін қарай бұрылып, түтеген қалың боранға қарамастан, Жанайды іздеуге аттанады. Енді сәл болмағанда көмекке келген балалар кешігіп қалып, үлкен трагедияның үстінен шығар еді. Өйткені сол кезде жалғыз қалған Жанайды үйірлі қасқыр қоршай бастаған болатын. Міне, жас балалардың адамгершілік, ерлік, адалдық сияқты адами асыл қасиеттерін танытқан шешуші сәттері бұл повесте осындай эпизодтармен әсерлі берілген. Сөйтіп шығарма кейіпкерлерінің адамгершілік деңгейі, жоғарыда айтылғандай, қиын сәттерде сынала отырып, одан әрі жоғарылай түседі.

Белгілі педагог ғалым Ә.Табылдиев: *"Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақтарының адал жанды, әдепті, иманды, батыл да батыр, инабатты, ізетті болып өсуі үшін, өсиет айтуды, өнеге көрсетуді, бата беруді, тілек айтуды әлеуметтік әдепке, ата-бабалық дәстүрге айналдырған"* деп байлам жасаса, ол сөздер қазақ балалар жазушылары шығармаларында анығырақ байқалады [35, б. 108].

Сапарғали Бегалин жазушылық шығармашылығына және оның жасаған жасөспірім кейіпкерлерінің образы жайында ой өрбіте келіп, әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғалиев: *«Әсіресе, ол балалар әдебиетін дамытуға зор үлес қосып, «Бүгінгі Ыбырай», «Қазақтың Маршагы» атануы тегіннен тегін емес. Есімдері әлемге аян Том Сойер, Гавроги, Тимур секілді қызық мінезді, қайратты балалардың қатарына С.Бегалин өз кейіпкерлері Сәтжан, Көксеген, Уаш, Ердендерді қосты»* деп түйіндейді [36, б. 2].

Қазақ халқының көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытов айтпақшы, *«Әдебиет – ұлттың жаны»*. Ал ұлтына шынайы жаны ашатын саналы ұрпақ

тәрбиелеуде балаларға арналған көркем әдебиеттің маңызы зор. Әлемді енді ғана тани бастаған адам баласының дүниеге деген көзқарасы мен талғамы-таражы да балалар әдебиетімен бірге қалыптасады.

Жаңа ғасырдың балалары жаңаша ойлайды, талғамы да, талабы да өткен ғасыр балаларынан тым бөлек екені ешкімге құпия емес. 20-ғасырдағы Қожалар мен Қайроштардың образы бүгінгі балалардың көпшілігіне өзекті емес. Олардың арман-қиялдары мен қуаныш-қайғылары тәуелсіз елдің ұрпақтарына бейтаныс. Кеңестік дәуірде өмір сүрген жазушылар мен бүгінгі балалар мен жасөспірімдердің таным түйсігінде, құндылықтар түсінігінде, сөйлеу мәнерінде және тағы сол сияқты көптеген қайшылықтар орын алуда. 70 - жылдардың 15 жасар жасөспірімі мен бүгінгі жасөспірімі – бір-бірімен тек физикалық ұқсастығы бар, екі бөлек тұлға. Олар екі түрлі нәрсені армандайды, үміт етеді, қорқыныштары мен жұбаныштары да әр қалай. Осы тұста орыс философы А. Грякаловтың мына бір тұжырымы ойымызға тура келеді: Балалық шақ әрқашан шынайы, осы шақта ғана. Осы тұрғыдан алғанда, бір ұрпақтың балалық шағы бір баланың жеке өмірі сияқты дара және қайталанбайды.

Бір зерттеу жұмысы шеңберінде соңғы 30-жылдықта жарық көрген шығармалардың барлығына тоқталып, талдау жасау мүмкін емес. Сол себепті, осы бағыттың бүгінгі таңдағы жарқын өкілдеріне тоқталып өтсек.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан балалар әдебиеті Мұзафар Әлімбаев, Мұхтар Мағауин, Қадыр Мырзалиев, Бердібек Соқпақбаев, Саурбек Бакбергенов шығармашылығында кеңестік дәуірдің тенденцияларына негізделе отырып, өзінің қайталанбас серпініне ие болды. Егемен ел тұсында қалам тербеген жазушылар ретінде Баянғали Әлімжанов, Тілеуғазы Бейсембеков, Толымбек Әбдірайым, Маржан Ершу, Зира Наурызбаева, Лиля Калаус, Дария Джумагельдинова, Ольга Марк және тағы басқаларды атап өткен жөн. XX ғасырдың соңғы жартысында адамзат өзінің күш-қуатын, ішкі болмысын, табиғатты бағалауын күрт өзгертті. Ғылым мен техниканың дәуірлеу сәттері адамға оның жасампаздық күшін де, әлсіздігін де дәлелдеп бергенін өмір өзі көрсетіп отыр. Ғасыр аяғында әлеуметтік, қоғамдық дамудың адамгершілік, рухани құлдыраумен тоқайласып отырғаны туралы айтылып та, жазылып та жатыр. Кеңестік жүйеден егемендікке өткен адамның ғасыр алмасуында осы кіммін, бағытым қайсы, жағдайым нешік деген сұрақтарға қайта-қайта үңіліп, жауап іздей бастағаны ұлттық әдебиетте де өзінше көрініс тапты.

Елдегі қоғамдық саяси-әлеуметтік жағдай, түбегейлі өзгерістер адам өміріне, оның ой-санасына, көзқарасына, дүниетанымына айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз. Осы тұста айта кететін, тәуелсіз ел мен еркін адамдардың тағдырын өзіне арқау еткен жаңа күштер ұлттық әдебиетте көрініс тапты. Жазушылар бұрын қалыптасып қалған көркемдік тәжірибедегі өнімді әдіс-тәсілдерді пайдаланып, өзгермелі жағдайдағы мінез-құлықты суреттеуде өз мүмкіндіктерінің кеңдігін көрсете бастады. Олар өздері өмір сүріп жатқан қоғамның тыныс-тіршілігін зерттеп, зерделеп, адам мен қоғам, адам мен қоршаған орта, адам мен шежіре сикілді келелі мәселелерге, қоғамның өмірінде бір кезде «қабылданған» немесе «қабылдатқызылған» өзгерметін заңдардың,

жағдайлардың мәңгілік еместігін айғақтауға, басқа қырынан ашып көруге ден қойды. Бұл кезең жайында «... реализм мен авангардизмді қарама-қарсы қойып, біреуін еңсерілуші, біреуін еңсеруші күш ретінде қарастырудың реті жоқ. Олар кейде жарысушы, кейде бір-бірін толықтырушы ықпалға ие. Бүгінгі плюралистік эстетика жағдайында екеуінің де өрісі кең» деген тұжырымға назар аударып қарауға болады.

Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық әдебиетіміздің негізі болатын реалистік, романтикалық және жаңаша жағдайлар арқылы бейне жасаудағы, мінезді суреттеудегі жазушылық тұрғыны шартты түрде көрсетуде жаңа шығарма элементтерін пайдаланып жүрген жазушыларымыздың қатарына Д.Әшімхановты, Р.Мұқанованы, А.Алтайды, Н.Оразды, Қ.Аманжолды, Қ.Түменбайды, С.Оспановты, Қ.Жиенбайды, Т.Ахметжанды, Д.Рмазанды, А.Кемелбаеваны, Д.Амантайды жатқызуға болады. «Батыстың кейбір жазушылары болмысты кейіпкердің сана-сезіміндегі күрделі толқыныстар арқылы беру тәсілін ұсынады. Рухани жалғыздықтан тартатын жапасын, өмірдің мәнін іздеуден тұратын ізденісін терең ашады. XX ғасырдағы көркем ойдың үлкен жаңалығы осы» деген тұжырымда осы дәуірдің жазушыларының шығармаларындағы жағдай мен мінездің байланысының жаңаша тұстарын табуға негіз бар екенін көре аламыз.

Бүгінгі таңда балалар әдебиетімен салмақты түрде айналысып жүрген «Алматы кітап», «Атамұра», «Аруна», «Мектеп», «Фолиант», «Балалар әдебиеті», «Балауса», «Кітап-Дәуір», «Шұғыла» баспа үйлерін атай аламыз. Батыстық өркениет экспансиясы қазақ балалар әдебиетін айналып өткен жоқ. Қазақстандағы балалар әдебиеті өзгермелі әлемге байланысты қарқын алуда, батыстық өркениетпен үндестікте бола отырып қазақтың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, мифологиясымен, географиясымен және менталитетімен байланысты балалар көркем әдебиеті дамып келеді. Мұндай шығармалар мен көркем образдарды кішкентай қазақ оқырмандарының қабылдауы әлдеқайда жеңіл болады. Мәселен, балалар жазушысы Дәнеш Ахметұлының 2019 жылы жарыққа шыққан «Робот және алты асық» атты заманауи ертегілері жинағы өз атауынан – ақ кешегі мен бүгінгіні жалғаған шығармалар екендігін көрсетіп тұр.

«Робот және алты асық» ертегісін «қырық өтіріктің жаңа түрі» дейді автор. Ондағы кейіпкерлер – адам мен робот: олар көрші өмір сүріп жатыр, олардың балалары бас қосып, адам мен роботтан отбасы құрды, олардың балалалары адам-роботтар. Олар басқаша қиялдайды, басқаша өтірік айтады. «Робот–қазақтардың ақылымен жер бетіндегі тіні тозып, діні құрып, тілі күрмеле бастаған қазақтар мекеніне барып, оларды елдікке, имандылыққа, татулыққа баулитын, Мәңгілік ел болуға үгіттейтін топ құрылды» деген сөйлемнен-ақ еліміздің бүгінгі мәселесі ашық көрсетіледі [37].

Дәнеш Ахметұлының «Айлы түнгі айқасындағы» Есен, Ержан, Ермектердің образы да бүгінгі балаларға бөтен емес. Олар бос уақытында балық аулап, жидек теруге бармайды. Олар шағын лабораторияда өнер табу ісімен айналысады. Өртүрлі техникалық модельдер, роботтар, жасанды ұшақтар

құрастырады. Олар – өзіне не ұнайтынын, ұнамайтынын ашық айтады, ойларын еркін жеткізе біледі, мәселені шешу жолдарын ақылдасады. Себебі, олар – тәуелсіз елде туылып, өсіп келе жатқан ұрпақтардың прототипі. Олар – жан-жақты әрі еркін ойлайды, капитализмнің де ықпалы бар сияқты, реалист, өзінің бас пайдасын да ойлап тұрады және оларды қоғам критикалық ойлауға үйретіп жатыр.

XXI ғасыр басындағы үздік 20 прозалық туынды» тізіміне енген Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» прозасын кейбіреулер балалар әдебиеті десе, енді бір оқырмандар ересектерге арналған туынды санатына қосады. Жазушы кітабына өзінің балалық шақтағы қызықты да қайғылы оқиғаларын ашып жазған. Ауыл хикаяларын баяндаған шығармадағы бала образын қарайықшы. Кеңестік өкіметтің құлап, жаңа егемен ел болар күннің алдында тұрған тұстағы балалар қандай болды? *«Ол төрт жасында алғаш рет ажал деген сұмның бар екенін біледі. Өлім өзінің досындай болған мүгедек ағасы Данышпанды алып кетеді. Бала Ақберен қазалы топтың бір шетінде тұрып «Енді маған суретті кім салып береді?» деп көзіне жас алады»* [38, б. 46]. Аңғал, қиялы шексіз, ұяң әрі ұялшақ, ауыр тағдыр, ішкі жалғыздық. Заман қандай, сәйкесінше, образдар да солай. Бар ойы, армандары, қорқыныштары баланың өзіне ғана мәлім. Оны жүрегінде сақтайды, ашып айтуға қысылады. Осы қатарға өз заманының балалық шағын сипаттайтын жазушы, «Серпер» жастар сыйлығының иегері Аягүл Мантайдың бірқатар әңгімелерін де қоюға болады. Бейқам бала өмірі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтармен астасып беріледі. «Томпақ» әңгімесіндегі мына үзіндіні алсақ: *«Сабақтан қарным ашып келген. Бауырларым кәріс әжсейден қарызға алған бес жұмыртқаны қуырып жеп, маған түк қалдырмапты... Сары май жоқ. Құр қатқан қара нанды сарымсақпен жеп едім, аш қарынға жұбаныш болмады... Ет дегенді ұмытып қалғанбыз»* [39]. Бір оқығанда тілі жеңіл, балалық шақтың ыстық естеліктері болып көрінген оқиғаның астары терең әрі мұнды.

«Соңғы жылдарда өлеңде, прозада әсіресе, жастардың шығармаларында тәңірге табыну, Аллаға сыйыну, «Құранды», «Інжілді» көбірек тануға, білуге деген ұмтылыс басым. Өмірдің бүгінгі қым-қуыт қиындықтарынан шығар жол іздеп жанұшырған жүрек пен ойдың құдайға жалбарынуы, жарыш әлемімен тілдесу тәсілі етек алып келеді. Бұл – осыған дейін тану мен таразылаудың басым өлшем құралы болып келген коммунистер ілімінен түбегейлі қол үзген дәуірдің мінезі» деген ой-тұжырым да адам баласын ойлантарлық [40, б. 9]. Ұзақ уақыттар бойы алуан түрлі себептермен туған тілі мен дінінен, тарихы мен шыққан тегінен алыстап қалған ұлттық көркем ой осыдан барлығын қайта өз бойына жинап, одан үлгі алу үшін терең толғамдарды, көркемдегіш әдістер мен тәсілдерді үйреніп жатқандығы көрінеді, қаламгерлер дәуір тынысы жаңа қырларын бейнелеуге ұмтылуда. Жазушылар көркем-философиялық жаңа мәселе көтерерлік қоғамдық өрісі кең тақырыптарға қарай ойысты. Әлеуметтік дамудың сырларын сездіретін соңғы өзекті жағдайларды шығармаға негіз ету, мінез эволюциясын суреттеу мақсатында тың жаңалықтарға мән беру секілді ізденімпаздық рух өріс алды.

Өнер мен талант мәселесі Қ.Түменбайдың «Ақындар заңы», Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы», Қ.Аманжолдың «Армансыз», Д.Амантайдың «Ештеңе жазылатын емес» оқиғарында олардың қоғамдық тұрмыс-тіршілігі мен ішкі психологиялық мәселелерін, ішкі сана-сезімдерінің арпалысы мен шиеленісі басты өзекті зерттеу нысаны болады.

Қаламгер Қ.Түменбайдың «Ақындар заңы» оқиғасының негізінде ақын Саян өмірі жатыр. Әңгімеде қиын қалың оқиға жоқ. Жазушы кейіпкердің психологиясына, ішкі жан-дүниесіне аса назар аударып, оларды жіктеу барысында әңгіменің парасаттық деңгейін, ой мен түсініктің тереңдігін жағдайлар арқылы айқындай түсуге күш-жігерін салады. Шағын ғана оқиғада мінезді суреттеуге анықтаушы мәселені орынды пайдаланған. Ақынның анық мақсат-мұраты бар, алайда ой-тұжырымдарын іске асыратын қоғам, лайық жағдай жоқ. Тыныштықсыз қаланың өмірінен ішкі сезімі де, сыртқы болмысы да шаршап-шалдыққан ақын туған ауылының төсінде серніп жатыр, жазушы уақыт пен кеңістік ауыстыру арқылы әрекетке өзгеріс енгізген. Оның дертіне ем болатын тек қана өзі ерік-жігері екенін ақын сөзсіз түсінеді. Сол себепті, ол Алматыдан шыққанда өзіне ант еткен: *«Өмірден отызында қыршың кеткен Шоқанның атымен ант етемін, енді қайтіп осымен аузымды былғамаймын»* [41, б. 12]. Неліктен ақын Шоқан есімін еске алып отыр. Тек қана «Шоқан және өнер» деген кітап жазып шығарғандығының себебінен бе? Кешегі Шоқан мен бүгінгі ақынның өмірлік жағдайлары бір-біріне мүлдем ұқсамайды, ал рухани ішкі сезімдері жақын, яғни мінез ұқсастығы бар.

Қазіргі уақыттың ақыны өз ойындағы толғанысын, өз көкірегіндегі мүддені бұрынғы Шоқанның мақсат-мүддесімен байланыстырады. Ол өз басындағы қуаныш пен қайғыны соған қарап таниды, яғни жағдай қалыптастырушы қызметті атқарып отыр. Ол қазіргінің жетістігі бұрынғының көксегенінен қаншалықты шыға алғанымен саралайды. Ақын ішімдікке салынса да көңілінің тереңінде туған жерге, шешесіне, елге деген кіршіксіз махаббатын жоғалтпаған. Қанша қаулаған сөзге де қалып, біреулер теріс бұрылып кетсе де, оның ішкі дүниесі таза табиғатын сақтап қалған. Ол қазақ елінің рухани байлығын көкке көтеріп ұстауға тырысуда. Сол себепті қызмет еткісі келеді. Бұл оның негізгі ұстанымы болғанымен де, жағдай оған сай келе бермейді. Кейіпкердің мақсатын, өзіне сеніп жүктелген аманатқа қиянат жасамау үшін оң көзімен қарауы, сол үшін қайғырып, күйзеліске түсуі, осы бір сезімдердің арпалысы кейіпкер образын жаңа дәуір оқырмандарымен қауыштырады.

Жақсыларды тудырған, тәрбиелеп, өсірген ауыл өмірі көкірегінде намысы барды ойға салары анық. Бар айыпты қоғамға тақпай, сол орта үшін қызмет етіп жүрген өзіміз екенін ескергеніміз дұрыс. Тек Саян енді қоршаған ортасынан өзін ұғар жан іздейді. Көпке біраз дүниені ұғындырғысы келеді. Соның ішінде, жас ұрпақтың алдына шығып, Шоқан және оның өмірі жайлы айтқысы келгені осының дәлелі болмақ. Бірақ ақынды тындап, оған назар аударатын ауыл жоқ. Қ.Түменбай үшін ауыл – әлеуметтік шындықты ашық айтатын орта. Ұлттық болмыстың негізі ауылмен тығыз байланысты. Ауыл өмірі – бүгінгі кезеңде ХХ

ғасырдың соңғы ширегінде ғұмыр кешіп жатқан біздердің қоғамдық-рухани болмысымызды сипаттайтын кіндігі берік негіздердің бірі деген ой-пікірде жағдайға сай мінездердің сипаты жатыр. Осындай қайғы-қасіретті басынан өткізіп отырған қазіргі қазақ ауылының халі Д.Рамазанның «Түсіме кірген ақ боз ат» әңгімесінде ерекше өз жалғасын тапқандай. *«Ауыл дегенде көркем табиғат, ақ шағаладай қатар тізілген үйлер, өрістен қайтқан мал, ақ жасулықты ана мен ақ сақалды қария, асау тай мінген бала, атпал азамат пен инабатты бойжеткен елесі көз алдымызға келетін»* [42].

Адамдарын да көңілі өзі секілді жайылып жатқан ауылдың қазіргі тұрмыс-тіршілігі көпті ойландырып жүрсе де, әлеуметтік өзгерістер, дәуір ағымының ықпалы еш нәрсеге де қарайтын емес. Оқиғаның басты кейіпкері Нұрман ат басын бұрып туған ауылына барғаннан-ақ, ауыл жұртшылығының басына түскен көптен-көп қиындықтардың куәгері болады. *«Қазір таудың қасқырынан адамның қасқыры жаман болып кетті ғой», «Тегінде, маған мына нарық деген пәле жақпады... Несін жасайрайық, келген қонаққа бұрынғыдай мал сойып, мәзірет жасайтын күй жоқ», «Дүние не боп барады. Қос өкпеден қысып, қусырып жібереді ғой», «Әй, қайдам заманның сұрқынан қорқам!»* [42] деген ойлар қос қарияның аузынан шығады. Бұлар Нұрманның апа-жездесі Тұрымтай тәте мен Жүнісбек ақсақал. Ел ішін шарпыған ұрлық-қарлық, жұмыссыздық, ішкіліктікке салыну, жалқау жастар, үйсіз-күйсіз сенделген әйел азаматтар, бала қарап үйде отырған еркектер, тозығы шыққан үй-күй – осының барлығы жұртты сандалтқан аумалы-төкпелі дәуір қайғы-қасіретін көрсеткен суреттер. Осының барлығы жиналып келіп адамның болмысына көпт өзгерістер енгізгені бәрімізге аян. Әсіресе, ел намысын қорғаушы арыстандай ер азаматтар қазан-ошақ жағалап біздің болмысымызға жат көрініс екендігін айтып жазушы әбден күйінеді. *«Әйелімнің сауда жасаймын деп қалаға кеткеніне ертең тура алты ай болады. Әйтеуір, баяғы соқыр үміт қой. Бір жерден арзанға алып, екінші жерге арқалап апарып, сәл үстеме ақша қосып сатады. Күндегі бар тірлігі осы. Одан түсіп жатқан пайда да шамалы көрінеді. Әйтеуір, аштан өліп, көштен қалмастың қамы. Мен отырмын екі баламен үйде омалып. Солардың тамағын дайындап, кірлерін жуумен-ақ күнім өтіп барады»* [42, б. 29].

С.Мұратбеков, Т.Нұрмағанбетов шығармаларындағы табиғаты керемет, әдемі ауыл, ол жақтың ақ жарқын жұртшылығының бейнесі қазіргі қазақ оқиғаларында көп кездесе бермейді. Адам көзқарасы өзгерген. Қазақ ауылы өзінің әр баласын «ауылым-алтын бесігім» деп еске түсіретін сезімге лайықты орнын бала алмай қалатындай. *«Ауылдан шыға бере күн суыта бастады. Көк жүзінде қара қошқыл бұлттар пайда болып, төңірек күңгірт тартты. Төбеде топ-тобымен тырналар ұшып барады. Ненің әсері екенін өзім де білмеймін, тыраулаған тырналарға қарап отырып, өзімді-өзім тоқтата алмай кемсеңдеп қоя бердім. Көзіме тағы да жас іркілді»* деген шығарманың эпилогы осы тұжырымға дәлел [42, б. 36].

Екі қаламгердің шығармаларының идеялық-мазмұны жағынан ұқсайтын бір тұсы – осы қазіргі ауыл халі. Саян мен Нұрманның жандарына қатты

бататын жайт – ол азып-тозған ауыл бейнелері. Саянға демеуші болған облыс әкімі Атымтай Жомарт мінезі мазмұнды. Ол көмекшісін аттандырып ақынды өзіне шақырады, жағдайын ұғып, түсінеді. Ауылдан аттанар сәттегі кейбір сөздер адам санасында тоталитарлық дәуір сілеміндей. Ақын Саянның жалғыз ғана көйлегім бар, алайда оның қара дақтары бар деген сөзі көп жағдайдың астарлы ақиқатын аңғартады. Қалын қоғам бойындағы ұлттық рухтың әлсіреп қалуы жазушыны алаңдатады. Ұлттық рухты қайта ұшқырлата түсуге әдебиеттің де көп үлесі бары жөніне мына бір ой куә: «Ұзақ жылдар бойы ағылшындардың отарлауында болған үнді халқы тәуелсіздік алған кезде Джавахарлал Неру «Бәрін қалпына келтіреміз. Кедейшіліктен де құтыламыз, байлыққа да жетеміз, қираған мүлік-мүкәмалдың да орны толады. Ең жаманы отарлық езгінің әсерінен халқымыз рухын жоғалтып алды. Орны толмас өкінішіміз де осы» деп қайғыратыны бар. «Осыған ұқсас, көп жылғы отарлық пен бодандық қазақ халқының да рухын жасытып, сағын сындырып кетті. Ал енді халқымыздың жасыған рухын кім көтереді. Меніңше мұны тек әдебиет көтереді. Сондықтан да әдебиетіміздің қазіргі кездегі міндеті, парызы халқымыздың рухын көтеруге бағытталуы керек» - деп ой қозғаған болатын. Демек, қаламгер жағдай мен характердің бағыттаушы байланысын негіз етудің керектігін айтып тұрғандай. Жағдай мен характердің бірін-бірі бағыттай отырып байланысқанын Қ.Түменбайдың осы оқиғасынан аңғаруға болады.

С.Асылбековтің «Рабиғаның махаббаты» әңгімесіндегі жағдай мен мінез байланысына назар аударарлық. «10-сынып оқушысы Рабиға өзінің таза сезімін білдіріп жас мұғалім жігітке хат жазады, ол оны мектептегі қыздар кеңесінің жетекшісі Розаға береді, ал ол болса Рабиғаның хатын оқып, қыздың жер-жебіріне жетіп ұрсады. Интернатқа келген соң қатты күйзелген Рабиға сірке суын ішеді, ақырында ауруханада көз жұмады». Әңгіме осылай бастау алады. Жағдай бір көргенде таныс. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күніндегі» Ғазиза мен Рабиға арасында ұқсастықтар бар. С.Асылбеков өзінің әңгімесінде «Жаным-арымның садағасы» және «*Кто любил, уж тот любить не может. Кто сгорел, того не подожжешь*» [43] сияқты анықтаушы сипаттағы эпиграфтарды алуы жайдан-жай болмаса керек. Әңгімедегі жағдай қоғам, әлеумет, психология, адами мағыналарды анықтау үшін жазушы ата-ана, оқушыл, заң қызметкерлері сияқты әлеуметтік топтардың Рабиғаның өліміне байланысты ойына көп назар аударған. Ата-аналардың арасындағы пікірталаст, талаң-тартыстарда жағдай мен мінез арасындағы байланыста бағыт беруші типі белең келсе, мектептегі мұғалімдер, көбіне, анықтаушы типке, яғни бағдар мен нысан дәрежесінде көрсеткен.

Жатсыну секілді философиялық жағдай – экзистенциализмнің қиын концепцияларының бірі екені анық. Философиялық ғылыми мәселе ретінде жатсыну көп жылдар бойында маркстік-лениндік ілімге қарама-қарсы қойылып, тек қана біржақты түсініктің шеңберінде қалып қойды. Қазіргі заманда әлемдік, рухани әсерлердің түп төркінін танып-біліп, даму жолын барлау ғылым алдындағы маңызды әрекеттердің бірі және бірегейі екені белгілі. Жалпы

жатсынудың түрлері көп, адамдар бір-біріне жатсынады, адамдар өз-өзінен жатсынады, адамның қоғамнан жатсынуы және тағы басқа.

Қаламгер Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы» оқиғасында осы уақытқа дейін қазақ әңгімелерінде айшықталған тенденцияның бірі адамның өз дәуірінің рухани жағынан безінуі негізгі проблема ретінде басқаша бейнеленген. Көпшілікке танымал, болашағынан көп үміт күттірген жас актер кеңеттен қайыршы болып қалады. Жазушы көркем жағдайды парадокстік деңгейде суреттеген. Оқиғаның басы актердің 9-шы класста оқып жүрген қызы мектепте курткасын жоғалтып, суық тиіп сырқап қалуынан, оған дер кезінде қайта куртка алмағандықтан, әкесі осындай жолға түсіп кеткен қиын сәттен басталады. Одан әрі қаламгер мінез бен жағдай қатысына ерекше назар аударған. Расымен де актер өзін тұрмыс әкеліп қамалаған қоршаудан құтылу жолын іздеді. Өзінің елді таң қалдырған таланты осы тұста дәрмені жоқ екенін түсінеді. Ол айналасындағы қоршаған ортадан қол жайып, көмек сұрайды. Оқиғада актер жігіттің осы уақыттағы халін қаламгер: *«Сол бір күндері оның қандай жан азабына түскенін көрсеңіз ғой. Өнер адамдарының көбінің көңілі нәзік боркемік болып келеді емес пе, қатты күйгелектеніп, ұйқыдан да, күлкіден де қалып, екі жағы пышақ жаныған қайрақтай қушып, көзі шүңірейіп, бар-жоғы бес-алты күннің ішінде абақтыға түсіп шыққандай азып-тозып кетті. Оның үстіне әлгі жоғалған куртканың орнына бір жылы киім сатып ала қоятындай ақшалары да болмады»* [44].

«Сол екі-үш жылда оның жаны мен тәні түгел қайыршыланып кеткен болатын. Көзқарасы, әсіресе көзқарасы тым аянышты еді. Үлкен-кіші, бала-шаға, кемпір-шал демей ол айналадағы адамдардың бәрінен қайыр-садақа дәметкендей жаутаңдап қарайтын. Онымен әңгімелесуге, көңіл көтеруге, қонаққа баруға, жай әншейін қатар отыруға мүмкін болмай қалған-ды» [45] дегенде қалыптасқан құндылықтарды жоғалту трагедиясы айқындалып тұр. Шығармада жағдай мен мінезді айқындайтын негізгі нысан – адам жұлдызы. Жазушыға осы бір трагедиялық жағдайды айтқан келіншектің де, актер жігіттің де жұлдызы Бикеш болатын. Жұлдыз деген сәтте адам ойына аспан деген ұғым келеді. Ендеше, кез келген адам биіктікті, көкті аңсайды, соған қол жеткізуді арман етеді. Жұлдызды ешбір жан жерден іздемейді, оны тек биіктен көре аламыз. Белгілі арманына жеткен, бақытын жолықтырған адамның жұлдызы жарқырайды деп ойлаймыз. Шығармада үш кейіпкерге де ортақ деталь үшеуінің де жұлдызы – Бикеш. Алайда, өмірде өз жұлдызын табу жолында үшеуінің жолы үш түрлі. Бірі – қаламгер, бірі – тағдыр тауқыметіне түскен әйел, үшіншісі – қайыршы болып кеткен жас актер жігіт. Автор анықтаушы жағдай арқылы кез келген адам өз тағдырын өзі жасайды, әр адамның өмір жолында кездесетін қиындықтары, тағдырындағы сын деген проблема көтерген. Сонымен қатар, бүгінгі әдебиеттің жарқын кейіпкерлері деп Қанат Әбілқайырдың кейіпкерлерін айтсақ болады. Қазіргі балалар әдебиетіне тереңінен еніп, балаларға арналған шығармалар жазып жүрген Қанат Әбілқайырдың кейіпкерлері өзі өмір сүрген уақыт пен бүгінгі күннің, одан қалды Бердібек Соқпақпаевтың кейіпкерлерін ұштастырады. Оның, «Көршінің

қызы», «Дыбыс», «Атасының баласы» және тағы басқа шығармалары оқырманның көңілінен шығып, көптеген бәйгелерде жүлделі орындарды иеленіп жүр. Бала психологиясын түсінетін жазушы шығармаларындағы оқиғалар желісі өмірден алынған. Балалық шақтағы сезімді, адал достықты, ұмытылмас естеліктерді кейіпкерлер арқылы шебер жеткізіп отырады.

Қазіргі балалар әдебиетіне қалам тербеп жүрген жазушылар жоқ десек қате айтқан болар едік. Себебі, қазіргі таңда балалар туралы, балаларға арналған шығармалар көптеп жазылуда. Мәселе, ол жеткілікті деңгейде жас буынға жетпей жатқаны. Жазарлар көп, оқырмандар бар ма?

Біз бұл зерттеу жұмысымызда қазақ балалар әдебиетіндегі кезеңдік образдардың эволюциясын талдауға тырыстық. Зерттеу барысында кешегі мен бүгінгі әдебиеттің айтар ойы мен кейіпкер жасаудағы бағыты екі түрлі екенін аңғарамыз. Алайда, балалар әдебиетіне тән бір ғана нәрсе бар – ол ұлт болашағын тәрбиелеу. Қай кейіпкерді алып қарасақ та, оқиға соңында ізгілікке ұмтылады. Бұл дегеніміз кез келген жазушының ұрпақ тәрбиелеу барысында алға қойған мақсаттарын орындау міндеті десек қате айтпаймыз. Кешегі кейіпкер мен бүгінгі кейіпкердің бір-біріне ұқсамайтын мінезі, тәрбиесі, тіпті ортасы – жасөспірімдер эволюциясын аңғартады. Балалар әдебиетіндегі образдарға шолу жасай отырып бүгінгі ұрпақтың таным-түсінігінің үлкен регенерацияға ұшырағанын байқаймыз. Сонымен, қазақ әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясын төмендегі кестеде көрсетілген шығармаларды талдау арқылы анықтадық.

1-кесте. Кейіпкерлер образының эволюциясы

Кейіпкерлер	Образы (мінез-құлқы)	Іс-әрекеті	Нәтиже
М.Әуезов «Жетім» Қасым	Мінезі тұйық, тағдырдың ауыртпалығын тартқан бала. Әлсіз кейіпкер	Тағдырының ауыртпалығына шыдамады, айналасындағыларда н мейірім күткен еді. Оның нәзік жаны шыдамай соңында қаза тапты	Шығарма бізге сол кезеңдегі жетім тағдырын көрсетті. Тағдыры аянышты нағыз жетім образы. Болашағы үшін күреспеді, өлім барлығының шешімі болды.
С.Мұратбеков «Жусан иісі» Аян	Аян – басына қанша қиындық түссе де, өмірге деген бала көзқарасын бұзбаған, ерекше бала.	Жетім образының ең жарқын бейнесі ретінде алсақ болады. Жетім болса да үлгі бола білді.	Шығарма екінші жетім образын көрсетті. Бірақ күрескер, қандай қиындық болса да, жүрегіне кір жуытпайтын жетім. Аяның образы арқылы жетімдердің де жетістікке жете алатынын көрсетті.
О.Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат» Тортай	Көнбіс, оқу- білімге құштар, кітап оқығанды жақсы көретін бала.	Мейірімді, досы үшін өз арманынан бас тартты. Тағдырына мойынсұнды.	Бойында күрескерлік рухы жоқ, Денсаулығына байланысты арманынан бас тартқан бала образын көрсетті.

1-кестенің жалғасы

Ш.Мұртаза «Қызыл жебе» Тұрар	Күрескер, жігерлі, жастайынан қиыншылық көріп өссе де, адалдығынан таймаған.	Жастайынан қаталдық көріп өскендіктен алдында кездескен қиындыққа қасқайып қарсы тұрды.	Өз ұлтына деген махаббаты асқак күрескер бала образын көреміз. Өр мінезімен биікке жетті. Ұлты үшін үлкен тұлғаға айналды.
Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» Қайрош	Ержүрек, қайсар, батыр тұлға болып қалыптасады	Кішкентай кезінен ерлікті, батырлықты жақсы көріп, есейгенде соғысқа аттанды.	Ерлік пен күш жігерді дәріптейтін, әлсіздердің де мықты бола алатынын көрсетті. Шығарма бізге баланың бойына қандай қасиеттерді сіңіру керектігін дәлелдеп бергендей.
М.Әуезов «Көксерек» Құрмаш	Мейірімді, сенгіш, адал бала	Бәріне қарсы шығып Көксеректі асырап алды, достыққа сенді.	Қамқорлық пен махаббатты табиғаттан іздеген тағы бір жетім образын көрсетті. Бұл кезеңдегі Құрмаш образы адалдық пен мейірімділікті көрсетті.
Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат» Бердібек	Жетімдік пен жоқшылықтың қиындығын көп көріп өссе де, онысына мойымайтын батыл бала.	Өз замандастарынан оқ бойы озық шығуға ұмтылды. Бірбеткей, алғыр, білімді, намысшыл.	Әділ, күрескер образды көрсетті. Кедейлігінен қысылатын, алайда онысы оқып-білуге кедергі келтірмейтін кейіпкер әрекетін айқындап берді.
Б.Соқпақбаев «Менің атым – Қожа» Қожа	Қиялшыл, сотқар, мейірімді, адал.	Өз арманына жетемін деп тәртіп бұзған кездері болды.	Арманшыл, еркін баланың образын әкелді. Өз әрекеттерін ойланбай жасайтын, дегенінен қайтпайтын, алайда кейін қателігін мойындай алатын бала образы. Қожаның образы сол заманның еркін баласын көрсетті.
М.Қабанбай «Бауыр» Қали	Орысша тәрбиеленген жетім бала, жүрегінде мейірім жоқ. Қазақи тәрбиеден ада өскен бала образы.	Іздеп келген бауырына деген сағыныш болмады. Бар қызығы балалар үйіндегі жағдай еді. Ата-анасын іздемеді	Біз білетін жетім образынан мүлдем басқа жетімді әдебиетке алып келді. Отбасы құндылығын түсінбейтін, сол кезеңдегі орысша тәрбиеде өскен, ұлттық құндылықтарды бағаламайтын келбетті көрсетті.
С.Асылбеков «Рабиғаның махаббаты» Рабиға	Арманшыл, қиялшыл қыз.	Бар әрекеті мұғаліміне ғашықтық хатын жазуы еді. Өзіне айтылған ауыр сөздерге шыдамай өлмекші болды.	Сөзге бола сына кететін бала образын көрсетті. Бүгінгі күннің бала образын суреттейтіндей. Қазіргі заманның бала образындағы үлкен өзгеріс, яғни күрескерлік рух жоқ.

Көрсетілген кестеде әр кезеңде жазылған шығармалардағы кейіпкерлерге анықтама берілген. Олардың іс-әрекеті мен мінезі сол кезеңнің образын анықтап береді. Бұл кейіпкерлер өзі өмір сүрген уақытта қоғам тудырған образдар. Демек, әр заманда жазылған шығармадағы кейіпкерлер образы сол кезеңдегі оқиғалар мен жағдайлардан өзгеріске ұшырып отырды. Мысалы, жетім образдарындағы кейіпкерлерден кешегі мен бүгінгі күннің өзгерістерін айқын көре аламыз. Алайда, бұл қазақ әдебиетіндегі барлық кезеңнің шығармалары бойынша жасөспірімдердің толық эволюциясы деп айтуға келмес еді. Сол себептен кез келген шығарманы немесе шығарма кейіпкерін талдау үшін төмендегі сызбаны ұсындық:



2-тірек-сызба. Образдық талдау

Әдебиет өзінің оқушыға беретін эстетикалық-көркемдік әсерімен ғана емес, ерекше танымдық мәнімен де қымбат екендігі сөзсіз. Жас жеткіншек кейіпкердің көркемдік тұрғыдан жете сомдалуы балалар жазушыларының қашаннан толық қол жеткізе алмай келе жатқан межесі. Бірақ қазақ балалар жазушылары жас кейіпкерді көбінесе жағымды сипатта көрсетуге бейім екенін атап айтқан абзал. Сондықтан да болар, көптеген шығармаларда мінсіз балалар бейнелері жиі кездесіп отырады. Образдың эстетикалық категория екенін

жақсы пайымдаған жазушы оқырманға, негізінен, өз кейіпкері арқылы ықпал жасағысы келуі табиғи.

1.3 Қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлер іс-әрекетінің оқушы оқырмандарға әсері

XX ғасырдың басы Қазақстан мәдениетінің халық ағарту жұмысының дамуына үлкен әсер етті. Себебі, осы уақыттан бастап Қазақстанда маркстік, лениндік идеялар даму өріс алды. Революциялық қозғалыстың күшейе түсіу әлеуметтік мәселелерге өзгерістерер енгізе бастады. Қазақтар арасында орыс оқу-білімінің, орыс мәдениетінің кең таралуы, өріс алды, бұл қазақ әдебиетіне үлкен өзгеріс әкеледі. Орыс мәдениеті қазақ елінің көзін ашты. 1905 жылдан кейін халық ағарту ісінің дамуы қазақ тілінде кітап, газет журналдардың шығарылуы Ресейдегі демократиялық қозғалыстың жеңістерінің бірі болды. Осы сияқты түбегейлі жаңалықтар XX ғасыр басындағы ақын-жазушылар XIX ғасыр ақын-жазушыларының ой-тұжырымдауынан әлдеқайда оздырып алып кетті.

М.Сералин, С.Көбеев, С.Торайғыров, С.Дөнентаевтар өзекті мәселелер көтерді. Туған тілінде оқу-әдістемелік құралдарын жазуды және қазақ балаларына орысша білім берудің қажеттігін жақтады. Дәл осы сәтте Абайдың немересі Әубәкір ақынның сол уақыттағы жеке дыбыстармен байланысы жоқ, жеке-жеке сөздерді жаттатып оқыту әдісін сынап жазған өлеңін мысалға алсақ.

*«Сөз берсең, берсең еді мағыналы,
Ондай сөз осы ауылдан табылады.
«Абай», «ата», «таға» мен «өгіз», «сегіз»,
Жаттай беріп бала оны не қылады.
Қайтер еді әуелі «ата» десе,
Атын жазып тағы да «ана» десе,
Орыстардың үйрен деп азбукасын, —
Ыбырай айтпап па еді күні кеше».*

Демократияшыл интеллигенция оқытудың мұндай түрлеріне, діни медреселердің оқуына қарсы болды. Өздері жинап жазған оқулықтар мен әдеби кітаптарға орыс әдебиетінен аударылған көптеген шығармалары енгізілді. Оның ішінде, С.Көбеев 1910 жылы басылған «Үлгілі тәржіме», 1912 жылы шығарылған «Үлгілі бала» деген оқулықтарына орыс қаламгерлерінен 40-тан астам өлең, шығармалар аударып енгізген. 1912 жылы Т.Жомартбаевтың «Балаларға жеміс», 1911 жылы М.Нұрбаевтың «Көргенді бала», «Үлгілі ана» кітаптары жарияланды. 1912 жылы Уфа қаласында жарық көрген М.Малдыбаевтың «Қазақ иса ең жаңа әліппе» және 1911жылы қазақ-қырғыз балалары үшін «әліппе яки төте оқу» деген оқулықтар жарық көрді. Бұл кітаптарда ай, күн, жыл аттары, санамақтар да қамтылған.

Бастауыш сыныптар мен орта сынып білімгерлеріне оқулық-хрестоматиялардың қай уақытта жазылғанын алсақ та, ішіндегі ақпараттарды

балалар әдебиетіне тән, балаларға оқуға жеңіл, ыңғайлы, жүйеленген шығармалар болатын. Одан бөлек, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев бастау салған қазақ балалар әдебиетінің оның қалыптасуына, одан әрі дамуына С.Торайғыровтың, С.Дөнентаевтың, С.Көбеевтің зерттеулері үлкен үлес қосты. Осыдан мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген философ Платон айтқандай, «*Кез келген мемлекеттегі ең жауапты жұмыс – ол ұл мен қызды тәрбиелеу жұмысы*» [45]. Әлбетте, мәңгілік мейірім мен саналы тәрбиенің дәнін егушілер ұстаздар болып табылады. Бала тәрбиесіндегі ұстаздардың алатын орнын жоққа шығару мүмкін емес. Дегенмен, ұрпақ тәрбиесінде ата-ана мен ұстаздан кейінгі әсерлі дүние, ол баланың дүниетанымына, өмірлік ұстанымының қалыптасуына, тіпті сезіміне ықпал беретін балалар әдебиеті екені анық. Еліміз, егемендік алғалы, қазақ балалар әдебиеті де жан-жақты дамып, өркендеп келе жатыр десек қателеспейміз. Балаларға арналған түрлі мерзімдік басылымдар, сәбилерге арнап жасалған көркем суретті әдебиеттер молынан жарық көруде. Әйтсе де, ол әдебиеттің сапасы, баланың жасына, түсінігіне лайықты болуы, сапалық тұсы, қолға алған әдебиеттің баланы қызықтыра алатындай көркем суретті болуы жағы жіті қадағалауды қажет етеді.

Мектеп оқушыларына арналған шығармаларды балалардың жас ерекшелігіне байланысты шартты түрде екіге бөлеміз. Бірі-төменгі сынып оқушыларына арналған драмалық туындылар болса, екіншісі-жоғары сынып оқушылары үшін жазылған туындылар. Онымен бірге тікелей балалар туралы болмаса да, олар үлгі-өнеге алатын, рухани-эстетикалық нәр алатын қазақ әдебиетінің інжулеріне арналған бірқатар туындыларды да атап өтуге болады. Бала жасының әр кезеңінің өзіндік ерекшеліктері бар. Жасөспірімдер дегеніміз үлкендер мен балалар арасындағы «өтпелі» деп аталатын 13-15 жастағылар. Осы уақытта жеткіншектер ерекше әсерленгіш, сезімтал келетіні белгілі. Қазіргі заманның ақпараттар ағымы заманы болуының да кейінгі балалар әдебиеті сипатына әсер етіп отырғаны анық. Мол ақпарат пен әр түрлі әсері бар шетелдік кинотуындылар тасқыны кезінде өскелең ұрпақтың дұрыс бағыт таңдай білуі де бүгінгі кезеңнің басты талабы. Жас жеткіншектің рухани дүниесінің дұрыс қалыптасуына тікелей әсер ететін мәнді құралдың бірі – әдебиет.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесі бүгінгі таңға дейін қазақ балалар прозасының ішіндегі ең таңдаулы шығарма ретіндегі өзінің көркемдік-идеялық тұғырынан әлі күнге түсе қойған жоқ. Повесть балаларға арналған көркем әдеби туындылардың алдыңғы қатарлы үлгісінде жазылған. Мұнда бір-бірінен салалап еріліп отыратын қызықты сюжеттік желілер де, психологиялық әлеуметтік шиеленіскен тартыс та, бояуы қанық, тұлғалануы қызықты көркем бейнелер де бар. Шығарманың стильдік тұрғыдан жатық орындалуы туралы кезінде әдебиет зерттеушілері объективті пікірлер айтқан болатын. Ол - қазақ балалар әдебиеті тарихы ғылымында бұған дейін жете талданып, өз бағасын алған туынды. Мысалы, академик С.Қирабаев: «*Б.Соқпақбаевтың повесі қиялшыл, сезімтал, зейінді бала Қожаның бейнесін тамаша жасауымен бағалы. Жазушы оның рухани өсуін, сана-сезімнің жетілуін нанымды аша білген. Жастар прозасы нәзік лирикаға, жастардың*

жан-сезімін танытар психологиялық суретке бай» деген тұжырымды ой айтады [46]. Қожаның бейнесіндегі өте күрделі типтік характер көрінісі арқылы автордың шеберлігі көрініп тұр. Бір Қожаның бойына екі түрлі мінезді жинақтау арқылы жазушы позициясын байқаймыз. Біріншісі, тентек, сотқар Қожа болса, екіншісі, ақылды, нәзік жанды, намысқой, жаны тез жараланғыш. Қожа бойындағы екі мінезді қатарластыра алу арқылы суреткер, күрделі мінезді жеткіншек бейнесін сомдап берген. Қожаның тентектігінің негізіне әлеуметтік моральдық астарына үңіле білу қажет. Шығарманың басындағы Қожа бейнесі мен соңындағы Қожа екі бөлек. Қаншама тентектік жасаған Қожа шығарма соңына карай өзінің сол әрекеттерінен бірте-бірте пайымды ой түйе бастайды. Өзін-өзі сынап, өзіне-өзі сұрақ қойып жүрген Қожа - енді басқа қырынан көрінетін адам. Жазушының айтпақ ойының өзегі осынау бір адамның екіге бөлінетін шиеленісінде жатыр. Оның тентектігін көрсете отырып, артынан өз қылықтарының дұрыс еместігіне көзін жеткізу, ой түйдіру арқылы жазушы жас оқырманын Қожа бейнесінен үлгі алуға шақырады.

«Менің атым... Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады» [30, б. 2] деп бастау алатын, белгілі қаламгер Б. Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа» әңгімесі бала көзімен, дүниетанымымен суреттелетін шындық өмірдің боямасыз бейнелерімен оқырманның жүрегіне жол салған қызықты шығарма. Түн ортасына дейін шам жарығымен таза бала махаббаты Жанарға «кеудесі толы сезімін сүйкектетіп», Абай Құнанбаев атасына еліктеп, шабыты тасып, ғашықтық өлеңдерін жазып, жыр арнаушы еді. Сол кездегі ерекше мінезді, сыныптың озат оқушысы, «жазушы боламын» деген арманшыл аңқау бала Қожаның бейнесі қуаныш сыйлап, қалай да таңдандырмай қоймайды, және сол образын қазіргі балалардың бойынан таба алмай амалсыз бас шайқайсың. Сол себепті, ол Қожа пейзажды, табиған көріністерін жанындай жақсы көретін.

«Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады» деп М.Жұмабаев айтқандай [47]. Қожаның сөз саптауынан, іс-әрекетінен қазақтың қонақжай, сабырлы, қарапайым мінезін көре аламыз ба? Бұрынғы Қожа мен қазіргі Қожаның айырмашылықтары бар деп ойлайсыз ба?

Қазіргі Қожаларға тәрбие берудің басты негізі телеарна мен интернет екендігі белгілі. Қазақстандық әлеуметтік зерттеушілер «Балалар күніне орта есеппен алғанда өлімге қатысты 17 және қатыгездікке қатысты 37 көрініс көреді» дейді. Осылай күн бойы теледидарға телміріп отырған балалар ұлт тәрбиесін қайдан көрсін?!

Ұлттық теледидарларда үнемі көрсетілетін «Алдараспан», «Зіл-Әзіл», «Наша Казаша» сияқты әзіл-сықақ шоулар жас жеткіншектерді арзан күлкі мен мағынасыз сөзге үйір қылып, қиялдаудан алыстатып, бос әрекетке үйретеді. Содан болса керек, мектеп жасындағы оқушылардың қарапайым сөз қолданысынан «басыңды қадаймын», «атсың», «базар жоқ», «прикинь», «братан» деген сияқты сөздерді де естім тұратынымыз өтірік емес.

Жайлаудан қайтып келе жатқанда, «жұпар аңқыған кең жазықтың төсінде» арманға беріліп: *«Абай мен Қасымды қанша оқысам да менің сусыным қанбайды. Қайталап оқи бергім келеді, оқи бергім келеді... Мен Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күйлерін тыңдағанда өзімді өзім ұмытып кетемін. Махамбет жырының әр сөзінің астарынан дүрсілдеген ат дүбірін, қарш-құрш сілтескен найза, қылыш үндерін естігендей болам. О, қасиетіңнен айналайын қазақ жері...»* деп емірене толғанбаушы ма еді?! [30, б. 49].

Ал, «Балалық шаққа саяхаттың» кейіпкері Бердібектің өмір тану жолындағы іс-әрекеттері, өзінше жасайтын пайымдаулары басқа да жас кейіпкерлердің басында жиі кездесетін, яғни, типтік жағдай. Осы арада орыс балалар әдебиетін зерттеуші ғалым А.Акимовтың мына бір пікіріне арқа сүйеген де орынды болар еді: *«Осынау сарқылмас бұлақ көшінен дәм татқан оқырман рухани байи түсіп, өз өміріне қайта оралып соғады, сөйтіп оны басқа сапалық тұрғыдан қабылдайтын болады. Дүниені жаңадан ашқандай болған ол өзін-өзі ашады. Айналып келгенде өнердің, әдебиеттің басты мақсаты адамның өзін-өзі ашуы болып табылады»* [48]. Яғни, жас кездегі өмір тәжірибесін, сол кезеңде санада жатталған әсер іздерін басқа бір құбылыспен, әсерлі баламамен ауыстыру қиын. Повесть кейіпкерінің кейін адам жанының инженері, жазушы болып шығуына осынау өзін-өзі тани білу жолдары, өмірден көрген ащы тәжірибелері әсер етпеді деуге бола ма? Әсіресе өктем жандардың, қатарлас тентек балалардың негізсіз киянаттары шығарма бетінде көркем баяндалып отырады.

Қарадай торығып, үмітсіздікке берілу - Бердібекке жат мінез. Күйзеліп, қапа болып, уайымдағанымен, ол шарасыздыққа берілмейді. Бұл психологиялық фактор. *«Өкініш пен үмітсіздік - уайым-қайғы нәтижесінде пайда болатын эмоция. Мұндайда адамның келешектен үміті болмайды. Оның қайғы-қасіреті шексіз болып көрінеді. Онда ешбір амал-әрекет таба алмайтындай сезім пайда болады. Кейбір еркі нашар адамдар өзіне-өзі қол салып, өлтіруге дейін барады. Өйткені, бұдан былай өмір сүруінің пайдасыз екендігіне, оның уайым-қайғысын еш нәрсе жеңілдете алмайтындығына шексіз сенеді»* дейді адам психологиясын зерттеуші көрнекті ғалым Т.Тәжібаев [27]. Демек, адам алуан уайым-қайғыны бастан өткізіп жатса да, бала Бердібек образының күрес үстіндегі әрекеттері бұл ғылыми тұжырымда айтылатын еркі нашар адамның әрекеті емес. Жас та болса, оның бойында күрескерлік оты бар. Бұл бейне оқырман үшін осынысымен де құнды. Бұндай кейіпкерлер жас оқырман бойындағы күрескерлік рухты ұштай түсері анық. «Балалық шаққа саяхат» повесінің идеялық, эстетикалық салмағын бас кейіпкер Бердібек бейнесінің сомдалу деңгейімен де өлшеген абзал.

Ертедегі ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастап қалыптасқан жазба әдебиетімізге дейінгі аралықта кейіпкерлердің жасалу тәсіліне зер сала қараған кезде алтын арқау тәрізді үзілмей тартылып келе жатқан ортақ желі аңғарылады. Ол – шығарма авторларының адамгершілік рухты биікке көтеріп, асқақ ту етіп ұстайтындығы. Осынау жоғары мұратты жалаулатып көрсету міндеті әдетте бас кейіпкерге жүктеледі. Ендеше жалпы адамзат қоғамына,

оның ішінде қазақ жұртына тән адамгершілік биік болмыс-бітім балалар прозасының кейіпкерлерінен де орынды көрініс тауып отырады. Жоғарыда талданған шығармаларда осы сипат анық байқалады.

Бала отбасының аясынан шығып, айналадағы басқа да адамдармен тығыз араласа бастаған сәтте еріксіз сол ортаның ықпалына түседі. Бала бойында жаңа мінез-құлықтар, тосын көзқарастар пайда болуы әбден ықтимал. Одан кейін баланың білім мен тәлім-тәрбие алатын ортасы адам ретінде қалыптасу, өз алдына жеке тәрбие мектебі сынды екенін тағы да ескерген жөн. Көркем шығармадағы баланың адам ретіндегі өсу эволюциясына жазушылар, міне, осындай өмір шындығы тұрғысынан келгенде ғана олар жасаған бала образдарының реалистік бояуы айқындала түспекші. Сондықтан қазақ прозасындағы балалар бейнелерінің жасалу жолдарын, көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында жас кейіпкердің шығармадағы ересек адамдармен қарым-қатынасы факторына ғылыми еңбекте терең талдау жасалынды. Балаларға арналған шығармалардың басым көпшілігінде дерлік жас кейіпкерлермен бірге үлкен кісілердің де бейнелері жасалып отырады. Балалар сияқты олар да әр алуан сипаттағы жандар. Сол әр алуандылығымен-ақ олар балалар өміріне әр қырынан әсер етеді. Бұл күрделі мәселе жөнінде ғалым В.С.Мухинаның мына пікіріндегі тұжырым біршама айқын: Баланың әлеуметтік дамуы екі бағытта жүреді: *«Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы ережелерін игеру және баланың тұрақты заттар әлемімен қарым-қатынас арқылы. Бұл процесс делдал (үлкендер) және әлеуметтік нормаларды игеретін қатысушы (құрдасы) арқылы іске асады»* [49].

Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен қатар келген «Балалар әдебиетін қолдау» жылының алдында танымал ақын М.Ершудың «Кітапхана педагогикасы»: «Ертегі терапия» атты кітабы оқырманға жол ашты. Автордың сөзінше *«Ертегі терапия – халық ауыз әдебиеті үлгілерімен үндесіп, фантазиялармен байытылған шығармашылық әдіс»*. Бүгінде ертегі терапия Батыс елдерінде, Ресей мектептерінің іс- тәжірибелерінде методикалық әрі шығармашылық әдіс ретінде кеңінен қолданылуда» [50].

Көпшілік оқырманға танымал «Тауға саяхат» әңгіме-хикаятының авторы Мейіржан Жылқыбай бүгінгінің балаларын «кішкентай ересектер» деп санайды. Осы арқылы жоғарыда айтқан ойымызды – қазіргі ұрпақтардың сана-сезімі, дүниетанымы, талаптары біз ойлағаннан әлдеқайда тереңірек екенін тағы да дәлелдейміз. Ия, «кішкентай ересектерді» қинап оқыта алмайтынын түсінген заманауи жазушылар аз да болса, оқырманға өтімді туындыларымен қуантуда. Автордың жоғарыда аталған қаламалды жинағы 2008 жылы Дулат Исабековтің алғысөзімен жарық көріп, кішкентай оқырмандарын тез арада баурап алды. Бұл шығармашылықтың талғампаз оқырмандардың тандауына айналуына бірден – бір себеп *«Мейіржан Жылқыбайдың айтуынша, кез келген бала кітаптағы суреттерге қарап, әңгіменің сюжетін, автордың ойын түсіне алады, ол үшін белгілі бір тілді білуі де қажет емес Яғни, автор кітапты аниме жанрына ұқсатып жазғандай, оқып отырып, мультфильм көргендей болдым»* деген еді Дулат Исабеков [46].

Бүгінгі таңда балаларға арнап үш тілде шығармалар жазып жүрген жазушы Жан Аманий ертегілеріндегі кейіпкерлерді өз заманының қаһармандары етіп, рухани-адамгершілік тәрбиені насихаттайды. «Даниялдың ғажайып әлемінде» 21-ғасыр балаларының арман-мақсаттарын басты кейіпкердің бойында ұштастырса, «Алуан түсті балықтар және Дария» ертегісі адамгершілік құндылықтарды насихаттайды. «Қызыл бәтенкенің бастан кешкендері» атты ертегісі иесіне өкпелеген аяқ киімнің үйден қашып кетуімен шытырман қызыққа толы оқиғалармен баяндалады.

Қазіргі балалар әдебиетінің жарқын өкілі ретінде жазушы Нұрдәулет Ақышты атауға болады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жұмбақ іздер», «Момақан қыз», «Қиырдан келген көгершін» атты туындылар жинағы қазақ тілді оқырмандарға жақсы таныс. Автор шығармашылығының ерекшелігі сонда – балалардың жас және ақыл-ой ерекшелігін түйсіне отырып, олардың жанына жақын өмірлік оқиғаларды тәрбиелік мәнімен қабаттастыра шебер әрі тартымды суреттейді. *«Н.Ақыштың балаларға бағытталған туындысының көбі кеңестік уақытта жазылса да, ой желісі, көтерген мәселесі, өзектілігі әлі ескірген емес. Құндылығын жоймаған әңгіме-хикаяттар бүгінгі күннің жас оқырманына да қызмет етіп, оның рухани қажеттілігін өтейді деген ойдамыз»* деген пікірде әдебиеттанушы Әлібек Байбол [51]. Әдебиеттанушының бұл сөзімен келіспеске болмайды. Себебі, кез келген шығарманың кейіпкері адалдық жолын көксеген, бойында адамгершілігі басым тұлға. Біз оның арман-мақсатының орындалуына іштей тілекші болып отырамыз. Шығарма кейіпкері оқырманымен дос болу керек. Халықтың рухани даму мәселелері – өзгермелі дәуіріміздің ең өзекті мәселесі. Себебі, әлеуметтің рухани-мәдени болмысы жұртшылықты алаңдатуда. Ол халықтың, саяси-моральдық шаршауына елдің әлеуметтік-экономикалық құлдырауына әкелуі мүмкін.

Әдеби ұлттық құндылықтарды бағалаудағы салғырттық, немқұрайлық, жазушыларды толғандыруда. Осы жөнінде «Ұлттық идея-белгілі бір ұлтқа тән, ұлттық идея-ұлттың болмыс-қасиетінің бейнесі іспеттес. Ұлт тағдыры дегенді игі қазақ тағдыры деп ұғамыз» деген ой-тұжырым сол уақыт жазушыларының бағдарын анықтағандай. Бір әлеуметтік жүйе екіншісіне ауысқанда осындай мәселелер жиі кездеседі. Қазіргі таңда кең етек жайып, белес алып, дамып келе жатқан адами қатыгездік секілді мінездерін суреттеу үшін соған сай жағдай көрсету керек. Ұлттық мәдени және өркениет жағдайлары біріне-бірі сәйкес келе бермеуі мүмкін. Ғылым мен ақпараттық технологияның жетістіктердің адам баласына жаңалықпен қатар қарбалас әкелетіні де шындық өмір. Қазіргі тұрмыс етіп отырған еліміздегі жағдай жұрттың тіршілігі, күнделікті тіршілік қамы, олардың ел ертеңі, ұлттық мәдениет, азаматтық борыш деген үлкен ұғымдар жайлы ойлауына, оған өз ықпалын тигізуге, талаптануына мүмкіндік бермеуде. Адамзат терең түсініп, рухани және мәдени құндылықтардан бірте-бірте жатсынып келе жатқаны шындық. Адамдардың қоғамдық халінің қиындауы оның мінезіне, ішкі дүниесіне, психологиясына көп ерекшеліктер алып келді. Көзқарасынан бастап, сыртқы бет-әлпеті, жүріс-тұрысы,

айналасындағылармен қарым-қатынасына да белгілі өзгерістерге ұшырады. Осының бәрі олардың көзқарасына да әсер етті.

Жазушылар қоғамның жан дүниесін бейнелеу, ұлттың патриоттық сезімін ояту үшін туындыларында өзекті мәселелерді көтере отырып, олардың шешімін табу жолдарын ұсынады, әдиет пен оқырманды бір-біріне жақындату үшін халық қызығатын шығармалар жазады. Өйткен, өтпелі кездің қиындығы ең бірінші жұрт пен оның өнер-біліміне қатты ықпал етті. Әдебиет өкілдерінің шығармаларында көбінесе қайтсем тыныш өмір сүрсем, білім алып, елімнің қорғаушысы болсам, қоғамға пайдамды тигізсем деген үлгі боларлық кейіпкерлер образы қайтадан көріне бастады. Осы секілді адамзаттық мәселелер қазіргі қазақ шығармаларындағы мәселелердің сипатталуына бастау болды. Қоғамдық, ішкі психологиялық арпалыс біріне-бірі ауыса отырып, кезең образының мінез болмысымен бағалауды көркемдікпен игере бастады.

Қазақ балалар әдебиетінің әр дәуірде әртүрлі дамуына қоғамдағы, еліміздегі әлеуметтік мәселелер, орыс және шет елдердің әдебиет қатыр ықпал етті. Сол себепті, қазіргі таңда көркемдік тәжірибесі толысқан қазақ балалар әдебиеті әрқилы, заман талабына сай тақырыпта, әр жастағы балаларға арналған шығармалар ұсынып келеді. Кез келген шығарманың кейіпкері сол шығарма туған заманның бейнесі, келбеті. Демек, сол уақыттың жеткізуші үні. Әр заман кейіпкерінің оқырманға әр түрлі әсер етуі қалыпты. Жоғарыда атап өткеніміздей, қай шығарманың болмасын мақсаты – оқырманын адамгершілік, мейірімділік секілді қасиеттерге баулып, ізгілендіру. Шығарма кейіпкерінің кері типтегі болуы кездеспейді. Барлық образдар жақсылыққа, тәрбиелікке шақырады. Жасөспірімдердің образының оқушы оқырманға қалай әсер ететіні туралы сұрақтың көлемінде әңгіме өрбітсек, жазушылар үшін алдағы уақытқа мақсат пен міндет шыға келеді. Кез келген шығарма, туынды оқырманын тәрбиелеуге бағытталғанын ескерсек, біздің әдебиеттегі образдарды жасауда аса сақ болғанымыз жөн.

Бүгінгі қоғамның балаларына Қожа мен Аян, Бектас, Қасымдардың тағдыры толыққанды түсінікті бола қоймас. Себебі, қазіргі ұрпақтың тәуелсіз, еркін елдің балалары екенін ескерсек, ол замандағы қаһармандардың ерліктері әсер ете қоюы екіталай. Осы тұрғыдан, қазіргі балаларға өз қаһармандары керектігі, олардың өз өмір сүру ортасынан шыққан кейіпкерлердің жақын болатыны, бүгінгі балалар жазушыларына осы мақсатта жұмыс жасау керектігін айқындап бергендей. Ендігі мақсат – заманауи балалар сенетін, олар қызыға оқитын, оқи отыра өз қаһармандарынан үлгі алатын кейіпкер образдарын жасап шығару. Сонымен, соңғы 30-жылдықта қалыптасқан қазақ балалар әдебиетінің жалпы көрінісі қандай? Тәуелсіз Қазақстанның балалар көркем әдебиеті – қазақ халық ауыз әдебиеті мен кеңестік классикалық балалар әдебиетінен мұраға қалған адамгершілік-эстетикалық құндылықтарды сақтай отырып, жас ұрпақты адамгершілік пен идеялық тұрғыдан тәрбиелейді, әдеби талғамды қалыптастырудың, өмірлік тәжірибені байытудың көзі, жастардың эмоционалды және эстетикалық мәдениетін арттырады, өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал етеді. Ең бастысы, «ақпараттар заманында» баланы өз білімін өз бетінше

толықтыра білуге, ғылыми және саяси ақпараттың жылдам ағымында бағдарлай білуге дағдыландыра отырып, ұлттық, рухани, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруді ұмытпау аса маңызды.

Қазақстан Республикасы егемен ел атануымен балаларға арналған әдебиет өкілдеріне де толықтай дербестік келді. Ешқандай астарлы саясатты насихаттамайтын, ешкімге қарайламайтын, шынайы тәуелсіз көркем әдебиеттің майданына 2021 жылы 30 жыл толды. Тәуелсіздік жылдарында басылып шыққан балаларға арналған туындылардың 3/4 бөлігі қазақ тілінде дейді ресми статистика. Дегенмен де, бүгінгі қазақ балалар әдебиеті өзінің сын сағаттарын кешуде деген пікір қалыптасқан. Оның себебі - біршама. Солардың бірі - бүгінгі балалар – аса талғампаз. Шығарманың қарапайым тілде әрі тартымды жазылуынан бөлек, баланың назарын алғашқы 15 секундта ұстап қалмаса, ол шығарманы аяғына дейін оқуға шыдамайды. Одан бөлек, балалар ұзақ жазылған шығармаларды оқудан қашады. Жас жеткіншектер көлемі 500 сөзден аса әңгіме, романдарға кішкене тосырқап қарайды. Себебі, олар аз уақыт ішінде өзгеріп отыратын қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруде. Бұл қазақ балалар әдебиетінен жаңа формаларды және форматтарды, әдіс-тәсілдер мен жаңа ақпараттық технологияларды талап етеді. Егер осы жағдайды ескермесек, заман талабына сай, ұлттық қазақ балалар әдебиетін дамытып өрлетпесек, елдің ертеңгі күнгі тізгінін ұстар жастарды бөгденің торына тастап, орға жыққандай болып шығамыз. *«Болашақ ұрпақ бүгінгі өмір шындығын, бүгінгі адамдарды бүгінгі әдебиеттің жасап беріп кететін көркем туындыларымен танып білмек. Демек, біздің болашаққа табыс ететін ескерткішіміздің бірі де осы өз замандастарымыздың бүгінгі шындығын, бүгінгі шежіресін жазып қалдыру»* деп, әдебиетші З.Серікқалиев орынды айтқан болатын [52].

Қаламгер үшін басты көркем тұлғаның адамгершілік-көркемдік өресі, оның өмірде ұстанған азаматтық позициясы қымбат. Шығарманы туындату барысында қазақ жазушыларының бас кейіпкерге биік адамгершілік мұраттарды жүктейтіні тегін емес. Бұл бір жағы халқымыздың адамгершілік туралы ұлттық көзқарасынан, рухани ділінен туындайтыны сөзсіз.

2 БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР ОБРАЗЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫН ТАНЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

2.1 Жалпы білім беретін мектептерде балалар әдебиетін оқытудың дидактикалық ұстанымдары

Балалар әдебиеті – рухани қазына және балалар өмірінің шежіресі. Ең негізгісі – балалардың рухани жан дүниесін байытып, Отаны мен жеріне деген сүйіспеншілікке, ата-анасын сыйлауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, имандылыққа тәрбиелейтін басты құрал.

Халқымыз қашан да ұрпақ тәрбиесіне көп мән беріп келгендігі белгілі. Ұрпақ тәрбиесінде, әлбетте, отбасының орны бөлек. Жаһандану заманы келіп, электронды ақпараттар жастарды жан-жақтан қоршаған сәтте, бала тәрбиесіне кімнің немесе ненің әсері көп болады деген сауал ойға оралады. Өкінішке орай, ата-ананың ертеден кешке дейін қаржы табудың соңында жүріп, бала тәрбиесін балабақшаға, одан кейін, мектепке жүктеп, үй бетін көрмеуінің салқын ізі көрінеді. Себебі, қанша балаларға арналған мекеме болмасын, ертең өмір табалдырығын аттайтын жас адам үшін олар ата-ананың жан жылуын, мейірімін бере де алмайды, ол жылылықты ауыстыру да мүмкін емес.

Балаларға арналған туындыларды жазарда, оқығанының барлығына сенетін, кіршіксіз жүрек иесінің көңілін жығатындай жасанды мағлұмат кездеспеуі керек. Кез келген нәрсеге сезім көкжиегімен назар салатын оқырманға көңілінен шығатындай таза дүние ұсыну қажет. Ал ересектерге еліктеп, барлығына қызығатын жеткіншек жастағы балаларға өмірлік ақыл-кеңестерді тауып алатындай, өз түйсігімен түсініп, кейіпкер басынан өткен қызықты оқиғасынан сабақ алатындай, шиеленісі орташа деңгейдегі туындылармен қамтамасыз ету ләзім. Үлкендерге арналған әдеби шығармаларды оқуға балалардың төзімі де, ойлау қабілеті де жете бермейді. Қабылдауға ауыр келіп, ойына күш түсіруі мүмкін. Бүлдіршіндердің қазіргі жағдайына мән бермеу – келешегіміздің қамын жемеу болып табылады. Сол себепті, дамыған, қанатын кеңге жайған, тамыры тереңнен нәр алған алып шынар секілді ұлы мемлекет болуға ұмтылсақ – ұрпақтың сауатты болуына, ол үшін қажетті мүмкіндіктермен қамтамасыз ету қажет. Алдымен балдырғандарға арналған өлең, жыр-шумақтарына толық зерттеу жүргізіп, тәуелсіздік кезеңіндегі балалар әдебиетінің антологиясын жасап шығару қажет. Көптеген ғалымдар мен қаламгерлердің өзі балалар әдебиетіндегі жолға қойылмаған дүние – барлық жұмыстарды жинақтап, толық жинақ шығару деп есептейді. Өнімді еңбек еткен ақын-жазушыларды мадақтап, шығармаларының қолжетімді болуына зор үлес қосу қажет.

Рухани құндылығын бойына жиған ұрпақ тәрбиелеу үшін қаламгерлерге үлкен жүк артылғаны белгілі. Кәмелет жастан асқан адам мен мүшел жасына жетпеген балдырғанның ойлау жүйесінің бір-бірінен қатты ерекшеленетіні сөзсіз. Бұл – ақын-жазушы шеберлігін сынайтын тұсы. Балалар поэзиясы мен прозасы келешек тәрбиесіне әсер ететін - құрал. Болашағына бейжай

қарамайтын кез келген халық аталмыш әдебиеттің саласына көңіл аударады. Оқырманын ойға салып, санасын сан саққа жүгіртіп, қиялына ерік беретін, өз сөзіне сендіріп, ғажайыпқа жетелейтін шығармалардың астарында да үлкен ой жатыр.

Оқыту ұстанымдары – оқытушы мен оқушылардың оқу жұмысын жүйелеп отыратын ережелер қатары. Оқыту ұстанымдарын тиімді қолдану арқылы білім алушыларға нәтижелі білім беруге бағытталады.

Иоганн Генрих Песталоцци оқытудың көрнекілік ұстанымын ерекше бағалап, оны логикалық ойлауды дамытатын маңызды құрал деп санаған; *(И.Г.Пестолоццидің осы пікірін негізге ала отырып, оқытудың бірнеше әдісін ұсынамыз. 2.3 бөлім)*. Ал, К.Д.Ушинский оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оқытудың ұстанымдарына психологиялық тұрғыдан қараған.

Ы.Алтынсарин оқыту ережелерін қазақ мектептеріндегі білім берудің ерекшеліктеріне байланысты қолдану керектігін айтқан. 1927 жылғы педагогикалық энциклопедияда педагогика ғылымы мен мектептің жетістіктері жинақталып, "ұстаным" сөзіне анықтама берілді: мақсаты, құралды таңдауға негіз болатын ой.

- А.П.Пинкевич ұсынған ұстанымдар:
 - оқытудың өмірмен және қоғамдық еңбекпен байланысы;
 - жас ерекшелігі ұстанымын сақтау;
 - оқытудық белгілі бір жас кезеңіндегі оқушылардың даму деңгейіне сәйкес болуы;
 - пән мазмұнының ерекшеліктерін, әдістерін анықтау.
Жоғарыда келтірілген ұстанымдар білім алушыларға жүйелі білім беруге бағытталады.

2-кесте. Дидактикалық ұстанымдар

Дидактикалық ұстанымдар:	Бұл ұстанымдар білім алушыларға:
- Оқытудың ғылымилығы; - Оқытудың тәрбиелілігі; - Оқытудың көрнекілігі; - Оқудағы саналылық пен белсенділік; - Оқудағы жүйелілік пен сабақтастық, түсініктілігі; - Оқытудың білімді терең және тиянақты меңгеруі;	- Ғылым негіздерін үйренуге; - Ұлттық сана-сезімі мен құндылық бағдарын түсінуге; - Шығармашылық және логикалық ойлау жүйесін құруға; - Меңгерген білімін өмірде қолдануға; - Адамдармен қарым-қатынас жасауға; - Оқуда табысқа жетуге бағыт-бағдар береді.

Бұл ұстанымдар берік болуы үшін оқушының санасында қоршаған дүние жақсы бейнеленуі керек. Ол үшін ғылыми білімдер жүйелі және оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне қарай беріледі. Жеке бөліктерден тұратын оқыту процесі оқушылардың білімді меңгеруіне көмектеседі. Дағдыларды қалыптастыру үшін жаттығулар, ақыл-ой тәрбиесін беру үшін сыни тұрғыдан

және логикалық ойлау деңгейін жетілдіруге талап ететін шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылады.

Дидактиканың үлкен бөлімі – білім мазмұнын жіктеу және сұрыптау. Сол себепті, қазақ әдебиетінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы жинақталып жүрген құндылықтарын оқу, іріктеу мектеп бағдарламасына енгізу, талдау жұмыстарын жүргізу – әдіскерлік тәжірибені керек етеді. Осы мәселе жайында әдебиеттанушы ғалымдардың да негіз етіп атап өткені белгілі. *«Әрине, жаңа кезең көркем кітабының бәрі бірдей қалам ұшына іліккен жоқ. Кейбір татымды туынды әртүрлі себеппен назарға түспей қалды да. Түспей қалуының бір себебі, әдебиет тарихы баспа жүзін көрген шығарманың құнын айырмай, шетінен тықпалай беруді көтермейді. Қазір не көп – қағаз топаны көп»* [52]. Проза әлеміне де, өлең өлкесіне де кіруге лайықсыз, әдебиетпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын шалажансар шимайлардың бүгіндері қаптап кеткені жасырын емес. Қара нөпірім басылым арасынан ауыз тұшырлық кісі қызығарлық дүниені айырып алудың өзі бірталай жұмыс. Дәмі жоқ, татуы жоқ сүреңсіздіктің насихатталуы бос әурешілдік. Сондықтан кітапта бүгінгі тәуелсіздік әдебиетінің әжетке жарайтыны, жілігі татиды дегендері ғана іріктеліп талданды.

Қазіргі қазақ көркем шығармалары мен оқушы оқырман арасында авторитарлық ой-пікір орын алмауы қажет. Сол себепті, баланың оқырман ретіндегі өзіндік пікірі, білім алушы жеке тұлға ретінде өзіндік ізденіс арқылы оқу әдістері, көзқарастары қалыптасуына және де олардың рухани, патриоттық, көркемдік тұрғыдан өз Отанын ардақ тұтатын жеке тұлға ретінде дамуына жол ашу – қазақ әдебиетін оқыту әдіскерлері мен ғалымдардың мақсаты.

Қазақ балалар әдебиетін оқытуда жалпы білім беретін мектептерде жаңашыл әдістемелер көптеп пайдаланылуы керек. Жоғарыда айтылғандардың барлығы, балалар үшін көркем әдебиетті оқудың қаншалықты маңызды екендігін дәлелдейді. Шығармадағы кейіпкерлер образы балаларға түсінікті, мағыналы тапсырмалармен жүйелі берілсе, жасөспірім өзіне үлгі тұтарлық образдармен танысады, әдеби шығармаларға деген сүйіспеншілік пайда болады. Педагогтің міндеті – шығарма төңірегінде жүйелі тапсырмалар құрып, заманауи технологиялар арқылы жаңа әдіс-тәсілдермен жұмыс жасау.

«Әдіс» – оқытушы мен оқушының бірлігінен туатын оқу-танымдық іс-әрекет. Тақырыпты ашатын, балаларға түсінікті, сабақ мақсатына сай таңдалған әдіс, оқушының білім мазмұның толық игеріп, жеке тұлға ретінде өзіндік көзқарасы туындауына әсер етеді.

Дидактикалық ұстанымдар — оқу барысын мақсатты түрде мазмұнды, мағыналы ұйымдастыруға негіздейтін қағидалар. Ұстанымдарда оқу үрдісін дұрыс жүргізу негіздері беріледі. Сонымен қатар, дидактикалық ұстанымдары, белгілі бір мақсат пен заңдылыққа сай қолдану жолын сипаттайды. Ережелер — белгіленген мақсаттарға жетудің нақты ұстанымдарына бағытталған оқу іс-әрекетінң бейнесі. Ережелер оқу ұстанымдарынан бастау алады. Ал, ұстанымдар белгілі-бір мақсатқа негізделген ережелермен жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда оқыту ұстанымдары дидактикалық үдерістің белгіленген тұжырымдамасын құрып, жүйе құрайды. Осындай жүйеге нақты логикалық негізде ұстанымдар құрылады.

Я.А.Коменский ұстанымдар жүйесін оқытудың табиғи үйлесімділік ұстанымына сәйкестендіре анықтады. *«А.Дистервег дидактикалық ұстанымдарды:*

- оқыту мазмұнына;
- оқытушыларға;
- оқушыларға қойылатын талаптар ретінде қарастырды» [53].

Біз жоғарыда атап өткеніміздей, балалар әдебиеті тиісті деңгейде насихатталып жүр ме деген сұрақтың төңірегінде ой қозғағанбыз. Жалпы білім беретін мектептерде балалар әдебиетін оқытпас бұрын, әдебиеттегі образдарға балалардың махаббатын ашып алу керек. Олардың іс-әрекеттерінен үлгі алып, шабыттанатындай қызығушылық тудырту – басты ұстаным. Әсіресе, қазақ әдебиеті сабағында әдеби шығарманы талдауға кіріспес бұрын, оны дауыстап оқып, немесе көрнекілік құралдарды пайдаланым баланың қызығушылығын ояту керек. Сол кезде көркем шығарма балаларға барынша әсер етеді. Ал, әсерленген оқушының өзі-ақ ол шығарманы оқуға құлшынысы артады.

Әдебиетті оқыту арқылы оқушыға көркем, әдеби шығарманы оқытудың теориясын және әдістемесін қатар қарастырумен бірге оның өнер екендігін де ескергеніміз жөн. Себебі, игерілуі қажет ұғым, сөздің мағынасы, айтылған ой оқушыға әсер етерліктей деңгейді болса, ол баланың терең ойланып, өзіндік пікірін бүкпей айтуына үйретеді. Және сол әсер баланың санасына ықпал етеді. Сол әсердің нәтижесінде балада пәнге деген қызығушылық пайда болып, шығарманы оқуға талаптанады.

«Әдіскер-ғалым Н.И.Кудряшев әдебиет пәнінен оқу-танымдық жұмыстарды ұйымдастырудың тұтас құрылым жүйесін ойластырды. Ғалым бірнеше әдістерді ұсынады. Олар:

- Шығармашылық оқу әдісі;
- Эвристикалық әдіс;
- Зерттеу әдісі;
- Репродуктивті әдіс» [53].


Әдебиет пәнінде әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану үшін әдіскер ғалымдардың әдістер жүйесіне анализ жасай келіп, пәннің мазмұны мен өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес әдістердің мүмкіндіктерін қарастырып көрейік.

Аталған әдістердің қолдануында берілетін оқу материалының мазмұнын ескеріп, тек тиімдісін ғана қолданған дұрыс.

Біз педагогика ғылымы ұсынған көптеген әдістерді негізге ала отырып, образ эволюциясын жасауда қандай тиімді әдіс қолданған дұрыс деген сұрақтың төңірегінде мәселе қарастыруымыз керекпіз. Жоғарыда аталған әдістердің арасында бізге жақыны шығармашылық әдіс болса, оны қолдану мүмкіндіктерін қарастыру керек.

Оқытудағы бірінші мақсат мәселені шеше отырып, балаға білім беру. Сабақ барысында, тақырыпты ашу барысында даярлаған әдіс-тәсілдеріміз

мақсатты түрде жүзеге аспай, қиындықтарға ұшырауы мүмкін. Сол себепті алдымен қазіргі таңда оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты анықтау, оны жақсарту жолы көбірек зерттеуді қажет етеді. Аталған мәселелерді негізге ала отырып, біз мектептердегі қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін өткізу барысындағы қиынға соғатын процесстерді пайыздық тұрғыда анықтаған болатынбыз:



1-диаграмма. Қазақ тілі және әдебиеті пәндерін өткізу барысында қиынға соғатын процесс

Жоғарыда көрсетілген тірек-сызбада қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында қиынға соғатын процесстерді пайыздық үлеспен қарастырып көрдік. Аталған мәселелерді шешу арқылы біз оқытудың тәсілдерін жақсарт аламыз.

2.2 Қазақ балалар әдебиетінің мектеп бағдарламаларында қамтылуы

Мектеп оқушылары қазақ әдебиеті пәніндегі шығармаларды оқу арқылы төл әдебиетіміздің алтын жауһарларымен сусындай бастайды. Дегенмен, бізді олардың әдебиетке деген қызығушылығын жоғалтып алмаймыз ба деген ой мазалайды. Неге? Өйткені, мектеп бағдарламасының жаңартылған білім беру жүйесіне көшуі кезінде қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдіснамасында бірқатар көңілге қонымсыз өзгерістер орын алды. Оған оқулық жазуда қазақ әдебиеті пәнінің өзіндік ерекшеліктерінің ескерілмеуі себеп. Соның салдарынан әдеби-тарихи кезеңдер мен қаламгерлердің шығармаларының қамтылу және олардың балалардың жас ерекшеліктеріне қарай берілу реті сақталмады. Мысал ретінде 7-сынып оқушыларына арналған қазақ әдебиеті оқулығын алып қарайық. Оқулықтағы кемшіліктерді сөз етпес бұрын мәселенің түп-төркіні оқу

бағдарламасында екенін айта кеткен жөн. Әрбір оқулық соған сай жасалады. Сондықтан бәрін түзету үшін оқу бағдарламасынан бастау керек. Ал, енді кітаптардағы тапсырмалардың барысына келсек. Қазақ әдебиетінің алтын жауһарларының бәрін әдебиет оқулығына сыйғызу мүмкін емес. Сағат саны азайып кеткен. Есесіне, оқушыларға қосымша әдістемелік нұсқау, хрестоматия, жаңа тақырыпты меңгеруге арналған және «Зергер сөз», «Сөзмаржан», «Даналық ойдан сөз ізде», «Бағалы дерек», «Сөздің көркі мақал», «Артық болмас білгенің» секілді айдарлар бойынша қыруар тапсырма берілген.

Оқулықтың оқушыларға қиындық тудыратын тұсы осы – жаңа тақырыпты меңгеруге берілген уақыттың аздығы. Тақырыптың соңында тапсырмалар көп болғандықтан, сабаққа берілген уақыттың басым бөлігі соны орындауға кетіп қалады. Мұндай жағдайда мұғалімдер оқушылардың барлығынан толық сабақ сұрап үлгере алмайды. Сондықтан әдебиет пәніндегі тапсырмалардың жартысын қысқарту керек деп ойлаймын.

Оқулықтағы жаңа тақырыпты балалардың меңгеруіне берілген уақыттың аздығы жәй айтып қоя салатын мәселе емес. Өте күрделі мәселе. Өйткені, әдебиетіміздің бала бойына қазақылықты сіңіруде қосар үлесі орасан зор. Қазақ әдебиеті пәніне арналған оқулықтағы тағы бір олқылық – баланың жас ерекшелігінің ескерілмеуі. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Әдебиеттік оқу» кітабында Александр Беляевтың «Адам-балық» шығармасы берілген. Ойланып қарасақ, «Адам-балық» киносын 3-сыныптың оқушысы көре ме? Әрине, шығарма мен кино желісінде айырмашылық бар. Дегенмен, 8 жасар баланың ол шығарманы оқуы екіталай. Аударма тілінің ауырлығы қиындықты еселей түседі.

6-сынып оқулығында «Аяз би» ертегісі, 7-сынып оқулығында «Қыз Жібек» жыры, 8-сынып оқулығында халық ауыз әдебиетінің үлгілері жоқ. Ал, 9-сынып оқушыларына арналған әдебиет оқулығында айтыс туралы шолу және Біржан-Сара айтысы берілген. Осы орайда бізді «мектеп қабырғасында халық ауыз әдебиеті үлгілері толық оқытылмай ма?» деген сұрақ мазалайды. Бұрындары талданып жүрген «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырларының да балаларға таныстырылмай қалуының себебі тағы белгісіз. Барлық сынып оқулықтарында Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсариннің шығармалары болуы керек. Әдебиет оқулықтарында Айгүл Кемелбаева мен Талап Сұлтанбеков сынды қаламгерлердің шығармалары, тәуелсіздік жылдарында жарыққа шыққан жас ақындардың өлеңдері ғана қамтылған.

Ерекше атап өтетін жайт, жаңартылған білім бағдарламасында әдебиеттің тарихи кезеңі жоғары сыныптарда қамтылмауы себепті, балалар әдебиетіне көбірек орын берілетін негізгі орта (5-9 сыныптар) деңгейге ауыз әдебиетінен бастап кезең-кезеңмен әдеби шығармалар ұсынылған. Сонда 5 сынып ертегіні, аңыз, батырлар жыры, 6 сынып жыраулар поэзиясы сияқты сынып бойынша әдеби мазмұнды дәуірлеп берген. Бұл көркем шығармаға деген оқушының нағыз қызығушылығын туғызатын кезеңде тілі күрделі шығармалар беру арқылы оқушыны әдебиет әлемінен алшақтатуға әкеледі деген сөз. Сондықтан

балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясын танытуда да қиындықтар туатыны байқалады. Соның өзіндедиссертациялық жұмыста балалар әдебиеті өкілдерінің шығармашылығынан енген бірлі жарым мәтіндер арқылы жасөспірімдер образының даму өрісін танытуға күш салынды.

Қазақ әдебиетінің кейбір көрнекті өкілдері – классик ақын-жазушылардың шығармалары оқу бағдарламасына мүлдем енгізілмеген. Атап айтқанда, Ғабиден Мұстафин, Жұбан Молдағалиев, Жұмекен Нәжімеденов және басқа да белгілі қаламгерлердің еңбектері одан тыс қалған. Оның орнына оқулықтарда қалың жұртшылық біле бермейтін, әдеби ортада әлі толық мойындала қоймаған ақын-жазушылар жетерлік. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнына көшудің негізгі мақсатын бәріміз де түсініп отырмыз. Қалай десек те, әдебиеттің өзіндік тарихы бар, сондықтан авторларды ұсынуда олардың өмір сүрген дәуірі, көтерген мәселелерінің маңыздылығы ескерілуі һәм сақталуы керек деп білеміз.

«Ақ желкен» балалар мен жасөспірімдер журналы редакторының орынбасары, ақын Асылан Тілеген 21-ғасыр балаларына арналған туындыларды жазудың бірқатар ерекшеліктеріне тоқталады.

Біріншіден, *«балалар ересектерден әлдеқайда ақылды»* дейді ақын. Қолына қалам алмас бұрын автор ең алдымен өзіне «мұны бала оқи ма? Баланы қалай қызықтыруға болады?» деп саралап алу керек. Сұрақтың жауабын таппаса, балалар әлеміне еніп, олармен сұхбаттасып, неге қызығатынын біліп алу керек. Жөн-ақ, себебі бүгінгі балалар кешегі ұрпақпен пара-пар деу жаңсақ пікір.

Екіншіден, *«балаға өтірік айтпау керек»*. Бала кіршіксіз таза, өте нәзік әлемде өмір сүреді. Балаларға кез-келген шындықты көркемдеп, өзі сүйсініп оқитындай жазу қажет. Сіз жасырған шындық ашық ақпарат әлемінде бір күні ашылары хақ, сол сәтте баланың психологиясын құртып алуыңыз әбден мүмкін.

Үшіншіден, *«балаға ақыл айтпау керек»*. Ақыл-кеңесті балаға бейсаналы түрде құя білу қажет. М.Қабанбайдың бір пікірі бар: *«Ақыл айтатын дидактиканы оқыған бала сақалы бар кішкентай данышпан болып шығады»*. Балалардың қызығушылығын оятатын туындылар керек.

Төртіншіден, *«әр буын өз заманын жазуы керек»*. Балалар көркем әдебиетінде танымдық шығармалар, фантастика, мистика жанрлары жетіспейді [32, б. 43]. Қазіргі балалардың өміріндегі гаджеттерді (телефон, планшет, ютуб және тағы басқа), әртүрлі технологияларды (самокат, электромашиналар және тағы басқа) жатырқамай шығармаға енгізетін уақыт келді. Өкінішке орай, расымен де, қазақ әдебиетінде фантастикалық, мистикалық әдебиеттер жоқтың қасы. Осы кемшіліктің орнын батыстық шығармалар толықтыруда. Соңғы жылдардағы өзгерістерді бақылап отырсақ, 21 - ғасырдағы балалар әдебиеті бұқаралық мәдениеттің бір саласына айналып бара жатқандай. Аталған құбылыс екі ғасыр тоғысында, бұқаралық санада «поп музыка», «антителлектуализм», «блогерлік тіл» және тағы басқалары қалыптасып жатқан кезеңде туындайды. Бұл нәрсе кітап сөрелеріне Джоан Роулингтің бестселлер туындысы «Гарри Поттердің» қазақша нұсқада келуімен сипатталады.

Қазақ балалар әдебиеті жеке жанр ретінде қалыптасып, даму жолында айтарлықтай идеялық өзгерістерге ұшырады. Шығарманы жазуға түрткі болған басты идея мен оған жүктелген міндеттері заман ағымымен өзгеріп отырды. 19-20 ғасыр балалар әдебиетінің кез-келгенін алып қарасақ, олардың әр қайсысы жас ерекшелігі бойынша нақты идеялық шекарасын сақтаған. Ең алдымен балалардың сауатын ашу, одан кейін моральдық құндылықтарды насихаттау, одан кейін баланың көңілін көтеру, содан барып нақты ғылымдардың негізін үйрету құралы ретінде. Ал жасөспірім шақ кезеңін сипаттайтын балалар әдебиетінің басым бөлігі – балалар әлемін түсіну әрекетіне, ересектерден ерекшеленетін баланың өмірлік мәселелерін шешудің көмекшісіне айналды.

Кеңестік балалар әдебиеті балаларға орасан зор тарихи-революциялық, азаматтық-патриоттық, еңбек және әскери маңызы бар мәліметтер береді, тұтас ел тарихындағы үлкенді-кішілі маңызы бар оқиғалардың мәнін ашады. Кішкентай оқырмандарына кеңес халқының бүгінде немен айналысып жатқанын, алдағы 5, 10 және 20 жылға қандай ауқымды жоспарлар белгілегенін қол жетімді түрде баяндап береді. Әдетте, балалар әдебиеті үшін тақырыптар шеңбері шектеулі болды. Баланың психикасына ауыр тақырыптар қозғалмайтын. Ал, 21 ғасырда бұл нақты сызылған шекара әлсіреп бара жатқан сияқты. Ересектер балалармен бұрын тыйым салынған көптеген мәселелер туралы ашық сөйлесе бастады. Қазіргі заман жазушылары өмір-өлім, соғыс, жаппай ашаршылық туралы жариялы түрде жазып жатыр. Мұндай «суық» сөздерді жаңа заман баласының психикасы қалыпты қабылдап жатқандығы таңқалдырады.

XX ғасыр басындағы балалар тағдырын С.Бегалин, С.Омаров, С.Мұқанов, Ө.Тұрманжанов секілді аға буын шығармаларынан табамыз. Балалар әдебиетінің бүгінгі айнасы атанған, дамуына өз үлесін қосып, құнды еңбектерімен оқырман көз қуанышына айналған балалар ақын-жазушылары да аз емес. Шәкен Күмісбай, Дәнеш Ахмет, Кеңес Оразұлы, Есей Жеңісұлы, Бағдат Мәжит, Толымбек, Әбдірайым, Арасанбай Естен, Сұлтан Қалиұлы, Байбота Қошым-Ноғай секілді қаламгерлер бүгінгі балалар әдебиетінің дамуына өз үлесін қосып, ауыз толтырып айтарлықтай еңбек сіңіруде. Ал, балалар прозасына жаңа леп әкелген жастар қауымынан Әдина Жүсіп, Аягүл Мантаева, Қалмахамбет Мұхамедқали, Нұрлан Құмар, Берікбол Хасан, Бейбіт Сарыбай секілді ақын-жазушыларды айта аламыз.

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ мектептерінің жаңа бағдарламаларын жасау қолға алынды. Жаңа бағдарламаларда кеңес кезеңіндегі қалыптасқан жүйеден алшақ кеткеніміз жоқ. Тәуелсіздік алғаннан бергіде әдебиеттану ғылымының жаңа тынысы ашылып, әдебиетіміз көрнекті тұлғалармен толықты. Халқымен қайта қауышқан арыстар мұрасы мектеп бағдарламаларынан орын алды. Бағдарламадағы бір жаңалық: орта буын болып есептелетін 5-9 сыныптар екі салаға жіктеліп, алғашқысы әдебиеттік оқу бағытында болса, 8-9 сыныптар әдебиеттің бастапқы тарихи курсы енгізілді. Ал, әдебиеттің біршама көлемді тарихи курсы 10-11 сыныптарға ұсынылды. Бағдарламадағы бұл өзгерістің сапалы білім қалыптастыруға қаншалықты үлес қосқаны туралы пікір білдіру

қиын. Әйтсе де, көзге ерекше көрінетін кейбір олқылықтарға жол берілгендігін айтпаса болмас. Мәселен, орта мектеп бағдарламасында бұрыннан әдебиеттің қысқаша тарихи курсы оқытылатын. 9-11 сыныптарға топтастырылған тарихи курс аясында ауыз әдебиеті, кейбір хандық дәуір әдебиетінің өкілдері, XIX ғасыр, Кеңес кезеңіндегі әдебиет, сол кезеңдердегі тарихи, шығармашылық тұлғалар қамтылатын. Жалпы білім беретін мектептер үшін лайықты әдеби білім қоры қалыптастырылатын. Ал жаңа бағдарлама бойынша мектепте оқытылатын тарихи курс екіге жіктеліп, барлық тұтас курс 8,9,10,11 сыныптар, жалпы алғанда төрт сынып бойы оқытылады. Тұтас алып қарағанда белгілі бір мамандық алуға берілетін университеттік білім мөлшерін құрайды десе болады. Егер оқушылар аталмыш бағдарлама арқылы филологиялық терең білім алып шығар болса, төрт жылдық тарихи курсқа еш сын болмас еді. Өкініштісі, оқу материалының сағаттық есепке симауы, шектен тыс көп материалдың берілуі барлық тақырыпты шолу түрінде ғана оқытуға итермеледі. Мәтін оқымайтын оқушы мен мәтін талдауды міндет көрмейтін мұғалімдерді көбейттік. Аталмыш бағдарламада, әсіресе 8 сыныпта ІҮ ғасырдағы Орхон-Енесей жазбаларынан бастап XIX-XX ғасырдағы ақын, жазушыларға дейінгі дүние қамтылды. Осынша көп оқу материалы қамтылуына қарай әр авторға берілген сағат саны тым мардымсыз. Бір сынып көлемінде оқу материалын мөлшерден тыс көптігі терең әдеби білім қалыптастыруға елеулі кедергі жасады. Көбіне әр автор туралы шолу түрінде шектеп оқытуға тіреді. Жалпы алғанда бұл бағдарламадағы кемшілік қазақ әдебиетін терең талдап оқытуға мүмкіндік бермейтін сағат санының аздығы және барлық тақырыптардың шолу түрінде ғана өтілетіндігінде болды. Әр сынып бойынша оқу материалының қайталанып ұсынылатын тұстары да кездесті. Ақын-жазушыларымыздың шығармалары бағдарламада көрсетілгенімен, оны оқыту көп қиындық туғызды. Әрине, кітап оқымаудың барлық кінәсін бағдарламаға жабу орынсыз. Қазіргі уақыт, заман өзгерісі, технологиялық жетістіктер, өркениеттің өзге «перзенттері» болған соң, оқушыларымыздың кітапқа өгейлік танытуы байқалып жүрді. Оның үстіне мектептердегі жаппай біріңғай тестілеуге даярлау науқаны кейбір сабақтарды оқытуға «көз жұма» қарайтыны да жасырын емес.

Жарты ғасыр уақыт жүзгізілген бұрынғы бағдарламаларда әдебиеттік оқу 5-8 сыныптарды қамтитын 12-15 жас аралығындағы оқушыларға лайықталатын. Оның да берік педагогикалық, психологиялық негіздері бар. Себебі осы жас аралығындағы оқушылар әдебиетті өнердің бір саласы ретінде танып, алғашқы әдеби білім қалыптастыратын. Бастауыштан енді орта буынға өткен оқушылардың әдеби материалдарды оқуында бастауыш сыныптардағыдай өміртанымдық мақсаттан өзге көркем сөзге эстетикалық талғамы қалыптасып, әдеби білімі: шындық болмыстан көркем болмыстың ерекшелігі, көркем сөз образы, кейіпкер ұғымы және тағы басқа көркем әдеби білімі қалыптастырылатын. Бұл сыныптарда берілген оқу материалы сыныпта оқылып талқыланады. Ауыз әдебиеті үлгілерінен ертегілер, көрнекті қаламгерлердің өлеңдері мен шағын әңгімелерін сыныпта оқу бірқатар білім, білік, машықтарын қалыптастыратын, оқушыларды мәнерлі оқуға, ауызша, жазба

тілін дамытуға, көркем шығарманы талдауға, сөз мәнін зерделеп, сөздік қорын қалыптастыруға ықпал ететін. Әдеби білім алумен қатар эстетикалық талғам қалыптастыруға, образды ойлауға, өзіндік ой-пікірге баулып, шығармашылық жағынан шыңдайтын. Ал жоғары сыныптарда әдебиеттің қысқаша тарихи курсы өтілетін болғандықтан ақын-жазушыларымыздың тұтас шығармашылығы арқылы тұлға келбеті қалыптастырылып, көлемді шығармаларды өздігінен оқу, сыныпта талдаудың түрлі әдістері арқылы интеллектуалдық-танымдық, рухани-адамгершілік, көркемдік мәдени таным-түсінік, дағды-машық қалыптастыру көзделетін. Төл әдебиеттің ұлттық сипатын таныту арқылы жеткіншектің ұлттық рухын шыңдап, азаматтық ұстанымын бекітуге, әдебиетті құндылық ретінде қабылдап, бағалауға үйрететін едік. Осының бәрі – функцияналдық сауаттылық.

Ендігі жерде әдеби білім беру, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға күш салу деген ұстанымдар екінші орынға ығыстырылған. Түсіндіріп айтсақ: жаңа бағдарламаларда әдеби білім мен түсінік қалыптастыратын кіріспе тақырыптар түсіп қалған. Әдебиетіміздің әліппесі саналатын ауыз әдебиеті үлгілері жүйелі ұсынылмаған. Тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтел, жаңылтпаш, айтыс, тарихы жырлар қамтылмаған. Ұлттық танымдық, тағылымдық материалдардың көбі бағдарламадан қысқарып кеткен. Қазақ әдебиетінің классиктері саналатын М.Жұмабаевтың көркем де рухты өлеңдері, С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік», көркем эстетикалық бағасы жоғары «Көкшетау» сияқты шығармалары, М.Мақатов лирикасы, С.Мұқановтың ұлттық саятшылық өнерді дәріптейтін «Өмір мектебі» романынан «Лашын», «Саятшы Ораз» әңгімелері, балалар жазушысы С.Бегалиннің тұлғаның қалыптасуын танытарлық «Бала Шоқан» әңгімесі, Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан алынған «Тұтқын бала» сияқты қазақтың ардақты ұлдарының өмір жолын танырлық тағылымдық шығармалары, Қ.Жұмаділовтің «Сәйгүліктер» романынан алынған «Қозыкүрең» әңгімесі, М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» атты тарихи-танымдық шығармалары, адамгершілік тәрбиенің терең тамырлы дүниелерінен сыр шертетін Д.Исабековтің «Ата үміті» әңгімелері қандай себептермен алынып тасталған деген заңды сұрақ туындайды. Әңгіме жанрының шебері Б.Майлиннің шығармалары, ана тақырыбындағы Ғ.Мүсіреповтің бағалы әңгімелері, І.Жансүгіровтің эстетикалық бағасы биік «Күйші» поэмасы, кезінде тоталитарлық жүйенің ықпалымен оқытылмай келген М.Ж.Көпеев шығармалары, сал-серілер поэзиясы т.т. көп шығармалар қысқартылып, не әдеби кезеңді, не әдеби-теориялық мазмұнды есепке алмай, әр тұстан бір шалған мәтіндер топтамасы жасалған. Жаңартылған мазмұнды бағдарламада халқымыздың білім беру тәжірибесі мүлде ескерілмеген.


Аталған олқылықтарға нақты көз жеткізу мақсатында №117 мамандығында оқитын Сулейман Демирель атындағы университеттің, KZL-3 білім алушылар арасында арнайы сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 20 **білімгер қатысты**. Бұл мамандық болашақ педагогтер болғандықтан олармен тікелей байланыс жүргізу біздің зерттеу жұмысымыздың мағынасын аша түсер еді.

Қазақ балалар әдебиетінен шығармалар оқыдыңыз ба?




● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Балаларға арналған шығармалар туралы білесіз бе?



● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Мектеп бағдарламасындағы балалар әдебиетіне көңіліңіз толады ма?



● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Балалар әдебиеті жеткілікті деңгейде оқытылып жүр деп ойлайсыз ба?




● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Балалар образының эволюциясын қазіргі әдебиеттен көре аламыз ба?



● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Классикалық әдебиеттердегі жасөспірімдер образы бүгінгі қоғамның келбеті бола ала ма?




● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Кешегі бала Қожа мен бүгінгі бала Қожаның арасында айырмашылық бар ма?




● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Қазіргі мектепте балалар әдебиетін оқытуда жаңа әдіс, жаңа бағдарлама керек деп ойлайсыз ба?




● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Қазақ балалар әдебиетін оқытудың бүгінгі жасөспірімдерге қажеті бар ма?



● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

Қазіргі балалар әдебиетінде бүгінгі заман келбеті бар деп ойлайсыз ба?



● Иә
● Жоқ
● Білмеймін

2-диаграмма. Сауалнама. СДУ, KZL-3

3-кесте. Сауалнама нәтижесі

№	Сұрақтар	Нәтижесі %			Қорытынды
		иә	жоқ	білмей мін	
1	Қазақ балалар әдебиетінің шығармаларымен таныссыз ба?	83,3	16,7	0	Балалар әдебиетіне қызықтыру әдісін ойлап табу.
2	Мектеп бағдарламасындағы балалар әдебиетінің мазмұнына көңіліңіз толады ма?	25	41,7	33,3	Бағдарламаны қайта қарауды ұсыну.
3	Балаларға арналған шығармалар туралы білесіз бе?	91,7	0	8,3	-
4	Қазіргі таңда балалар әдебиетін оқитын оқырмандар жеткілікті деп ойлайсыз ба?	16,7	33,3	50	-
5	Кешегі және бүгінгі әдеби шығармалардан балалар образының эволюциясын көре аламыз ба?	25	33,3	41,7	-
6	Кешегі бала Қожа мен бүгінгі бала Қожаның арасында айырмашылық бар ма?	91,7	0	8,3	-
7	Классикалық әдебиеттегі жасөспірімдер образы бүгінгі қоғамның келбеті бола ала ма?	41,7	50	8,3	Бүгінгі қоғам келбетін жасайтын шығармалар керек.
8	Қазіргі мектепте балалар әдебиетін оқытуда жаңа әдіс, жаңа бағдарлама керек деп ойлайсыз ба?	83,3	0	16,7	Жаңа әдіс ұсыну.
9	Қазақ балалар әдебиетін оқытудың бүгінгі жасөспірімге қажеті бар ма?	100	0	0	-
10	Қазіргі балалар әдебиетінде заманауи балалардың образы бар деп ойлайсыз ба?	58,3	25	16,7	-

Көріп тұрғанымыздай, сауалнаманың нәтижесі бойынша қазақ балалар әдебиетінің қазіргі таңда жеткілікті деңгейде оқытылып жүргенінің көрсеткіші анықталды. Алайда, бұл сүйеніп отырғанымыз нақты аргумент емес. Бір сауалнаманың нәтижесі арқылы нақты қорытынды жасай алмаймыз және бұл ғылыми дәйектемелерге сүйенбеген. Десе де, көпшіліктің пікірі бойынша қазіргі таңдағы әдебиеттегі образдардың қоғам келбеті бола алмайтыны, бүгінгі қоғам келбетін жасайтын шығармалардың қажеттігі анықталып отыр. Осы орайда, біз қазақ әдебиетін оқытудың жаңа әдісін дұрыс бағытта ұсыну керекпіз.

2.3 Балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдері және қолдану мүмкіндіктері

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі орта, жоғары мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Осыған орай оқу үрдісінде педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданудың белгілі тәжірибесі қалыптасқан. Ж.Аймауытов айтқандай: «Сабақ беру – жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» десек, бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

«Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер» деген халқымыздың қанатты сөзі сындарлы тәсіл теориясымен астасып жатқандығы. Технология мен әдіс-тәсілдің ара-жігін ажырату да қарапайым мұғалім үшін кейде қиын болып жатады. Қазіргі оқытудың басты талабы – сабақтың сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу.

Қазіргі таңда барлық мектептерде жаңартылған білім бағдарламасымен оқытатыны белгілі. Мектептердегі оқыту процесіндегі екі маңызды дүние бар. Бірі – мұғалім және оның оқытуы болса, екіншісі – оқушы және оның оқуы. Біздің зерттеп отырған жұмысымыз осы екі процеспен тікелей байланысты. Екеуін екі бөліп қарастыруға әсте болмайды. Біріншісінің нәтижесін екіншісінен міндетті түрде көру керекпіз. Демек, мақсат сол болу керек. Біздің зерттеу жұмысымызда осы мақсатты алға ала отырып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қарастырып көрдік.

Владимир Беспалько: *«Педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жағдайға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер, оның құрамды бөлігі ғана»* деп анықтама береді [54]. Мұндағы «әдіске» келер болсақ, ол – белгілі бір мақсатқа жету жолындағы нақты мәселені шешу тәсілі.

Академик Юрий Бабанский өзінің «Оқу-тәрбие процесін тиімдірек ету» атты еңбегінде әдістерді мынадай үлкен үш топқа жинақтайды.

- *«Оқушылардың оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері (методы организации учебно-познавательности)»*
- *«Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері (методы стимулирования учебно-познавательной деятельности)»*
- *«Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері (методы контроля за эффективностью учебно-познавательной деятельности)»* [55].

Аталмыш технологияның бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни, жадының

алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және тағы басқа), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазба тілінде) дамытуға бағытталуда. Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы тәжірибе сабақтарында жүзеге асырылады. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, жеңіл тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» еңбегінде орыс данасы Лев Толстойды бала оқып тәжірибе жасаған жан екенін атай отырып, мұғалімге жақсы әдістерді өз тәжірибесіне қолдануда мына бір сөзін есте сақтау керектігін ескертеді: *«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу, керек орында жоқ әдісті табу да – өнер. Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолқабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»* [56]. Осылайша, халқымыздың көрнекті ғалымы білім берудегі жан-жақтылық ұстанымын алға тартады. Білім берудегі ең басты қағида оқушының жаңа білім мазмұнын толық игеруі. Себебі, бала мұғалімнің нені үйреткісі келгенін, жаңа білімін қандай жағдайда пайдаға асыру керектігін, түпкі ойын түсінбесе, онда жақсы да жаман да әдістің еш пайдасы жоқ. Ғылымның ешқашан бір орында тұрмайтыны хақ. Заман талабына сай білім беру жүйесі де өзгереді. Десе де жасөспірімдер образының эволюциясын танытудағы әдістер қатары көбейіп еселенбесе, азайматыны белгілі.

Әдебиет пәні балалардың бойында терең эстетикалық талғамын, рухани жан дүниесін, шығармашылық шеберлігін, гуманистік ой-өрісін дамытуда маңызды рөл атқарады. Пәнді оқытуда ең алдымен орындалатын, негізгі бөлік – баланың шығарманы қабылдауы, түсінуі. Әдебиет пәнін оқытудың психологиялық негізі – баланың көркем шығарманы қабылдауы. Қабылдау қызығушылықтан туындап, сезіну, ойлау, пайымдау, есте сақтау, қиялдың және әсерге бөлейтін сананың белсенді қызметі. Мәселен, көркем шығарманы оқып бастамас бұрын, балалардың қызығушылығын ояту мақсатында, шығармаға қатысты сурет, комикс, бейнежазба, мультфильм, фильм және тағы сол сияқты визуалды әсер беретін көркемдегіш құралдарды пайдалану. Көркем шығарманы дауыстап, мәнерлеп оқу немесе оқыту, туындының ішкі мазмұнын, мағынасын, өздеріне түсініксіз болған сөздермен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Осы жүйе бойынша, ары қарай, шығарманы оқу барысында туындаған ой-пікірін, сұрақтарын қоюға жағдай жасау. Мәтінмен тұтастай және бөлшектеп үзінділермен жұмыс жасау, идеялық-мазмұндық, тақырыптық, жеке образдық және тағы басқа талдау жұмыстарын жүргізу.

Жасөспірім образының эволюциясын анықтау мақсатында, салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізу. Мәселен, Б.Соқпақбаев «Менің атым – Қожа» повесі және Д.Ахметұлының «Айлы түнгі айқас» әңгімесіне салыстырмалы талдау жұмысын жасап көрейік.

4-кесте. Салыстырмалы талдау

Б.Соқпақбаев «Менің атым – Қожа»	Д.Ахметұлы «Айлы түнгі айқас»
Кейіпкері: Қожа. Тентектігі бар, әрі алғыр, аңғалдығы да бар қиялшыл, сезімтал бала.	Кейіпкерлері: Есен, Ержан, Ермек. Тәуелсіз елде өсіп келе жатқан ұрпақтың прототипі, жан-жақты, әрі еркін ойлайды және ойларын еркін жеткізеді.
Төртінші мен бесінші сыныпта оқып жүргенінде-ақ ақын болуды, жазушы болуды армандайды.	Олар шағын лабораторияда өнер табу ісімен айналысады. Әртүрлі техникалық модельдер, роботтар, жасанды ұшақтар құрастырады.
Тапсырма	
«Кешегі образ бен бүгінгі образ» кейіпкерлердің моделін жасау, топ алдында өз пікірін дәйектеу.	

Кешегі кейіпкер мен бүгінгі кейіпкердің арасында бір-біріне ұқсамайтын мінезі, тәрбиесі, тіпті ортасы – жасөспірімдер эволюциясын аңғартады. Әр кезең кейіпкерлері заман және уақыт талабына сай суреттелген. Балалар әдебиетіндегі образдарға шолу жасай отырып бүгінгі ұрпақтың таным-түсінігінің үлкен регенерацияға ұшырағанын байқаймыз.

Сыныпта да жағымды психологиялық ахуал қалыптастыра алған мұғалімнің қолдауы арқылы оқушы мүмкіндіктерді пайдаланудан қорықпайды. Оқытушы үшін әрбір оқушының өз пікірін білдіре алуының маңызы жоғары, өйткені оқушылардың болашақта студенттік өмірде, жұмыс істеудегі қабілеттерін шындауда субъективті пікірлерінің бағаланатынын ескеруі керек. Оқытушы өз жұмысында оқушылардың шығармашылығын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды қолдануы керек, осылайша әртүрлі идеяларды білдіруге қабілетті, икемді, ойлау қабілеті жүйрік және мәселені жан-жақты қарастыра алатын тұлғаларды дайындау керек.

Сабақтарда оқытушы оқушыларға әртүрлі, көп деңгейлі сұрақтар қоюы қажет, сабақтастық ұстанымдарын ұстануы тиіс, адамды ойлауға, талдауға бағыттайтын проблемалық деңгей мәселесін қолдануы керек. Бұл оқушылардың сұрақ қоя білу әдістерін қалыптастыру, алдын-ала білімді тексеру, ақпаратты түсіну және қорытынды, бағалау жасау шешімдеріне алып келеді.

Оқытушы оқу процесінде жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін, сонымен қатар әр балаға өз қабілеттерін көбірек көрсетуге мүмкіндік беретін жеке тапсырмаларды біріктіреді, ал топтық жұмыс формалары топтың барлық мүшелерінің ортақ мақсатқа жетудегі күш-жігерін жұмсауға талаптар қоя алады: оқушылар қатарластарын тыңдауға үйренеді, нәтижесінде қорытынды

әркімнің жұмысына байланысты екенін түсінеді. Қазіргі білім беруде қолданатын әдістерді мұғалімдер табиғатынан тұйық, өз ойын айтуға сенімсіздеу, жағдайларды түсіндіруге жасқаншақ, тақырып мазмұнына сай байлам, қорытынды шығара алмайтын оқушыларға пайдасы бар екенін айғақтайды.

Өзін-өзі бағалау әдісі. Оқушылар өзінің жеке жұмысына немесе бір-бірінің жұмысына жай ғана баға қойғаннан гөрі, өзара бағалаудың (және өзін-өзі бағалаудың) маңызы зор. Ондағы мақсат – оқушыларға өз жұмысының сапасын көтеруге қызықтыру және оларға оны жақсартудың мүмкіндігін талдауға көмектесу. Нәтижесінде, бұл мұғалімнің жұмысын жеңілдетпек, себебі оқушылар оқыту үдерісі үшін тек мұғалім ғана жауапты емес екендігін түсінеді.

Оқытушының мақсаты оқушының қалай түсінгенін бағалау болатын болса біздің төмендегі ұсынып отырған бағалау әдісіміз біріншіден оқушының шығарманы қалай түсінгенін бағдарлауға көмектессе, екіншіден шығарманы толық талдау арқылы баланың кейіпкерді тануға деген қызығушылығын арттырады:

5-кесте. Шығарманы талдау арқылы бағалау әдісі

№	Тапсырма түрі	Жауап беру деңгейі: 10-100	Бағалау 0-10
1	Әңгіме кім, не туралы?		1
2	Шығарманың жанры қандай?		1
3	Кейіпкер қандай іс-әрекет жасады?		1
4	Кейіпкердің әрекетінің мақсаты қандай болды?		2
5	Бұл кейіпкер арқылы қандай образдарды көре аламыз?		2
6	Автордың берер ойы?		2
7	Кейіпкердің типін анықтаңыз? (жағымды, жағымсыз)		1

Бұл бағалау әдісін кез келген шығарманы талдау барысында, немесе сабақтың тапсырмасы ретінде қолданса болады.

Біз жоғарыда (1-диаграммаға сәйкес) атап көрсеткен мәселелер оқытушы мен оқушының арасында қарым-қатынастың дамуына кедергі болатын болса, оқытудың нәтижесіне де кедергісін тигізетіні анық. Сол себепті бірнеше мәселелерді анықтап, соған байланысты өз тұжырымымызды ұсынған болатынбыз:

6-кесте. Бағалаудағы мәселелер

Бағалаудағы мәселелер	Әдістемелік ұсыным
1. Мұғалімдер бағалау критерийлері мен бағалау бөлімінде қиындықтарға ұшырайды; 2. Оқушылар өз мүмкіндіктерін объективті түрде бағалай алмайды; 3. Оқу сауаттылығына арналған тестілеулер мен тапсырмаларды орындауда қиналады және алынған нәтижелермен келіспейді; 4. Оқулықтардың басым бөлігі баяндау мен сипаттау формасындағы тұтас мәтіндерден, көркем шығармалардың үзінділерінен құралған. Соның өзінде қазақстандық оқушылар тұтас мәтіндерді оқудан теріс динамика көрсетуде; 5. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде «тұтас емес» мәтіндер өте аз талданады; 6. Ақпаратты меңгеру және қолдану машықтары «тіл мен әдебиет» білім салаларымен шектеледі.	1.Оқу сауаттылығы» ұғымына түсініктеме беру; 2.Оқу мақсаттары мен оқу сауаттылығы дағдыларын сәйкестендіру арқылы бағалау критерийлерін жасау; 3.Оқушылардың өзін-өзі объективті бағалауын ұйымдастыруды ұсынамын; 4.Күнделікті тапсырмалар мен әдістерді жүргізу арқылы оқушыларды машықтандыру; 5.Оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын бағалау критерийлерін бекіту; 6.Оқушылар көркем шығарманы мазмұндау ғана емес, толық түсіну деңгейін бағалауға арналған тапсырмалар көбейту және бағалау критерийлерін дұрыс қою; 7.Өзекті әрі қызықты тақырыптарды және жан-жақты білім салаларын қамтитын мәтіндер мен тапсырмалардың әртүрлі деңгейін даярлау.

Біз мектеп оқушыларына арнап Марат Қабанбайдың «Бауыр» шығармасына жасалған талдуымызды ұсынып отырмыз. Дәл осы шығарма бірқатар қазақ прозасындағы осы тектес шығармалардағы көркемдік тәсілдерді зерделеуге, шығарманың болмыс-бітімі мен ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді.



1-сурет – Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі

Иоганн Генрих Песталоцци оқытудың көрнекілік ұстанымын ерекше бағалап, оны логикалық ойлауды дамытатын маңызды құрал деп санағанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Оқытудың көрнекілік ұстанымы қашан да оқыту әдісінің озық үлгісі ретінде бағаланды. Себебі көрнекілік құралдар арқылы баланың білім алу процесінде бірнеше мүмкіндіктерге қол жеткіземіз:

- біріншіден, баланың визуалдық қабілеті артады;
- екіншіден, шығарма кейіпкерін визуалды көру арқылы образды жақынырақ тани түседі;
- үшіншіден, баланың шығармаға деген қызығушылығы артады және тағы басқа.

Осы тұрғыда комикс әдісін ұсынамыз. Ол әдіс арқылы кез келген шығарманы оқыту процесін қызықты етуге болады.

Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесі мектеп бағдарламасында қамтылған, заманауи әдебиеттің туындысы екенін білеміз. Шығармадағы жетім образының қаншалықты өзгеріске ұшырағанын да жоғарыдағы (1-кесте) кестеде талдап өткен болатынбыз. Енді осы шығарманы мысалға ала отырып көптеген тапсырмаларды легін қарастырып көрейік.

7-кесте. Тапсырмалар жиынтығы

Дидактикалық тапсырмалар	Проблемалық оқыту	Шығармашылық тапсырмалар
Балалар әдебиетін оқытпас бұрын, әдебиеттегі образдарға балалардың қызығушылығын ояту – басты ұстаным.	Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін артады және көркем шығармаға деген қызығушылық пайда болады	Балалардың өзіндік ойлау қабілетін, ой-өрісін дамытудың тиімді жолы.
Көркем шығарманы талдамас бұрын оны дауыстап оқу. Сонда, шығарма балаға барынша әсер етеді.	Өздігінен саналы жұмыс жасауларына баулиды және берік білімге, оқытудың жоғары нәтижелеріне жеткізеді.	Танымдық белсенділігін арттырып, мәселені өз бетімен шешуге баулиды.
- Мәтіннен қажетті ақпаратты табу; - Интерпретациялау; - Салыстыру; - Болжам жасау.	- Тақырыптық-идеялық талдау; - Салыстырмалы талдау; - Жеке образдық талдау.	- Әңгіме, ертегі жазу; - Шығарма төңірегінде пікір (рецензия) жазу; - Рөлдік ойындар; - Көрініс құру; - Дебат ойындары.
<i>Бердібек Соқпақбаев «Менің атым – Қожа»</i>	<i>Қарауылбек Қазиев «Менің шешем»</i>	<i>Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесі.</i>
Интерпретациялау: -Шығармадағы өзекті мәселені анықтау; -Мәтін мағынасына түсініктеме беру; -Үзінділермен жұмыс жасау.	Тақырыптық-идеялық талдау: -Шығарманың басты идеясын анықтау; -Мәтіннен негізгі тақырыпты анықтау.	Шығарма төңірегінде пікір жазу: -Шығарманы түсінуге және сөздік қорды дамытуға бағытталған тапсырма.

Ойталқы: -Кешегі Қожа мен бүгінгі Қожаның арасында қандай айырмашылықтар бар? Образдардың моделін жасау.	Жеке образдық талдау: - Кейіпкерлердің портреті, эмоционалдық мінезі, іс-қимылына талдау.	Көрініс құру: -Кейіпкерлердің рөлін сомдап, топ алдында сөйлеу және әртістік қабілеттерін дамыту.
Сұхбат жүргізу: -Көркем шығарманың идеялық-мазмұнын, образдар жүйесін анықтау. -Рухани және көркем-эстетикалық құндылығы.	Мәтінмен жұмыс: -Жұмысқа асығып бара жатқан ана бейнесі; -Қарны ашқан, нан жегісі келген баланың ашуы. -Әңгімедегі аналар еңбегі.	Дебат ойындары: -Екі кейіпкерді жақтаушы және даттаушы ретінде топқа бөліну. -Өз ойын аргумент келтіріп, нақты жеткізу.

Проблемалық оқыту арқылы шығарманы талдау.

«Бауыр» әңгімесін қайтадан мысалға аламыз. Шығармадағы оқиға желісіне тоқталып өтсек.

Қали – жетімдер үйінің тәрбиеленушісі. Оның үлкен ағасы бар. Араға бірнеше жылдар салып ағасы Манап жетімдер үйіндегі інісін көруге келеді. Ол кезде ағасы 25 жасар жігіт болатын. Інісінің жағдайын білуге келген Манаптың көңіліне кірбің түседі. Себебі, туған бауырының қазақы тәрбиеден алшақтап, орысша тәрбиеде өскенін, ата-анасын мүлде іздемейтініне көзі жетеді. Қалидың ата-анасының қабіріне барып қайттым дегендегі, «ол не» деген сұрағы қазіргі қоғамдағы жетімдер образын анықтап бергендей.

Проблемалық оқыту дегеніміз, шығармадағы оқиғаларды проблемаға айналдырып, соның шешімін шешу жолдарын қарастыру. Енді, осы шығармадағы мәселелерді жиектеп алсақ:

- Қали неліктен жетімдер үйінде қалды?
- Қалидың осындай болып өсуіне кім себепкер?
- Неліктен Қали ұзақ уақыт көрмеген ағасының жанынан кетуге асықты? Осы әрекетінің психологиялық себептері болуы мүмкін бе?
- Неліктен Манап ұзақ уақыт көрмеген інісінің жанында тағы да қала тұруға ықылас білдірмеді? (Пікірлерінді мәтіннен дәйектеме келтіре отырып дәлелдіңіз).
- Егер Қали ағасымен бірге кеткенде қандай болып өсер еді? Болжап көріңіз.
- Қалидің ағасына бауырмалдық сезімнің болмауының себебін дәйектер арқылы ашып көріңіз

Осындай сұрақтар қою арқылы баланың шығарманы толықтай түсінуін қамтамасыз етеді. Оқушы мәселені шешу жолдарын қарастырады. Басқаша болғанда деген өз нұсқасын ұсынады. Осылайша бір оқыту әдісі арқылы біз оқушының:

- Шығарманы талдау қабілетін арттырамыз;
- Түсіну қабілеті артады;

- Өз ойын айта алады;
- Ойлау қабілеті артады.

Салыстыру мен салғастыру әдісі – екі немесе одан да көп құбылыстардың ұқсастықтары немесе айырмашылықтарын талқылайды. Мәселен, қазіргі заман әдебиеті мен бұрынғы заман әдебиеті, дейінгі және кейінгі өзгерістер тағы сол сияқты.



3-тірек-сызба. Кейіпкерлер образын салыстыру

Дәл осы әдісті «Бауыр» әңгімесінің мысалында талдап көруді ұсынамыз:

8-кесте. Салыстырмалы талдау жұмысына тапсырма

Қали (немесе бүгінгі жетім образы)	Ортақ, байланыстыратын қасиеті	Манап (немесе кешегі жетім образы)

Тақырыбымызды ашуға болатын әдістің бірі – «Кубизм». Кубиктің алты қырына сәйкес келетін алты сауал құрастырып, алты топқа тапсырамыз.

1. Суреттеу: оқушылар Қалидың мінезін сипаттайды;
2. Салыстырыңыз: шығарманың екі бас кейіпкерін салыстырады;
3. Зерттеу: балалардың қоғамдағы орны мен отбасындағы орнын салыстыра отырып, баланың мінезіндегі өзгерістерді анықтайды;
4. Қолдану: проблеманы шешу барысында өз ойын жүйелеп, шағын сюжет құрайды;

5. Дәлелдеу: Қалидың ағасына немқұрайлы болының себебін айқындап, өз тұжырымын дәлелдейді. Немқұрайлылық пен мейрімділік белгілерін айқындай отырып дәлелдейді.
6. Талдау: Қали мен Манаптың тұлға болып жетілуінде қандай ситуациялық және психологиялық айырмашылық барын жан-жақты талдайды.

Алдымен оқушылар кубиктің көмегімен тапсырмаларды бөліп алады. Әр топ өздеріне берілген тапсырма бойынша жазбаша жұмыс жасайды. Ортақ мәліметті топтың жауапты өкілі тақтада қорғап, сұрақтарға жауап береді. Осылайша топтар өзара бірін-бірі бағалайды. Бұл әдістің тиімділігі топтық жұмыс арқылы өрбіген тапсырмада еш оқушы шеткері қалмайды. Шығарманы жан-жақты талдап, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, өзгені тыңдауға дағдыланады, бір-бірінен үйренеді. Егер талдау тізгіні оқытушыда болса, кей оқушылар ой қосуға, пікір білдіруге, келіспейтін тұсын ашық айтуға именуі мүмкін. Ал қатарластары арасында сыни көзқарасын еркін айтып, пікір алуандығына жол ашады. Бағалау жүйесінде де шынайылық пайда болады. Яғни, көпшілік өздерін әділ бағалайды.

Сыни тұрғыдан ойлау бүгінгі күнгі әдістеменің өзегіне айналғандығы мәлім. Сондықтан оқушылардың ойлау креативтілігіне баса назар аударылады. Ендігі кезекте сыни тұрғысынан ойлау құралымен топтық жұмыс жүргізіледі.

«Кластер» әдісі. Бұл мәтіннің семантикалық бірліктерін графикалық дизайнды таңдау арқылы белгілі бір тәртіппен кластер түрінде қорғау. Жадымызда көп уақыт сақталу үшін біз қандай да бір жазбалар, эскиздер жасай отырып, көбінесе оларды интуитивті түрде таратамыз. Ал бұл аталмыш әдісте жаңа ақпараттарды ерекше санаттарға орналастырамыз. Ойды қабылдау қиын болмайды, бірақ белгілі бір тәртіппен орналасады. Әрекеттер тізбегі қарапайым және жүйелі:

1. Бос парақтың (тақтаның) ортасында идеяның, тақырыптың «жүрегі» болатын кілт сөзді немесе сөйлемді жазады;
2. Осы тақырыпқа сай келетін идеяларды, фактілерді, суреттерді білдіретін сөздер мен сөйлемдерді ортаға салу;
3. Жазу барысында пайда болған сөздер негізгі ұғымға тікелей сызықтармен қосылады, жаңа логикалық байланыстар орнатылады.

Пәндік аймақ шектеусіз, әртүрлі тақырыптарды зерттеу кезінде кластерлерді қолдануға болады. Бұл әдіс негізгі дереккөзмен (мәтінмен) сұрақтар немесе семантикалық блоктардың тақырыптары түрінде танысқанға дейін ақпаратты жүйелеу қажет болған кезде қолданылуы мүмкін. Мұғалім бұл әдісті рефлексия сатысында қолдана алады. Бұл «алдын-ала кластерлердегі» қате болжамдарды түзету, оларды жаңа ақпарат негізінде толтыру, жеке семантикалық блоктар арасында себепсалдарлық байланыстарды орнату (жұмыс жеке, топтарда, тақырып бойынша немесе жеке семантикалық блоктар бойынша жүргізілуі мүмкін) [55]. Сонымен қатар, «Кластер» әдісі көркем шығармадағы кейіпкерлердің бойындағы мінезді топтастыруға мүмкіндік береді. Мысал ретінде, Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесін алып, көркем

туындының басты кейіпкеріне мінездеме берейік. Бұндағы басты кейіпкер – Қали.



4-тірек-сызба. Кейіпкер образын ашу

Қазақ әдебиетінде постмодернистік бағытта жазылған келесі бір шығармаға – «Бекторының қазынасын» жатқызуымызға болады. Бекторының қазынасындағы басты кейіпкер – Бекторы пері қызы, Ер Төстік ертегісіндегі батырға қастық ойлаған кейіпкер. Бірақ, шығармадағы әже «немелтайына» Бекторының сұлу кейпін әспеттей әсерлегенінен бала көңілін оны жауыз, зұлым ретінде емес, керісінше, керімсал келбетіне ғашық.

Анықтап айтқанда, шығарманы талдасақ:

«Бала кезінде ең жақсы көріп тыңдайтын ертегісі «Ер Төстік» еді. Әжесі таңғажайып хикаяны айтып болып, – Міне, немелтайым, осындай да кеп болған екен, – дейтін күрсініп» [57], – деп Т.Әсемқұлов мәтіннің қазақтың ауыз әдебиетіндегі белгілі «Ертөстікті» ертегісімен байланысына ишара жасаса, *«Түнде түсіне, Ерназарды құдықтың жанында ұстап алып азапқа салған Бекторы кіреді. Оянганда көргенін әжесіне айтатын.*

– Ол жын-пері зой, ойлама, – деуші еді бұндайда әжесі, – Құдай Бекторыны кездестіргеннен сақтасын» [57] деп, әңгіме Бекторымен байланысты екендігін атап өтеді. Бірақ, ертегі кейіпкерлері кірістірілгенімен, автор заманау, жаңа мазмұндағы туынды жазып шыққан. Жазушы белгілі ертегідегі «зұлымдық иесі пері қызы» мотивін жандандыра отырып, тек қарадүрсін қайталаудан бойын аулақ сала отырып, адамзат баласының ақыл-ойына жүк түсіріп, ғасырларды артқа тастап күні бүгінге дейін санасын сансыратқан сұрақтарға кейіпкері Бекторының сөзімен: *«Адамзат өзінің осы жолға қалай түскенін, бүгінгі күйіне қалай жеткенін білмейді. Себебі ақылы*

кеміс. Адамзат бүгінгі ахуалына бір күнде келген жоқ. Және адам, инсан, әлмисақтан арғы көне дүниеде мүлдем басқа болған. Ақ пен қара, жалған мен ақиқат, жамандық пен жақсылық дегенді сендердің миы ауысып кеткен философтарың ойлап шығарған. Дүниеде өз бетінше тұрған жамандық яки жақсылық болмайды. Қандай да болмасын сөз яки іс өзінің айтылуының немесе тындырылуының ыңғайына қарай жаман, я жақсы болып шығуы мүмкін. Ақылды тәуіптің тілектестікпен айтқан өтірігі ауыруға шипа болады. Осыны өтірік деп көрші. Әлемдегі ең ізгі деген ақиқат, антұрған мұнафұқтың аузынан шыққанда былғаныш кептегі жалған сөз болып шығады. Бұдан кейін оны қалай ақиқат санайсың» деген философиялық тұжырым жасады [57].

Ал, енді осы көркем туындыдағы мінез бен жағдай мәселесіне келсек: «Бұл егемендік алған кез еді. Ағыны қатты осы азғантай жылдың ішінде қоғам танымастай болып өзгерді. Көп адам өрге шықты, көп адам заманның тұңғызығына құлдырады. Құдайға шүкір дейтін. Тамақ тоқ, көшеге киіп шығатын бірсыдырғы киім бар. Тапқан-таянғаны қаладан тәп-тәуір пәтер жалдауға да, атасы мен әжесіне жәрдемдесуге де жететін. Бірақ көңілдің терең түкпірінде әлдебір мазасыз ой күнінде неше оянып жегідей жеуші еді. Бұл кезде адамдар жаппай өмірдің қызығын кешуге кіріскен. Алматының орталық көшелері қызыл-жасыл шамдармен сәулеленіп түнгі өмір басталады. Қымбат мейрамханаларға қымбат автомобиль мініп келіп түсіп жатқан, ақылға сымас қымбат киім киіп, әшекей тағынған адамдар... Қайырболдының басы айналып қалатын» [57]. Бұл үзіндіден, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы кезенді байқауымызға болады. Әсіресе, сол кезеңдегі жағдай мәселесін көтергенде «Өрмекшінің торы» әдісі өте тиімді болып табылады. Бұл әдістің ерекшелігі оқушылар берілген жіпті кезек-кезек ала отырып, сауалдарға жауап береді. Сол бойынша, өрмекшінің торын құрады. Мәселен, мұғалім Бекторның қазынасының «Ертөстік» шығармасына қатысы бар ма? деп бастаса, келесі оқушы сұраққа жауап бере отырып, өзі де сауал қояды. Осылайша, айналмалы шеңберде тор пайда болады. Болмаса, қосымша өрмекшінің суретін мұғалім әр топқа береді, оқушылар қолдары мен аяқтары орналасқан тұстағы сұрақтарға жауап береді. Осы әдіс арқылы басты кейіпкердің мінезін, үзінділер бере отырып анықтауға болады анықтауға болады. Мәселен:

– Олар кімді аяпты, – деді
Қайырболды күліп,

– Керек болса сені де
қызметтен босатам. Бар,
жұмысыңды істе.

Бармен ақшаның
сомасын айтты.
Даяшының бір айда
табатын шайлығы.
Қайырболдының іші
удай ашыған. Бірақ
айтылған сөз –
атылған оқ. Сөзге
келмей ақшаны санап
берді.

Қайырболды баланың
бетіне қайта үңіліп, көңілі
бұзылды. Кішкентай әлсіз
дененің ажалмен алысып,
жанның әне-міне үзіліп
кетейін деп жатқаны
көрініп тұр.

Сондықтан ешқандай кешеуіл
болмасын, – деді Қайырболды, –
Залогқа не қойды, заң жолымен
алыңдар. Содан кейін айтарым,
бұдан былай бұндай өтініш
иелері маған кірмейтін болсын.

Қайырболды орындыққа
сылқ етіп отыра кетті.
Қайырболдының көзінен
қос тамшы жас сорғалап
түскен.
– Сіз мені құртуға
келгенсіз ғой, – деді даусы
қалтырап.

Түнгі шаммен
жарықтанған бөлмеге
кіріп баланың жанына
отырған Қайырболды
көпке дейін қарауға
жүрегі дауаламай басы
салбырап отырған да
қойған.

– Өтінем. Жоқ, жалбарынам. Осы баланы құтқарыңыз. Бар
өнеріңізді салыңыз. Өкінбейсіз. Қандай дәрі керек, қанша
ақша керек, қысылмаңыз, айтыңыз, бәрін берем. Тек
тірілтіңіз. Егер осы бала тірі қалса мен бүкіл өміріңізді
қамтамасыз етем. Мынау аурухананы шетелдің ең озық
техникасымен жабдықтап берем. Тек барыңызды аямаңыз.

5-тірек-сызба. «Өрмекшінің торы» әдісі

Демек, осы сынды үзінділер кейіпкердің басында болған түрлі оқиғаларды негізге ала отырып, оның тұлғалық болмысын, жалпы мінезін танытады. Мұндағы басты кейіпкер – Қайырболды (Сағындық).

«Белгілер алаңында» немесе «Инсерт» әдісі. Аталмыш әдісті мағынаны тану кезеңінде қолдануға болады. Оқу мәтінімен жұмыс барысында мынадай мақсатты параметр беріледі: мақаланы оқу барысында мәтінде белгі-жазбалар жасау. Мұғалім алдымен мәтінді немесе оның белгіленген үзіндісін анықтап, таңбалау белгілерін қою ережелерін еске түсіріп, жұмысқа бөлінген уақытты белгілеп, жұмысты тексеруі керек. Таңбалау белгілері:

- "V" белгісі белгілі ақпаратты белгілейді.

- "+" белгісімен жаңа ақпарат, жаңа білім белгіленеді.

- "?" белгісімен түсініксіз және талдауды талап етілетін нәрсе қосымша ақпарат белгіленеді. Белгілеудің бірнеше нұсқасы болуы мүмкін: Мәтінді оқығаннан кейін оқушылар кестелерді толтырады, олардың саны таңбалау белгілерінің санына сәйкес келеді:

9-кесте. «Инсерт» әдісі

«V» білемін	«+» жаңа	«?» сұрақ

Әдебиет пәнінің күре тамыры – көркем, әдеби мәтінмен жұмыс. Әдебиет пәнінің негізгі ерекшелігі және мақсаты – оқушы оқырманның жүрегіне әсер етуі керек. Әдебиет пәні оқытушысы сабақ барысында тек түсіндіруші, хабар беруші ғана емес, ол ең бірінші өзінің алдында жеке тұлға, азамат, болашақ қоғам қайраткерлері отырғанын, олардың жеке көзқарасы, өзіндік ой-пікірі, тұжырымы бар екенін түсінуі қажет.

Мектептегі оқыту жүйесі өңімді, жүйелі оқыту әдістері арқылы жүзеге асып келеді. Мысалы, әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін танытып, арттыратын тәсілдердің бір түріне жатса, көркем мәтінді талдау оқушының тәжірибелік жұмысын бақылаудың бір тәсілі, жолы. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, эвристикалық әдіс, тәжірибелік әдіс, репродуктивтік әдіс, *«Көрнекілік әдіс немесе түсіндірмелі - иллюстриативтік әдіс, зерттеу әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше»* [58].

Әдістерді бала көңіліне қонымды, сабақ мақсатына сай келетін етіп тандау да үлкен шеберлікті қажет етеді. Оқу тәжірибесінде барлық мақсатқа жетуде бір ғана әдіс-тәсіл жоқ. Сол үшін де мұғалім сабақта қолданатын әдіс-тәсілін жете меңгеріп, оларды қандай мақсатта, қандай тиімді жолмен, қалай жүзеге асыруға болады соны да ойлануы қажет. Себебі тәжірибе барысында кей жағдайда тиімді болып көрінген әдіс, келесі жағдайда пайдалы бола бермеуі мүмкін. Проблемалық оқытудың белсенді мүмкіншіліктері шексіз емес. Төмен сыныптар үшін бұл әдістің жеткілікті таным белсенділігін арттыруы әрдайым жемісті болмақ емес.

6-8 сыныптарда көркем-әдеби шығармаларды оқу көбіне сыныпта оздырылады. Сабақтың ең тиімді тұсы да осы. Себебі мұғалімнің көзінше талдап оқу баланың тақырыпты бір саты түсінуге көмегін тигізеді. Балаға шығармаларды оқытпай, әдебиеттен әрі қарай талдау жасату мүмкін емес. Осы тұста шығарманы жетер жеріне жеткізіп, асықпай оқытуда түсіндірмелі оқыту әдісінің пайдасы зор. Кері байланыс ретінде мұғалім оқушылармен шығарманы оқуда әр бөлігіне пікір (комментарий) айтып, себеп-салдарын анықтап отырса, оқушыға тақырып қызықтырақ және түсінікті болары хақ.

Қазіргі қазақ әдебиеті болсын, жалпы көркем шығарма болсын, онда міндетті түрде кейіпкерлер болады. Ал, сол көркем туындыда қанша кейіпкер болса, сонша мінез болады. Образдар жүйесі талданғанда ең бастысы, басты образдардың ерекшелігін, туып-өскен ортасын, олардың мінезі мен жағдайды, одан қалса, өмір қайшылықтары мен оның шығу себебін анықтаймыз. Демек, біз белгілі бір шығарманы оқу арқылы сол дәуірдің тынысын, мінез бен жағдайын тани аламыз. *«Әдебиет пәні оқушылардың бір қатар шығармашылық еңбекті үйренуіне жағдай туғызады. Көркем шығарма өзегіндегі күрделі танымдық, адамгершілік мәселелерге оқушылардың өзіндік ой қорытып, сын-пікірін білдіруіне қатысты танымдық-зерттеушілік жұмыстарына, жоба жұмыстарына, ауызша, жазбаша әртүрлі жұмыс даярлауына ықпал етеді. Сондықтан оқушылардың шығармашылық еңбегінің көбі әдебиет пәнін оқу барысында қалыптасуы заңдылық»* [59, б. 221].

Мектеп оқушыларының оқырмандық қызығушылықтарын дамытуда комикс жанрының қандай маңызға ие екендігі алдыңғы бөлімде дәлелденді. Ендігі кезекте алдымызда тұрған міндет оны оқушыларға түсінікті әрі тиімді жеткізудің жолдарын анықтау. Сонымен бірге, белгілі бір образдар арқылы мінез мен жағдайды саралау.

Тақырыптас шығармаларды қатар, салыстыра талдау.

Яғни шығармалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тауып, талдайды. «Бір мәселе, бір тақырып: бірнеше шешім, үйлесім мен қайшылық» сұрағы шеңберінде мәселе көтеру. Сол кезде, оқушы көркем туынды мазмұнын, өзектілігін, автордың негізгі идеясын, кейіпкер тағдырының қалай шешілетінін оқушы да түсінеді.

«Кімдікі дұрыс?»

Мұғалім сынып оқушыларына шығарма кейіпкерлерін бөліп береді және сонымен қоса, әрбір кейіпкерге бір-бір қорғаушы оқушыны тағайындайды. Ал мұғалім өзі соттың міндетін атқарады. Ортаға болған оқиғада «кімдікі дұрыс?» деген сұрақ тасталады. Барлық кейіпкерлердің қорғаушыларының міндеті өз кейіпкерін ақтап шығу. Оқушылар арасында дискуссия туындайды. Осы әдіспен сабақ жүргізу барысында олар шығарма мазмұнымен толықтай танысып, автордың айтпақ ойын түсінетін болады.

Әдеби шығармаларды комикстерге айналдырудың маңыздылығын атап өтейік. Мысалы сіз кез келген қазақ әдебиеті авторларының туындысын оқи отырып, өз санаңызда өзіңіз елестеткен бейнелерді жасайсыз. Бұл сіз өзіңіз ойластырған әңгіме іспеттес. Ал комикстерді оқу барысында сіз автордың ұсынған бейнелерін айқын көріп отырасыз. Сондықтан шығарманы да басқаша қабылдайсыз. Бірақ, әрине, түпнұсқаның мәнін өзгертетін комикстер бар, яғни авторлар кейде тіпті өз еркінен тыс әңгіме желісін түпнұсқаға қарсы қоятын жағдайлар да кездесіп жатады. Мысалы, белгілі комикс авторы Анджей Климовский әйгілі Булгаковтың «Мастер и Маргарита» шығармасының желісі бойынша комикс жасады. Шын мәнінде, бұл комиксті «Үйсіз Иванның түстері» деп атау керек еді, себебі шығарма соңында бүкіл сюжет кейіпкердің түсі болып шығады. Әрине, оны енді «Мастер и Маргарита» деп атауға тіпті келмес.

Осындай жағдайлар көптеп кездесіп жатады. Өйткені кейбір көлемді туындылардан қысқа әрі нақты комикстер жасап шығару мүмкін болмайды. Бұл автордың үлкен шеберлігін қажет етеді. Кері жағдайда жаңа туындыны түпнұсқадан мүлдем алыстатып алу және оқушының туындыға деген қызығушылығын жойып алу қаупі бар. Сонымен, мектеп оқушыларына әдеби шығарма бойынша комикс жасап шығарудың маңыздылығы неде? Жоғарыда атап өткеніміздей, біріншіден, оқушы шығарманы дәл автор суреттегендей етіп қабылдауға мүмкіндік алады. Екіншіден, бала әдеби шығарма желісі бойынша жасалынған комиксты оқып, оның сюжетіне қызығушылық танытып, шығарманың түпнұсқасын оқығысы келуі мүмкін. Комикс түпнұсқа сюжетінің толық нұсқасы болмағаны дұрыс, яғни тек үзінді ретінде берілетін болса, сонда оқушы түпнұсқаны оқуға қызығушылық танытатын болады.

Көптеген адамдар комикстерді төменгі жанр ретінде қабылдайды. Қарапайым суреттер, қарапайым мәтін, драматургия жоқ деп жатады. Әйгілі Анна Франктың өміріне арналған комикс туындысы бар. Шығармада оның нацистік лагерьде болған өмірі суреттеледі. Сонда балалардың осы қорқынышты тарихпен осындай, қол жетімді нұсқада танысқандығы дұрыс па, әлде керісінше, бұл тарихты жеңіл әрі түсінікті жеткізудің оңтайлы жолы ма деген сұрақ туындайды. Әрине, бұл әркімге әрқалай әсер етеді. Кейбіреулерге осындай нұсқада қабылдаған жеңілірек, кейбіреулерге керісінше. АҚШ-та еврей Арт Шпигельман, фашизм және концлагерь тақырыбына комикстер жасады. Алғашында бұл комикс оқырмандарды таң қалдырды, өйткені мұндай күрделі тақырыптарды төмен жанрда жеткізуге болмайды. Қазіргі таңда ол танымал және құрметті суретші. Комикс секілді төмен жанрлармен әдебиет жаңарып отырады. Егер комедия секілді төмен жанрлар әдебиетімізді толықтырып отырмайтын болса, әдебиет бәсеңдеп, жоғалып кету алдында тұрар еді. Бірақ қазір кім комедияны немесе фэнтезиді төмен жанр деп санайды? Десе де, өз уақытында бұл жанрларды да төмен жанр ретінде қабылдаған. Комикс те дәл осы жанрлар сияқты әдебиетімізді жаңартуға, уақыт пен заман талабына сай икемдеуге мүмкіндік береді. Осы тұста комикстер керісінше әдебиетімізді тым жеңілдетіп жібермей ме деген сұрақ та туындайды. Әрине жоқ! Комикс бұрындарда да әңгіме жанрының бір түрі ретінде болған. Тек олардың таралуы қазіргідей қарқынды болмады.

Комикстың жақсысы мағыналық сілтемелерді көп ұсынатыны. Мысалы, әйгілі «Астерикс пен Обеликс» шығармасының желісі бойынша жасалынған комикс шынайы кейіпкерлердің түпнұсқада айтатын дәйексөздерінен құралған. Яғни шынайы оқиғаға сілтеме жасалынып отырған. Комикс, біріншіден, постмодернизм мәдениетінің үлгісі... Екіншіден, бұл біз үшін кіру нүктесі. Ол бәрін кодтайды, бірақ біз оны тез шеше аламыз және бізге қосымша ақпаратты қайдан іздеу керектінің жолы көрсетіліп, сілтемелері беріледі. Бұрын комикстерді тек субкультуралардың өкілдері ғана оқиды деп есептелді. Бірнеше жыл бұрын «Үлкен жарылыс теориясы» сериалы шыққаннан кейін комикстерді тек ботаник-ғалымдар оқиды деп санады. Әр түрлі аудитория бар. Бірақ комикстер арнайы бір топ өкілдеріне ғана арналмаған. Олардың түрі өте көп,

және әр түрлі көзқарастағы аудиторияларды толығымен қамти алады. Комикстерден әркім өзіне қажетін ала алады. Қазір көбісі манганы оқиды. Егер бұрын оларды тек бай балалар мен интеллектуалдар ғана оқи алатын болса, қазір көп адам мангамен шұғылданады. Себебі ертерек кездерде мангаға кез-келген адамның қолы жете бермейтін. Соған қарай қазір авторлар саны да көбейді. Олардың кейбіреулері тек еш мәтінсіз манганың суреттерін ғана салып, сериалдарды сурет түрінде қағаз бетіне түсіріп, көшірме жасап жатады. Ал басқа бір авторлар тобы нақ манга стилистикасын пайдалана отырып, өткір әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Комикстердің болашағы өте зор және біздің болашағымызға тигізер әсері де орасан. Ең бірінші комикстер өз қалаулары бар ойшыл оқырмандар және түрлі бағыттармен айналысатын баспагерлері бар қалыпты индустрияны құруда, екіншіден жанрларды күрделі саралауда, жаңа жанрлардың, кейіпкерлердің пайда болуын, ұлттық белгілерді енгізуді қамтитын болады. Өйткені ерте ме, кеш пе оқырман қаһармандардан өзін, достарын көргісі келетін, күнделікті өмірде өзін қоршаған орта туралы оқығысы келетін болады. Осылайша, өнердің кез - келген түрінде ұлттық бояу пайда болады. Жоғарыда комикстердің ерекшелігі олардың қысқалығында, нақтылығында, жеңіл жеткізілуінде екендігі туралы көп сөз қозғадық. Бірақ комикстерге тек шағын әдеби туындыларды ғана емес, көлемді романдарды да айналдыруға болады екен.

Графикалық романның «әкесі» атанған әйгілі иллюстратор Уилл Айснер 1930 жылдардан бастап Нью-Йорк қаласында комикстерді шығара бастаған. Оның «Құдаймен келісім-шарт» атты ең алғашқы туындысы 1938 жылы жарыққа шықты. Айснердің дәл осы туындысы комикс жанрындағы ең алғашқы графикалық - роман болды. Ол өмірінің соңына дейін осы кітаппен жұмысын тоқтатпаған. Оның басқа да «Құрылыс», «Вьетнамдағы соңғы күн» және «Фейгин - Еврей» сынды графикалық романдары болды. Сондай-ақ ол «Комиксы и последовательное искусство» және «Графическое повествование» атты екі үлкен ғылыми кітаптардың авторы. Өмірінің соңғы күндерінде ол өзінің «Plot: The Secret Story of The Protocols of the Elders of Zion» («Заговор: Тайная история «Протоколов сионских мудрецов») атты графикалық романын аяқтады. Демек, графикалық романның негізін салып берген Уилл Айснердің арқасында әдебиетімізді заман талабына сай жаңартып алуымызға болады екен. Себебі біздің әдебиетімізде шағын әңгімелерге қарағанда көлемді романдар үлесі көбірек.

Комикс жақын болашақта кітапты алмастырмайды, бірақ нұсқа ретінде жаңа буынды әдебиетке араластыруға көмектеседі. Біздің күннен-күнге кітапқа деген қызығушылығымыз төмендеуде. Мүмкін бұл біздің бір әлемнен басқасына жылдам өтуіміздің салдарынан болар. Батыста және Азияда кітап осы уақытқа дейін өмір сүріп келеді және ары қарай да сүретін болады. Біздің өтпелі кезең бір кездері аяқталады. Жаңа ұрпақ шала-шарпы интернеттен алынған емес, сапалы, іргелі білім алғысы келетін болады. Сонда тек көңіл көтеретін және пайдалы ақпарат беретін комикс осы мәселеде алғашқы қадамдардың бірі болуы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірім образының эволюциясы және оны оқытудың әдіс-тәсілдері» атты зерттеу жұмысының ғылыми міндеттері орындалып, бірнеше теориялық және қолданбалы ұғымдар жинақталды. XX ғ. 90-шы жылдары елімізде тәрбие мәселесі білім беру жүйесін жаңғырту, оқытудың инновациялық технологияларын енгізу және тағы басқа проблемаларына орын бере отырып, екінші жоспарға көшті. Соңғы онжылдықтар бойы орындалған балалар мен оқушы жастарға образ эволюциясын оқыту саласындағы авторлардың зерттеулеріне талдау айтарлықтай қызығушылық тудырады.

Балалар әдебиеті – жасөспірімдердің ішкі жан дүниесін, сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамытатын, оларды адамгершілік пен қарапаймдылыққа баулитын өмір оқулығы. Оның негізі – мектеп жасына дейінгі балалардан, жасөспірімдердің әдеби, көркем тілде жазылған қызықты туындылар ұсынатындығымен ерекше.

Өзінің қалыптасу, даму жолында бірнеше ғасырды қамтитын қазақ балалар әдебиетінің өзіндік тағылымы, кезең мен қоғамда болып жатқан өзгерістер, сол дәуірдегі қағидалардың көркем шығармаларға тигізген ықпалы қазіргі таңда көп көркем туындыларға басқа қырынан қарауды талап етеді. Тарихи маңызды кезеңдердегі түрлі әдеби үдеріске қатысты шығарманы қалай дұрыс оқыту қажеттігі жайында сөз ету – уақыт талабы. Себебі, балалар әдебиеті – қазақтың руханияты мен әдебиетінің бір бөлігін құрайтын ұлттың терең ойлы, тамырлы әдебиеті.

Сол себептен де, балалар әдебиетін оқытудың басты назарға алу мәселесі алдыңғы жоспарлардың бірі болу керек. Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе төмендегідей жұмыстар жасалынды:

- Қазақ балалар әдебиетінің тарихына шолу жасалып, ғалымдардың жүргізген зерттеу жұмыстарына талдау жасалынды;

- Қазақ балалар әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясы кезеңдік шығармалар арқылы талданып, салыстырмалы анализ жасалынды. Балалар туралы шығармалардың қазіргі таңда жасөспірімдерге кейіпкерлер арқылы қалай әсер ететіндігі анықталды;

- Балалар әдебиетін оқытудың әдіс-тәсілдері жан-жақты зерттеліп, жаңартылған білім бағдарламасына сай жаңа инновациялық оқыту әдістері ұсынылды.

- Мектеп бағдарламаларында қазақ балалар әдебиетінің қаншалықты деңгейде қамтылуы анықталды және ондағы кемшіліктерді шешу жолдары ұсынылды.

Жүргізілген тәжірибе мен зерттеу барысында төмендегідей қателіктерді де аңғардық және оның шешу жолын ұсындық:

1. Мектеп жасындағы балалар кітап оқуды өзінің күнделікті өмірінде басым іс-әрекет, тұлғалық өсу ретінде қарастырмайды.

- Бұл мәселенің шешімі, әдебиетті, қазақ шығармаларын оқу күнделікті өмірде басым аспект ретінде қарастыру үшін арнайы әдіс-тәсілдер. Оған ең бірінші әсер етуші фактор – мұғалім. Оқытушы мен оқушы арасындағы тығыз қарым-қатынасы үшін, баланың оқуға қызығушылығын ояту үшін арнайы бағдарламалар дайындау. Нәтижесінде, баланың кітап оқуға деген қызығушылығы оянып, жан-жақты тұлға болып дамиды.

2. Кітап оқу мен кейіпкерлерді тану, зерттеуге қарағанда заманауи бұқаралық ақпарат құралдарының, әлеуметтік желілердің балалардың қызығушылығында басымдылық танытқаны.

- Бұл жағдайды да қазіргі озық технологияның дамуы деп танып, тиімді шешуге болады. Ол үшін әлеуметтік желілер арқылы түрлі конкурстар мен онлайн саяхаттау секілді тәсілдерді пайдалануға болады.

3. Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы бәсең екендігі.

- Оның шешімі ретінде, жаңа заманауи тәсілдерді ойлап табу. Оған қазір мүмкіндік те көп. Озық технологияларды қолдану мақсатында бірнеше әдістерді ұсынуға болады.

Сондай-ақ, оқыту әдісін қызықтыру барысында мынадай тәсілдерді қарастырдық:

- Шығарманы комикс ретінде дайындау: бұл баланың визуалды қабілетін арттырып, кейіпкерді есте сақтауына мүмкіндік береді;

- Рөлге бөліп оқу: кез келген жастағы оқушыларға қызықты процесс. Шығарма кейіпкерлерін образға бөлу арқылы олар кейіпкер іс-әрекетіне сенеді, қызығушылығы арта түседі.

Зерттеу мәселесіне байланысты мынадай ұсыныстар берілді:

- Білім беру мазмұнының түбегейлі жаңарып, қоғам талабына сай білім беру, тәрбие кеңістігін құру және оның мазмұнын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы толықтыру әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Сондықтан қазақ әдебиетіндегі жасөспірімдер образын бүгінгі ұрпақтың санасында қалыптастыру, оларды дұрыс әрі тиімді оқытудың жолдарын қарастыру әлі де болса өзекті.

- Қазақ әдебиетінде балалар эволюциясы образын дұрыс дамуын қалыптастыру барысында оқушылар үшін, және мұғалімдерге арналған жаңа тиімді әдістер, әдістемелік әдебиеттер шығару.

Қазақ әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясын оқытудың әдіс-тәсілдері әлі де толық зерттеуді қажет ететін тақырып екені даусыз. Бұл тақырыптың кең ауқымды екенін ескерсек, жасөспірімдер образының эволюциясы келешекте арнайы зерттелу керек сала ретінде өз орнын табады деп сенеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, 2022;
2. Тойлыбаев Б. «Ұлттық тәрбиеде жеке тұлғаның қалыптасуы». Ұлт тағылымы, 2004;
3. Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі» - оқу құралы. Мектеп, 1965;
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, 20-том, -Алматы, Жазушы, 1985;
5. Жансүгіров І. Өтірік өлеңдер (Қосымша құрал). -Алматы, Ғылым, 2001;
6. Белинский В.Г., Чернышевский Н.Г., Добролюбов Н.А. О детской литературе//Жинақ/Құрастырушылар: Терновская В.В. и Якушин Н.И. – Дет.лит., 1983;
7. Детская литература//Краткая литературная энциклопедия, 1964;
8. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. -Алматы, Мектеп, 1974;
9. Горький М. Әдебиет туралы: Мақалалары мен естеліктері. -Алматы, Жазушы, 1984;
10. Жансүгіров І. Мен қалай жаздым//Қазақ әдебиеті, 1959;
11. Ерубаев С. Мәңгілік өмір. -Алматы, Жазушы, 1994;
12. Бұлқышев Б. Заман біздікі. Жатын, 1994;
13. Қазақ әдебиетінің тарихы. -Алматы, 2008;
14. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. -Қызылорда, 1932;
15. Бердібаев Р. «Қазақ романы», 1975;
16. Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. -Алматы, Рауан, 1997;
17. Әуезов М. «Жетім» әңгімесі;
18. Мұратбеков С. «Жусан иісі» повесі;
19. Ерофеева И.В. Символы казахской государственности, 2001;
20. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. -Алматы, Алаш, 2003;
21. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. -Алматы, Жазушы, 1985;
22. Мұртаза Ш. «Қызыл жебе» романы;
23. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы Тұрар бейнесі, adebportal.kz, 2017;
24. Мүсірепов Ғ. «Қазақ солдаты» романы;
25. Соқпақбаев Б. «Балалық шаққа саяхат» повесі;
26. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. -Астана, 1998;
27. Тәжібаев Т. Жалпы психология. -Алматы, Қазақ университеті, 1993;
28. Нағметов А. Сын және сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс. Және басқалар//Ақиқат, 1998;
29. Ахметов Ш., Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі/ Ахметов Ш. -Алматы, Мектеп, 1965;
30. Соқпақбаев Б. «Менің атым – Қожа» повесі;
31. Өскенбаев С. «Қазақ балалар прозасының даму тенденциялары», 1970;
32. Соқпақбаев Б. Тандамалы шығармалары. -Алматы, Жазушы, 1987;

33. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық таңдамалы шығармалар. -Алматы, Жазушы, 1991;
34. Ғабдуллин Н. Біздің Сапекен//Ғабдуллин Н. Уақыт сыны: Мақалалар, зерттеулер. -Алматы, 1981;
35. Табылдиев Ә/Қазақ этнопедагогикасы (Оқу құралы) -Алматы, Санат, 2001;
36. Нұрғали Н. «Дегелеңге» біткен шынар//Қазақ әдебиеті, 1995;
37. Ахметұлы Д. Робот және алты асық. -Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2019;
38. Давталиева А.Т., Жұмақаева Б.Д. «Қазақ балалар әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы идеялық даму ерекшеліктері», Сулейман Демирель атындағы университет, -Қаскелен, 2022;
39. Мантай А. «Томпақ» әңгімесі, 2018;
40. Оразалин Н. Әдебиет – ардың айнасы// «Қазақ әдебиеті», 2001;
41. Түменбай Қ. «Ақындар заңы» әңгімесі;
42. Рамазан Д. «Түсіме кірген ақ боз ат» әңгімесі;
43. Есенин С.А. «Ты меня не любишь, не жалеешь»;
44. Ораз Н. «Қайыршының жұлдызы» әңгімесі;
45. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. -Алматы, 1974;
46. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. -Астана, Фолиант, 2002;
47. Жусупова Б. Егеменді елдің есті ұрпағын тәрбиелеудегі үш тұғырлы тілдің маңызы, 2017;
48. Акимов А. Детская литература//Сборник статей. Детская литература;
49. Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі психология. -Алматы, Мектеп, 1986;
50. Ершу М. Ертегітерапия – өмірдің поэзиясы, болашақтың фантастикасы, 2021;
51. Байбол Ә. Балалар әдебиеті және Нұрдаулет Ақыш, 2020;
52. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 том. -Астана, Қазақпарат, 2006;
53. Оқытудағы дидактикалық ұстанымдар. Оқулық;
54. Беспалько В.П. Слагаемое педагогической технологии. Педагогика, 1989;
55. Бабанский Ю.К Оптимизация процесса обучения. Педагогика, 1977;
56. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. -Алматы, Ел шежіре, 2013;
57. Әсемқұлов Т. «Бекторының қазынасы» әңгімесі;
58. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары. Жазушы, 1990;
59. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық. -Алматы, Қыздар университеті, 2015.

«Қазақ балалар әдебиеті» курсы

Тақырыптық силлабус

№	Тақырыптар
1	Балалар әдебиеті туралы жалпы түсінік.
2	Батырлар жыры. «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын».
3	Жетімдер тақырыбындағы шығармалар. М.Әуезов «Жетім», С.Мұратбеков «Жусан иісі», «Жабайы алма».
4	Соғыс тақырыбындағы шығармалар. Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты», Ш.Мұртаза «Қызыл жебе», М.Мағауин «Бір атаның балалары».
5	Ауыр тағдыр. А.Мантай «Бөтен», «Томпақ», «Жүрекке оралу».
6	Мектеп тақырыбындағы шығармалар. Б.Соқпақбаев «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», М.Айымбетов «Бар болғаны он төрт жас».
7	Ана мен бала. Қ.Қазиев «Менің шешем», Ә.Дүйсенбиев «Ана жүрегі».
8	Достық туралы шығармалар. С.Сарқасқасев «Достар», «Бір отрядта».
9	Бауырлар туралы шығармалар. М.Қабанбаев «Бауыр».
10	Балаларға арналған шығармалар. Т.Әбдірайым «Бір үзім нан», М.Гумеровтің балаларға арналған ертегілері мен әңгімелері, Ә.Дүйсенбиев «Қайырлы таң, балалар».
11	Ауыл, дала кейіпкерлері. С.Бегалин шығармалары.
12	Спорт тақырыбындағы шығармалар. Ш.Күмісбайұлы «Солақай»,
13	Ғылыми-фантастикалық жанрдағы шығармалар. А.Машанов «Жер астына саяхат», М.Сәрсекеев «Ғажайып сәуле», «Жетінші толын», «От және атом».
14	Қала балалары (робот, жаңа технологиялар). А.Дәнеш «Айлы түнгі айқас», «Робот және алты асық».

«Қазақ балалар әдебиеті» курсы

Кезеңдік силлабус


№	Тақырыптар
1	Балалар әдебиеті туралы түсінік және оның зерттелуі.
2	Ауыз әдебиеті және балалар әдебиеті.
3	1. XIX ғасырдағы қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуы және дамуы; 2. Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы; 3. Көркем мәтінді мәнереп оқудың бала қабылдауына ықпалы.
4	Қазақ балалар әдебиетіндегі Абай шығармаларының тәрбиелік мәні.
5	XX ғасыр басындағы балалар әдебиеті. Халық ұстазы – А.Байтұрсынұлы С.Көбеевтің шығармашылығы.
6	С.Торайғыров, С.Дөнентаев, І.Жансүгіровтің балалар әдебиетіндегі рөлі.
7	М.Жұмабаев пен Ж.Аймауытовтың балалар әдебиетіндегі рөлі.
8	Кеңес өкіметі кезеңіндегі балалар әдебиеті.
9	Қазақ әдебиетінің классиктері М.Әуезов пен С.Мұқановтың балалар әдебиетіне қосқан үлесі.
10	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балалар әдебиеті және соғыстан кейінгі жылдардағы балалар әдебиетінің дамуы. Ө.Тұрманжанов, С.Бегалин, Қ.Әбдіқадыров.
11	Қазақ әдебиетінің 60 жылдарындағы балалар әдебиетінің өкілдері.
12	Б.Сокпақбаев – балалар әдебиетінің классигі.
13	М.Қабанбаев, Қ.Баянбаевтың балаларға арналған шығармалары.
14	Қазіргі балалар әдебиетінің даму өрісі 1. Ш.Күмісбайұлы, А.Естен, Ә.Табылды, С.Қалиұлы, Т.Әбдірайым, К.Оразбекұлы, Б.Мәжитов; 2. Жас қаламгерлер: Е.Жеңісұлы «Бір жарық», «Мынау ғазиз дүние», «Араша», Қ.Мұхаметқали (шығармалар жинағы 1, 2 том), Б.Сарыбай «Бейкүнә күнәһарлар», «Мейірім», «Жанғалидің жазығы», «Байлар да жылайды», «Біздің заманның Шығайбайлары», «Қараторғай», «Рауғаш ерте гүлдейді», А.Мантай «Жүрекке оралу», «Бөтен», «Қарғыс», Ә.Жүсіп «Қоңыр қонжық», «Туған топырақ», С.Хасан «Көбелек», «Кәусар», Н.Құмар «Айнакөлдей көл бар ма, бұл әлемде».

Педагогикалық тәжірибе кезінде атқарылған жұмыстар

Жоғары оқу орнындағы балалар әдебиетін оқыту

Проблемалық оқыту	Тәжірибеге қарай топтастыру
	Салыстырмалы-салыстырмалы оқыту
	Жеке образды талдаулар
Проблемалық оқыту:	
- студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін арттырады; - оқу әдістеріне деген қызығушылықтарын арттырады; - оларды өздігінен сәйкес жұмыс жасауларына баулиды; - берік білімге, оқытудың жоғары нәтижелеріне жеткізеді.	

Қазақ әдебиетіндегі жасөспірімдер образының эволюциясы



Ғылыми-зерттеу тәжірибесі кезінде атқарылған жұмыстар

Айы және күні	Атқарылған жұмыстың қысқаша мазмұны
31 наурыз	Ғылыми жетекшіммен бірлесе отырып жоспар құрдық. Аудиториямен таныстым. Білімгерлердің пәнге қызығушылығына, сабаққа деген ынтасына бақылау жасалды.
4 сәуір	«60-80 жылдардағы балалар әдебиеті» тақырыбында дәріс тыңдап, шығармаларға сараптама жүргізілді.
7 сәуір	Келісім-хат алдым. Қарауылбек Қазиевтің «Менің шешем» әңгімесіне топқа бөліп, тақырыптық-идеялық және шығарма тілі мен образдық талдау жұмысы жүргізілді.
11 сәуір	Дәріс, Бердібек Соқпақбаев «Менің атым-Қожа» повесіне сараптама жүргізілді.
14 сәуір	Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым-Қожа» әңгімесіне толық талдау жасалды. Аудиториямен сұхбат жүргізу арқылы, қандай бағытта жұмыс жасау керектігі айқындалды.
18 сәуір	«Марат Қабанбай және Қастек Баянбай» дәріс тыңдап, практикалық тапсырма дайындадым. Диссертациялық жұмысыма қажетті жаңа материалдармен таныстым. Екінші бөлімге жаңа шығармалар, әдіс-тәсілдер жинадым.
21 сәуір	Сауалнама. Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесіне образдық талдау жұмысын жүргіздік, практикалық сабақ дебат түрінде өтті, білімгерлер сабаққа белсенді қатысты.
25 сәуір	«Қазіргі балалар әдебиетінің даму өрісі» тақырыбында дәріс жүргізілді. Дәріс барысында бұрынғы және қазіргі балалар әдебиетінің айырмашылықтары, балалар әдебиетінің эволюциясы жайлы сөз қозғалды, аталмыш мәселеге байланысты білімгерлердің пікірімен таныстым.

